Сондықтан XV ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси бірлестіктері – XV ғасырдың алғашқы жартысындағы көптеген ұсақ ұлыстар мен Ақ Орда, Әбілхайыр хандығы, Ноғай Ордасы, Қазақ хандығының Орта және Кіші жүзі іс жүзінде біртектес этникалық құрамнан тұрған. Олардың этникалық негізін әртүрлі пропорциядағы бір-бірінен мәдени-тұрмыстық, тілдік, шаруашылықтық тұрғыдан ешбір айырмашылықтары жоқ, бірдей түркі және түркіленген тайпалар құраған [11, 232 б.].

Ортағасырлық деректерде де осы аталған мемлекеттер мен құрылымдарда Жошы ұрпақтарының билік құрған бұтақтарына бағынған бір ру-тайпадан шыққан әмірлер мен бектердің есімдері жиі аталады. Әсіресе, деректерде де қыпшақ, найман, қоңырат, қарлұқ, үйсін, керей, маңғыт сияқты ірі тайпалардың атаулары жиі кездеседі [12, 96-98 бб.].

XIV ғасырдың 50-60-шы жылдарынан бастап Ақ Орда аумағын, яғни Шығыс Дешті Қыпшақты мекендеген тайпалар көбінесе «өзбектер» деген атаумен белгілі бола бастайды. Тарихи зерттеулерде XIV-XV ғасырлардағы «өзбек» атауы этноним ретінде емес, негізінен Шығыс Дешті Қыпшақтың жергілікті түркі және түркіленген моңғол тайпаларының жалпы, саяси жиынтық атауы ретінде қолданылғаны мойындалған. Сондықтан XIV-XV ғасырдың алғашқы жартысындағы Дешті Қыпшақ халқының негізін қалаған ру-тайпалар «92 баулы өзбек тайпалары» ретінде белгілі. Бұл 92 санын құраған ру-тайпалардың нақты тізімі бірнеше ортағасырлық деректерде сақталып қалған. Міне, осы дерек мәліметтерін жан-жақты талдап, ғылыми айналымға енгізген зерттеуші Т.И. Сұлтанов 92 өзбек тайпаларының нақты тізімін беріп, оларды бірнеше белгілеріне сәйкес талдайды [13, 26-51 бб.]. Бұл ру-тайпалардың 20-сы, яғни жалайыр, қоңырат, алшын, арғын, найман, қыпшақ, қаңлы, маңғыт, табын, тама, рамадан, үйсін, телеу, кердері, шеркес, керей, оймауыт, қырқ, керейіт қазақ халқының ру-тайпалық құрамында кездеседі [13, 38 б.].

Т.И. Сұлтанов «92 өзбек» тайпаларының тізімін келтіретін төрт деректі салыстыра талдаған. Олардың біріншісін «Маджму ат-таварихты» Ферғанада XVI ғасырда Мулла Сайф ад-Дин б. Дамулла Шах Аббас Ахсикенти бастап жазып, екінші бөлімін оның ұлы – Нұр (Наурыз) Мұхаммед аяқтаған. Бұл 92 баулы өзбек тайпаларының тізімі туралы мәлімет беретін ең көне нұсқа. Себебі, Ахсикентидің өз сөзі бойынша бұл еңбектегі тізім бұдан бұрын жазылған еңбекке сүйенген [13, 51 б.]. Екінші еңбек XIX ғасырдың екінші жартысында Қоқан хандығында жазылған «Тухфат ат-тауарих-и хани» шығармасы. Авторы Авваз Мұхаммед б. Мулла Рузи-Мұхаммед Суфи Аттар. Үшіншісі, XIX ғасырдың екінші жартысында белгісіз автор жазып қалдырған, Өзбекстан Республикасының ҒА Шығыс қолжазбалары жинағында сақталған тізім. Төртіншісі, А.Хорошкин жариялаған нұсқа [13, 45-46 бб.]. Автор «92 баулы өзбек» тайпаларының тізімін сақтаған тағы бірнеше нұсқалар бар екендігін атап өтеді [13, 47 б.]. Зерттеуші 92 ру-тайпаның аталған тізімдерде негізінен белгілі бір принцип бойынша орналасқандығын тұжырымдаған. Біріншіден, тізімде бір саяси бірлестікке кірген, әрі өзара генетикалық жағынан туыс тайпалар бірге берілген. Екінші принцип, тізімдегі ру-тайпаның орналасқан реттік нөмірі оның тізім жасалған аймақтың әскери-саяси өміріндегі орнын көрсетеді. Егер тізімде ру-тайпа атауы неғұрлым жоғары тұрса, оның беделі мен орны да соғұрлым жоғары болған [13, 51 б.].

XIV-XV ғасырдағы Ақ Орда мемлекетінің саяси тарихы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы Алтын Ордаға тәуелсіз хандардың өз билігін нығайту жолындағы күресімен, кейініректе – Ақ Орда хандарының ыдырап бара жатқан Алтын Ордадағы қырқысқа араласуымен, содан соң Орта Азия билеушісі Әмір Темірдің агрессиясына тойтарыс берумен сипатталады [14, 103 б.]. Ортағасырлық парсы тарихшысы Муин-ад-дин Натанзи Ақ Орда ханы Сасы Бұқаның 30 жыл билік құрған кезеңінде Алтын Орда хандарына бағыну жолы мен құрылтайға қатысудан бірде-бір рет бас тартпағанын жазады [2, 129 б.]. Сасы Бұқаның ұлы Ерзен де беделі Өзбек ханмен бірдей дәрежеге жеткеніне қарамастан, бағынушылық жолынан бас тартпаған [2, 129 б.]. Ал, оның ұлы Мүбәрәк қожа Сайын хан (Батый) ұрпақтарына бағынудан бас тартқанымен, оның бүлігі халық ішінен қолдау таба алмаған [2, 129 б.]. Ал, Жәнібек, Бердібек, Келдібек хандардың бүлігі тұсында билік құрған Шымтай Алтын Орда тағын иеленуден бас тартқан [2, 129 б.]. Ал бұл кезеңде шығыс Дешті Қыпшақ аумағында да жергілікті тайпа басшылары - әмірлердің биліктері нығая түседі.

Мәселен, белгілі зерттеуші В.П. Юдин Өтеміс қажының «Шыңғыснаме» еңбегіндегі мәліметтерді талдай келе, Өзбек хан тұсындағы белгілі әмір қыйат Исатайдың ұлы Жыр Құтлы Шығыс Дешті Қыпшақта біраз уақыт билік құрғанын анықтайды. Автор Өтеміс қажының бұл турасындағы мәліметтерін келесі бір дерек Қадырғали Жалайыридың мәліметтерімен нақтылай түседі. Бұл дерек бойынша Жыр Құтлының біраз уақыт билікті иеленіп, кейін Орыс ханның қолынан қаза тапқаны туралы айтылады. Сондықтан В.П. Юдин XIV ғасырда бір уақыт Шығыс Дешті Қыпшақтағы билік тайпа билерінің қолында болған деген тұжырым жасайды [15, 61 б.]. Біз кейінгі оқиғалардың бұдан әрі дамуын бақылай отырып, зерттеуші пікірінің нақтылығына көз жеткізе түсеміз.

Мәселен, Тоқтамыс хан өзіне қолдау көрсеткен Шығыс Дешті Қыпшақ ру-тайпалары шырын, барын, арғын, қыпшақтарға арқа сүйеп, Шымтай ханнан кейін Ақ Ордадағы билікті иеленген Орыс ханға қарсы шығады. Мұның бір себебі Орыс хан билікті қолына алысымен өзіне бағынудан бас тартқан билеушілер мен әмірлерді жазаға ұшыратқаны белгілі. Солардың ішінде Маңғышлақ өлкесінің билеушісі Тайходжа оғлан да бар еді. Ал, оның ұлы Тоқтамыс әкесінің өлімінен кейін жеке басына төнген қауіптен қашып, Әмір Темірден пана табады. Әмір Темір Тоқтамысқа түрлі сый-құрмет көрсетіп, оны «ұлым» деп атап, Сауранның ханы деп жариялайды [2, 131 б.]. Әмір Темірдің қолдауына сүйенген Тоқтамыс Орыс ханға қарсы күресінде Өтеміс қажының сөзімен айтсақ «Тоқтамыс-оғланның ата-бабасынан бері келе жатқан ежелгі елі – шырын, барын, арғын, қыпшақтарға» сүйенген [16, 115 б.]. Бұдан әрі дерек авторы аталған ру-тайпа басшылары Тоқтамысқа кісі салып, өздерін Орыс ханның қысымшылығынан құтқаруды сұрағандарын атап көрсетеді [16, 115 б.]. Бұл мәліметтер бізге осы кезеңде Шығыс Дешті Қыпшақтағы саяси билікке ықпалдарын жүргізіп отырған ру-тайпа өкілдерінің ұстанған саясатын анықтауға көмектеседі. Бұл ру-тайпа басшылары саяси билікте өз іштерінде бір-біріне қарсы болды. Сондықтан олар белгілі бір Жошы ұрпақтарының билікке келуіне ықпал жасай отырып, өзара күресті. Сондықтан осы кезеңдегі билеушілердің күші мен беделі оларды қолдаған ру-тайпалардың күші мен беделіне тікелей тәуелді болды. Мәселен, Тоқтамысты қолдаған тайпалардың жайлауға дер кезінде көшпей артта қалып, келіскен сәт келгенде, ханнан бөліне көшкенде, оларды жазалау үшін Орыс хан өзіне қарасты тайпа басшыларына кісі жіберіп, жиналуды сұрайды. Бірақ олардың көпшілігі көші-қон аумақтарының алыстығын, ал жайлауда хан ордасына жақын орналасқандары осы кездегі аттардың семіздігінен жорыққа жарамсыздығын сылтауратып, бас тартады [16, 116 б.]. Бұл мысалдар бізге осы кезеңдегі Шығыс дешті Қыпшақ тайпаларының саяси өмірдегі беделдерінің зор болғандығын көрсетеді. Олар өздерінің артықшылықтарына сүйене отырып, Жошы ұрпақтарының саясатын өз қолдарына ала бастаған. Орыс хан мен оның ұлы Тоқтахия кезінде Тоқтамыс Дешті Қыпшақтағы билікті иелене алмады. Тоқтахия екі ай билік құрып, мезгілсіз қайтыс болғаннан кейін, билікті Орыс ханның екінші ұлы Темір-Мәлік иеленеді. Осы кезде әмір Темірдің қолдауына сүйенген Тоқтамыс Шығыс Дешті Қыпшақтағы билікке қол жеткізеді [2, 150-151 бб.]. Бұдан әрі ол бүкіл Алтын Орда аумағын жаулап алғаны белгілі. Ал, Тоқтамыс пен әмір Темірдің арасындағы ұзаққа созылған күрестен кейін, Тоқтамыс жеңіліс тапты. Ал, бұл кезеңде Орыс хан ұрпақтары өздерін қолдаған ру-тайпа басшыларының қолдауларына сүйене отырып, тек шығыс Дешті Қыпшақ қана емес бүкіл Алтын Ордадағы билікті басып алу үшін өзара күресті. Осы кезеңдегі беделді тайпа басшылары іс жүзінде саяси билікті қолдарына алып, өз биліктерін орната бастады. Мұның жарқын мысалы Ақ Ордадағы беделді әмірлердің бірі – маңғыт Едігенің тарихы. Ал, осындай саяси билік әлсіреп, таза саяси бытыраңқылық бел алған тұста Дешті Қыпшақ тайпалары өз қолайларына сәйкес бір Шығыс ұрпақтарын қолдау арқылы, даладағы өз ықпалдары мен биліктерін сақтап қалуға ұмтылды. Бұған дерек мәліметтеріне қарағанда 200 дей ру-тайпа өкілдері қолдап, 17 жасында билікке келген Әбілхайыр хан тарихы жарқын мысал бола алады.

1 Рашид ад-дин. *Сборник летописей / Пер. с персидского Ю.П. Верховского, примеч. И.П. Петрушевского.* – М.-Л., 1960. – Т.2.

2 *Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды извлечения из сочинений арабских (бұдан әрі - СМИЗО).* - Т.2. – М.-Л., 1941.

3 Савельев П.С. *Монеты Джучидов, Джазатаидов, Джалаиридов.* Вып. 1. – СПб., 1857.

4 Рашид-ад-Дин. *Сборник летописей // СМИЗО.* Т. 2. – М.-Л., 1941. – М.-Л., 1941.

5 Фёдоров-Давыдов Г.А. *Общественный строй Золотой Орды.* – М.: Изд-во МГУ, 1973.

6 Өтеміс қажы. *Шыңғыс-наме // Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері.* – Алматы, 2005.

7 Әбілғазы. *Түрік шежіресі.* – Алматы: Ана тілі, 1992.

8 Бахр ал-Асрар фи Манакиб ал-Хайр // *МИКХ.* – Алма-Ата, 1969.

9 Грумм-Гржимайло Г.Е. *Западная Монголия и Урянхайский край.* Т. 2. – Л., 1926.

10 Семенов А.А. *К вопросу о происхождении и составе узбеков Шейбани хана.* // *Труды АН Таджикской ССР.* – Т.12. – 1953.

11 Пищулина К.А. *Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI веков (Вопросы политической и социально-экономической истории).* – Алма-Ата, 1977.

12 *Шайбани-наме // МИКХ.* – Алма-Ата, 1969.

13 Султанов Т.И. *Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв.* – М., 1982.

14 *Қазақстан тарихы: көне замандардан бүгінгі күнге дейін. 5-томдық.* - Т. 2. – Алматы, 1998.

15 Юдин В.П. *Переход власти к племенным биям и неизвестной династии Тукатимуридов в казахских степях в XIV в. // Утемиши-Хаджи. Чингиз наме. Переводы, исследования В.П. Юдина.* - Алматы, 1992.

16 *Утемиши-Хаджи. Чингиз наме. Переводы, исследования В.П. Юдина.* - Алматы, 1992.

### Резюме

В статье представлен анализ этнополитических процессов, имевших место в Восточном Дешт-и Кыпчаке в XIV-первой четверти XV вв. Основываясь на данных письменных источников и имеющихся исследований, автор раскрывает особенности усиления тюркского фактора в этнополитических процессах вышеуказанного периода. А именно, анализируются изменения родоплеменной структуры, связанные с улусной системой Золотой Орды. Соответственно, выясняется рост влияния в политической жизни предводителей местных родов и племен, их конкретное воздействие на этнополитические процессы. Определяется этнический состав улусов Шейбана, Орда Эджена, и устанавливаются авторитетные родоплеменные кланы, образовавшиеся в процессе распада Золотой Орды. В статье анализируется характер взаимодействий крупных родоплеменных объединений с правящим кланом потомков Чингисхана, так как, в период политических кризисов, опираясь на поддержку, предводители родов и племен чингизидов стремились захватить власть не только в Восточном Дешт-и Кыпчаке, но и во всей Золотой Орде.

**Ключевые слова:** этнополитические процессы, Дешт-и Кыпчак, улус, племена, чингизиды

### Summary

The paper considers the analysis of ethnopolitic processes which took place in the East Desht Kypchak in the first quarter of XV century. Taking the written sources as the basis the author has discovered the strengthening of Turkik factor in ethnopolitic processes of the above mentioned period, namely, the change of tribal structures connected with the golden orda ulus system, the strengthening of the influence of the clan and tribe leaders and their impact on ethnopolitic processes. In the paper Ethnic composition of Sheiban, Orda Edjen uluses have been defined, the highly authoritative tribal clans have been determined which were formed as a result of disintegration of Golden Orda. The paper also considers the character of interaction between the big tribal associations under the supervision of the Chingizkhan descendants as in the period of political crises the descendants of Chingizkhan supported by the clan and tribal leaders strove to take power not only in East Desht Kypchak but all over Golden Orda.

**Keywords:** ethno-political processes, Dasht-i Kipchak, Ulus, tribes Chingizids

УДК: 94(574) «1921/56»:002.2

## ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ МӘСЕЛЕСІНДЕ ОРЫН АЛҒАН ӨЗГЕРІСТЕР

**К.М. Рүстем** – *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан тарихы кафедрасының 3 курс Ph.D докторанты*

Бұл мақалада автор Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Кеңестік цензураның соғыс жағдайына бейімделе отырып, баспада жарияланған және баспа бетінде жарық көруге тиіс басылымдарда мемлекеттегі саяси, экономикалық және әскери құпияны сақтау ісінде, бірінші орынға әскери мәселелерге қатысты барлық тақырыптарға дерлік шектеу қойылғаны жөнінде тоқталып өтеді. Сондай-ақ, Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін, жалғасын тапқан саяси қуғындаудың жаңа толқынының негізі соғыс жылдарында-ақ қаланған деген ғалымдар пікірімен келісе отырып, соғыс жағдайына бейімделіп «бағытын» біршама өзгерткен цензуралық қадағалау жүйесі, соғыс аяқталғаннан кейін өз «арнасына» қайта түседі деген қорытынды жасайды.

**Тірек сөздер:** Ұлы Отан соғысы жылдары, Кеңестік кезең, идеология, саяси, қуғын-сүргін, цензура

Цензураны мемлекет пен қоғам өмірінің бір бөлігі және құбылысы ретінде, бір жақты қарамауды ұсынған зерттеуші А.Капаева: «өкіметті заңсыз тартып алу саяси билікті қолдануға кері әсер етсе, екінші жағынан нормативті тұрғыдан мемлекеттің қоғамдық құрылысын басқаруда (мемлекеттік, әскери, экономикалық құпияларды сақтау ісінде) көрініс береді. Биліктің тоталитарлық түрінде, яғни қоғам өмірінің барлық саласын бақылауда, ол біршама ерекшеленеді: тиым салынбағанның бәріне рұқсат деген принципте көрініс табады» деп, тоталитарлық қоғамдағы цензураның ерекшелігін айқындап береді [1].

Тоталитарлы саяси режим – ол қоғам өмірінің барлық салаларына мемлекеттің толықтай бақылау жасауы. 1929 жылы «Таймс» газеті бұл терминді алғаш Кеңестер Одағында орнаған режимге байланысты қолданған. Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін батыстық саяси ғылымда фашистік Германиядағы, Кеңес Одағындағы және социализм орнаған елдердегі режимді «тоталитаризм» терминімен белгілеу дәстүрі қалыптасты [2].

Мемлекеттік идеологияның «еш кедергісіз» қоғамда орынығуын, оның күшеюін қадағалаған Кеңестік цензура өзінің қалыптасу уақытын 1922 ж. 6 маусымда – Главлит деп аталатын ұйымның құрылу тарихымен байланыстырып келген. Алайда кеңестік цензураның негізі 1918 ж. Кеңестік Республикада Революциялық әскери кеңес жаңынан құрылған әскери цензураның тек әскери қадағалау ісін ғана емес, сонымен қатар саяси қадағалау ісін да жүргізіп, кеңес азаматтарының іс-әрекеттерін қадағалап отыруымен қаланғаны белгілі [3]. Ал Главлит атты арнайы мекеменің құрылуы, оның іс-әрекетін «заңдастыру» болды деп есептейміз.

Мемлекеттік құпиялардың жарияланбауын қадағалап отырған Главлит (Әдебиет пен баспа ісі жөніндегі бас Басқарма - авт.) деп аталып кеткен мемлекеттік мекеме алғашында баспадан шығатын кітаптар мен әдеби шығармалардың жарық көруін бақыласа, келе-келе қоғамдық-саяси, ғылыми-техникалық, ауыл шаруашылығы, өндірістік, геологиялық, медициналық басылымдар, қыл аяғы оқулықтар мен педагогикалық кітаптарға, мақалаға дейін, тіптен енді шығармақшы болып қолға алынған жарнама, хабарлама, хат, бағдарлама, шақыру билеттері де цензура мекемесінің бақылауынан өтіп, жариялауға рұқсат берілмейінше баспа бетін көрмейтін еді. Баспалардың газет, журналдардың, телевизия мен радионың баспалық құқық берген мекемелердің, ғылыми институттардың өнімдері де қырағы күзетіледі [4]. Яғни Главлиттің негізгі қызметі барлық баспа өнімдерінде алдын-ала және кейінгі цензуралық қадағалауды жүргізу [5]. Ондағы негізгі мақсат «мемлекетке зиян келтіретін» құпия мәліметтердің жарияланып кетпеуін қадағалау болса, бұл мекеменің қызметі Ұлы Отан соғысы жылдарында да тоқтамай, керісінше цензура мекемесі Главлиттің қызметі жандана түскені жөнінде мұрағат құжаттарында сақталған Басқарманың арнайы шығарған циркулярларымен, бұйрықтарымен танысу барысында көз жеткізуге болады. Құжаттарды қарастыру барысында жоғарыда тоқталып өткеніміздей баспадан басып шығарылатын бүкіл «қағаз өнімдеріне» цензуралық қадағалау жүргізіліп, мекеменің рұқсатынсыз бірде-бір баспа өнімі жарыққа шықпағанына көз жеткізуге болады. Мысалы: 1944 жылдың 5 маусымында ҚазКСР ХКК жанындағы Главлиттің Басқарма бастығының орынбасары Змиевская қол қойған №58 бұйрығында: «Разрешить Наркомзему сдать в набор в Картпредприятию НКЗ внеплановый приказ «О уподготовке и проведении уборки урожая зерновых культур в колхозах КазССР в 1944 год» №15/3 от 31/У-44 г. Тираж 700 экз., объем 1п/л., на бумаге заказчика» [ҚР ОММ Қ. 1740, ] – деп, тіптен, қыл аяғы бұйрықтарды жариялау үшін де арнайы мекеменің рұқсаты керек болғанын көрсеткен. Яғни цензура мекемесінің баспадан шығатын өнімнің көлемі, таралымы, тіптен материалдарды басып шығаратын қағаздың да қай мекеменің есебінен шығатын жөнінде толық сияпатта беріп, қадағалап отырғанын байқауға болады.

«Кеңестік билік кезіндегі цензура – Азамат соғысы жылдарында дөрекі сипатта көрінсе, ЖЭС кезінде ол біршама әлсіреген. Ал 1937-1938 жж. цензураның күшейгені соншалық қандай да бір өзге ойдағыларға қарсы репрессия басталып, тоталитарлық сипат алып, ал Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейінгі алғашқы айлардың соңына дейін цензураның қызметі біршама әлсіреді. Алайда 1946-1948 жж. КОКП ОК-ң «Звезда» және «Ленинград» журналдары жөніндегі қаулысына сәйкес баспасөзді қадағалау қайта күшейген» [5. – С. 5] – деген Ресей ғалымдарының тұжырымдарымен келісеміз.

Мысалы, зерттеуші Т.Горяева соғыстың басталуымен цензура қызметкерлерінің 80% соғысқа кетуіне байланысты, барлық мемлекеттік мекемелер сияқты Главлиттің ішінде де соғыс жағдайына бейімделу жүруіне байланысты мекеме ішінде бірқатар «олқылықтар» орын алғанын. Және соның салдарынан осы кезеңде әскери және мемлекеттік құпиялардың жарияланып кетуі сияқты оқиғалардың орын алуыларына байланысты, цензорлар партия органдары тарапынан көптеген сын-ескертулерге ұшырап отырғанын, ал жас мамандарды даярлауда, оларды жұмысқа қабылдауда главкрайобллиттің басшыларының өз істеріне салғырт қарап отырғанын, сондай-ақ мамандардың жетіспеушілігіне байланысты қосымша қызметкерлерді жұмысқа алу сияқты істердің орын алып отырғаны жөнінде 1942 жылдың 26-шы мамырындағы №270 бұйрығынан мысал келтіре отырып тоқталып өткен [7].

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейінгі уақыт Қазақстан территориясында «бржуазияшыл ұлтшылдар» мен «тексіз космополиттер» деген ұранмен жүргізілген саяси қуғын-сүргіннің басталуымен ерекшеленгені жөнінде Қазақстандық ғалымдар өз зерттеулерінде қарастырып жүр. Алайда осы қуғындау іс-шараларының өзі, Ұлы Отан соғысы жылдарында-ақ басталған деген ой білдірген тарихшы-ғалымдардың пікіріне тоқтала өтсек.

Академик М.Қозыбаев соғыс жағдайындағы кеңестік идеология елдің адамгершілік құндылығына байланысты бірқатар шешімдер қабылдағаны жөнінде: «...Далеко до постановления «О журналах «Звезда» и «Ленинград», еще в условиях военного времени, было принято постановление «О состоянии и мерах улучшения массово-политической и идеологической работы в Татарской партийной организации». Она положило начало новому этапу эскалации преследования интеллигенции по национальному признаку. Наиболее крупным объектом для нападков стало «История Казахстана с древнейших времен до наших дней», изданная в 1943 г.» [7] – деп соғыс аяқталғаннан кейін орын алған жазалау шараларының бастама-сы Ұлы Отан соғысы жылдарында-ақ «негізі қаланғаны» жөнінде атап өткен.

Осындай тұжырымды ғалым Т.Омарбековте қолдап, былай дейді: «1943 жылы маусым айында «Қазақ ССР тарихы» жарық көрді. Оны дайындауға соғыс жағдайында Алматыға қоныс аударған А.М. Панкратова бастаған ресейлік ғалымдар және М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мұстафин, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, Е.Бекмаханов тәрізді қазақ зиялылары қатысты. Кітаптың Кеңесары қозғалысына байла-

нысты тарауын Е.Бекмаханов жазды. Бұл көтеріліс патша отарлау саясатына қарсы бағытталған ұлт-азаттық қимыл ретінде бағаланды. Бірақ, көп кешікпей Орталық партия Комитетінің «Татар партия ұйымында бұқаралық-саяси және идеологиялық жұмысты жақсартудың жағдайы және шаралары туралы (1944 ж., 9 тамыз) және «Башкирия партия ұйымындағы үгіт-насихат жұмысының жағдайы және оны жақсарту шаралары» (1945 ж., 27 қаңтар) қаулылары бржуазиялық ұлтшылдыққа айыптау науқанының жаңа кезеңін бастап берді» [8].

Ғалым Б.Каипова [9]: «Ұлы Отан соғысының басталуымен цензура қызметкерлерінің 80 % соғысқа тартылса, сонымен қатар осы кезде тыйым салынған әдебиеттер тізімі де өзгертіліп, толықтырылған болатын. Бұл кезеңдегі қадағалау жүйесінің ерекшелігі: тыйым салу критеріі нақтыланып, кез-келген күдік тудыратын мәселе тыйым салынған деп қарастырылды» дей келе, «1942 ж. Қазақстанның БКП (б) ОК арнайы қаулысына сәйкес басып шығарылуға дайындалған барлық шығармалар Қазақстан жазушылар одағы президиумының талқылауынан өтуге тиіс болды. Мұндай қаулының қабылдануы әдеби шығармалар төңірегіндегі цензуралық қысымның күшеюіне әкелсе, ал Главлиттің арнайы баспасынан 1943 «Социалистік мемлекеттің құпиясын қатаң сақтау», «соғыс уақытына байланысты цензура жұмысындағы кейбір сұрақтар» деген әдістемелердің жариялануы соғыс жағдайында цензура мәселесінің «бағдарының» өзгергенін, яғни мемлекеттік құпияны сақтау мәселесі бірінші орында тұрғанын айқындайды. Мысалы: Главлит бастығы Н.Садчиковтың КСРО ХКК төрағасы В.М. Молотовтың атына жіберілген 1940 ж. 9 мамырдағы 1939 және 1940 жылдың бірінші каварталы бойынша берген мәлімдемесінде: «...әскери және мемлекеттік құпияны сақтай отырып, сонымен қатар саяси қадағалауды жүзеге асыру барысында баспадан шықпауы және радио кешеннен берілмеуі тиіс хабарлардың алдын алғаны жөнінде сипатына қарай жекелеп тоқталып өткен» [3. - С. 290-298].

Мұрағат құжаттарындағы мәліметтер бойынша 1940 жылдың қаңтарында Главлит басшысы Н.Садчиков қол қойған № 96/с циркуляры [ҚР ОММ. Қ. 1740, Т. 3, І. 24, П. 2] бойынша КСРО аумағында орналасқан бірқатар әскери мекемелер жөнінде баспа ісінде жариялауға рұқсат берледі. Атап айтқанда: Ленинград аумағында орналасқан – Әскери-теңіз шаруашылық, әскери-теңіз политехникалық, әскери-теңіз медициналық, жоғары әскери-теңіз инженерлік құрылыс, Орджонидзе атындағы жоғары әскери-теңіз гидрографиялық училищелері; Мәскеу, Саратов, Харьков аудандарындағы Мединституттар жанандағы әскери факультеттер жөнінде; Мәскеудегі - әскери-құқықтық ЖШКӘ (РККА-авт.) академиясы; Одессалық әскери округ; Минскідегі - Белоруссиялық ерекше әскери округ; Одессадағы – Одессалық әскери округ; Херсон, Ульяновск аудандарында орналасқан – жазғы Оссавиахимия мекетептері туралы мәліметтерді жариялауға рұқсат береді. Ал 1940 жылдың 7-ші ақпан айында 219/с нөмірімен тіркелген келесі циркулярда [ҚР ОММ. Қ. 1740, Т. 3, І. 24, П. 6], жоғарыда атап өткен №96/с циркулярда белгіленген 14 атауға қоса, тағы да 5 әскери мекемелер жөніндегі мәліметтерді баспа бетінде жариялауға рұқсат берген.

Алайда көп уақыт өтпей, осы 1940 жылдың 22-ші ақпанында №336/с циркулярында [ҚР ОММ. Қ. 1740, Т. 3, І. 24, П. 11] арнайы қаулысы болмайынша баспа ісі мен радио хабарламаларда әскери мәселелерге қатасты мағұлматтарды жариялауға тыйым салынып, тек КОТА (ТАСС-авт.) пен Ленинград әскери округі Штабының жедел мәліметтерін ғана жариялауға рұқсат берілген.

Себебі, осы 1940 жылдың басында-ақ КСРО соғыс жағдайына дайындала отырып, қоғамының әр саласына, оның ішінде радио саласына да арнайы әскери цензорлардың бөлімдерін аша бастағаны жөнінде зерттеулерде беріледі.

Негізінен цензура жүйесінің де әскери жағдайға бейімдеу 1941 жылдың 2 маусымдағы «КСРО-да әскери цензураны күшейту мақсатында ... және цензураны әскери жағдайға бейімдеуге байланысты ХКК КСРО жанынан бас әскери цензор қызметі құрылып, оның Ереженің бекітілуімен айқындалады [6. - С. 284].

ХКК КСРО жанынан бас әскери цензордың Ережесіне сай цензура екі түрлі қызмет атқарған: мемлекеттік құпияны сақтау (әскери, экономикалық және саяси) және баспа ісінде, кино, радио, картография, пьессалар мен қойлымдардың тексттеріне, музейлер мен көрмелерге, сонымен қатар мемлекет ішіндегі және сыртқа шығатын барлық почталық және телеграфтық жазбаларға т.б. саяси-идеологиялық қадағалау жүргізу [6. – С. 285].

Мысалы, аймақтық облиттер Басқармасы (Главкрайоблит - авт.) мен Главлиттің газеттер мен баспалардағы, радиохабарлардағы уәкілетті өкілдері басшыларына, Главлиттің бөлім басшыларына жолданған 1941 жылдың 7-ші қаңтарындағы №25/с циркулярында [ҚР ОММ. Қ. 1740, Т. 3, І. 25, П. 128] төмендегідей мәліметтерді баспа бетінде жариялауға тиым салады: а) 1:100 000 және одан да үлкен масштабтағы қалалардың жоспарлары мен анықтамаларын; б) ірі экономикалық объектілердің фотосуреттерін; в) қандай масштабта болмасын завод, электростанция, мұнай құбырларының жолдарын, электр

беретін құрылғылар, су құбыр жолдарын, темір жолдың бағыттары көртілген карталар мен кестелерді ХКЖХ-ның (НКПС - авт.) ресми анықтамасы мен карталарда берілмегеннен өзгелеріне баспа бетінде жариялауға тыйым салынады. Сондай-ақ жаңадан салынып жатқан заводтардың құрлысы жөнінде, қара және түсті металлургия кәсіпорындары туралы, паровоз бен вагон құрлыстары жөнінде, мұнай, көмір шығару мен өңдеу, целлюлоза мен қағаз өңдеу, электростанция мен газ құбырының жолдары, цемент зауыттары мен машина құрылыс зауыттары жөніндегі мәліметтердің барлығы Главлиттің арнайы рұқсатынсыз баспа бетінде жариялауға болмайтын еді.

Мұның өзі елде орын алған соғыс жағдайына байланысты мемлекеттік маңызы бар өндіріс орындарының орналасқан аумағы құпия болуымен, экономикалық және мемлекеттік құпияны сақтау мекемесінің, яғни Главлиттің жұмысының күрделендіре түскенін көрсетеді.

Сондай-ақ осы кезде Главлит негізінен бұрын жарияланған карта өнімдерін қолданыстан алғаны жөнінде 1941 жылы 17-ші наурыздағы №817/с циркулярмен [ ҚР ОММ. Қ. 1740, Т. 3, І. 25, П. 130] танысу барысында байқауға болады: «Изъять из книготорговой сети и уничтожать, в соответствии с инструкцией о порядке изъятия произведений печати: «Основные объекты промышленного транспортного и сельскохозяйственного строительства, построенные и начатые строительством до начала третьей пятилетки в республиках: 1) РСФСР, 2) УССР, 3) БССР, 4) Азербайджанская ССР, 5) Армянская ССР, 6) Грузинская ССР, 7) Казахская ССР, 8) Киргизская ССР. Издание Ленинградского областного дома учителя. Ленинград. 1939 г.; Карты Европейской части СССР м. 1: 500 000 и Азиатской части СССР м. 1:10000000 Тяжелая индустрия СССР. Предприятия НКТП на 1-е апреля 1935 года и список предприятий к этим картам. Издание Всесоюзного картографического треста ГУКСК НКВД СССР. Москва, 1936 г.» - деп, мұнан әрі кітапханаларда кездесетін мұндай карта-кестелерді арнайы қорға өткізуді тапсырған. Жоғарыда берілген мәліметтермен танысу барысында, Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарында цензура мекемесінің де соғыс жағдайына бейімделгені байқалады. Оның көрінісі ретінде ендігі жерде баспа бетінде жарияланған және жариялануға тиіс мәліметтердің ішінде әскери құрлым мен оның іс-әрекеті жөніндегі мәселелер, сонымен қатар мемлекеттік маңызы бар объектілерден хабар беретін барлық масштабтағы карталардың қолданыстан алынуы мұнын айқын көрінісі болып табылады.

Ұлы Отан соғысының басталуымен цензура қызметін жүзеге асыруда ПХК-ның (НКВД-авт.) рөлі мен маңызы арта түседі. Соғыс жағдайына сай ерекше бөлім - РККА-ға сатқындық жасағандар мен тыңшылық жасағандармен күрес, қашқындарды жою, сондай-ақ қызыл әскерлердің «көңіл күйлерін» білдіретін хаттарды тексеріп отырған [6. - С. 286].

Соғыс жағдайындағы цензураның тағы бір ерекшелігі – ПХК-ының 2-ші бөлімі негізінде 4-ші басқарманың құрылуы болып табылады. Ал 1943 жылы 14-ші сәуірде жеті басқармадан тұратын КСРО МҚХК (НКГБ - авт.) құрылуы болып табылады. Себебі, осы МҚХК-ның 6-шы басқармасында «В» бөлімі (әскери цензура және перлюстрациялық корреспонденцияны) құрылған еді [6. – С. 287].

Ал мемлекеттік идеологияның қоғам арасында кең тарауына әсер ететін әдебиет пен баспасөз де басты назарда болғаны жөнінде зерттеушілер былай дейді: «1941 жылдың қаңтар айынан баспалардан шығатын кітаптардың саяси-идеологиялық бағыты тіпті қатаң бақылауға алынып, БК(б)П Орталық Комитетінің «Әдеби сын және библиография туралы» қаулысын орындау мақсатында мерзімді басылымдар редакцияларына арнайы тапсырмалар жүктелгенін. Сондай-ақ Қазақстаннан шығатын барлық кітап өнімдері (аздаған өзгерістермен қайта басылғаннан басқасы) алғашқы данасын қазақ тіліндегі «Социалистік Қазақстан», орыс тіліндегі «Казахстанская правда» газеттері редакцияларына, сонымен қатар кітаптар тақырыбына қарай республикалық салалық журнал редакцияларына жолдау міндеттелген» [10].

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан үлкен бір елдің аймағы ретінде жеңістің ұстасы деп қарастырылған болса, оның себебі Алматы маңына Мәскеу, Ленинград, Киевте орналасқан ғылым мен білім, кино мен театр мекемелерінің эвакуациялануы тікелей әсер етті деп айта аламыз.

Соғыс жылдарында баспасөздің міндеті жөнінде зерттеуші Д.Махат: «баспасөздің міндеті – партия ұйымдарының бар күшті Қызыл әскерді қолдауға, фашистерді жеңуге жұмылдыруға, Сталиннің баяндамалары мен сөйлеген сөздерін оқып білуге және кеңінен насихаттап таратуға көмектесу болып белгіленді» – дей келе, осы уақытта баспасөз бетінде жарияланған мақалалардың көлемі жөнінде былай дейді: «...Сондай-ақ соғыс жылдары партия өмірі мен саяси тақырыпқа жазылған мақалалар саны кемігені байқалады. 1944 жылдың 1 сәуірінен 1945 жылдың наурызы аралағында «Социалистік Қазақстан» газеті редакциясына келіп түскен 4180 хат пен мақаланың, 1547 немесе 37% жарияланған» дей келе, [11. – 29 б.] зерттеуші бұл мақалалардың негізі өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, партия өмірі мен насихатына, халық ағарту саласы мәселеріне баса назар аударғаны жөнінде тоқталып өткен.

Қорыта айтқанда, соғыс жылдарында цензура баспадан жарияланған және баспа бетінде жарық көруге

тиіс басылымдарда – мемлекеттегі саяси, экономикалық және әскери құпияны сақтау ісінің де соғыс жағдайына бейімдей отырып, бірінші орынға әскери мәселелерге қатысты барлық тақырыптарға дерлік шектеу қойып, негізінен хаттар мен телеграф, радио хабарламалардың қызметіне баса назар аударғанын байқаймыз. Ал, әдебиет пен тарих сынды қоғамдық сананы қалыптастыруға ықпал ететін гуманитарлық ғылымдар салаларында бірқатар алға жылжу болғанымен (Мысалы: 1943 ж. «Қазақ ССР тарихы», «Абай жолы», «Балуан Шолақ» т.б. еңбектердің жариялануы), Ұлы Отан соғысы аяқталғанан кейін, бұл «еркіндіктің» соңы саяси қуғындаудың жаңа толқынының басталуына алып келген еді. Яғни, Ұлы Отан соғысы жылдарында мемлекеттік құпияны сақтау бірінші орынға қойылып, «бағытын» біршама өзгертен цензуралық қадағалау ісі, соғыс аяқталғаннан кейін өз арнасына қайта түскен деген пікір білдіреміз.

1 Капаева А. *Культура и политика*. - А.: «Атамұра», 2004. – С. 205.

2 Қазыбеков Н.А. *Саяси жүйелер мен режимдер*. - Қарағанды, 2010. – 39-41 бб.

3 *История советской политической цензуры. Документы и комментарии*. - М.: «Российская политическая энциклопедия (РОСПЭН)», 1997. – С. 8.

4 Бейісқұлов Т. *ЦЕНЗУРА // Егемен Қазақстан*. 27 тамыз. 2003 ж. - 11 б.

5 *Русская журналистика в документах: История надзора*. Сост. О.Д. Минаева - М., 2003. - С. 5.

6 Горяева Т.М. *Политическая цензура в СССР 1917-1991*. - М.: РОСПЭН. 2009. – С. 289.

7 Козыбаев М.К. *Актуальные проблемы историографии Великой Отечественной войны*. // *Известия НАН РК Серия общественных наук*. 1995. - №2. – С. 46.

8 Омарбеков Т. *Бізгәрі жылыдар іздері. Қазақстанда интеллигенция өкілдеріне қарсы бағытталған қуғын-сүргіннің 1948-1953 жылдардағы үшінші толқыны туралы біз не білеміз?* // *Ақиқат*. 1998. - №4. - 35 б.

9 Каипова Б.М. *История цензуры в Казахстане (1920-1956 гг.) авт. реф. на соискание ученой степени канд. ист. наук*. - Астана, 2002. - С. 23.

10 Ахметова Б.С., Григорьев В.К. *Первые лица Казахстана в сталинскую эпоху*. - А., 2010. – С. 123.

11 Махат Д.А. *Қазақстанда әміршіл-әкімшіл социализм жүйесін қалыптастырудың сталиндік концепциясының мерзімді басылымдарда насихатталуы (1925-1956 жж.)* - А., 2007. - 29 б.

### Резюме

В этой статье освещается деятельность Казглавлита в годы Великой Отечественной Войны в условиях советского режима. Она получила особую целенаправленность в годы Великой Отечественной Войны: боролась за сохранение военных тайн и связанных с кругом проблем, которые были необходимы для фронта. Конкретно имелось в виду деятельность всей периодической печати, которые освещали деятельности страны на полях войны и в тылу. А так же, деятельность всей военной промышленности и связанных с нею производств. Кроме того военная цензура следила за почтовой перепиской бойцов и мирных граждан. Но самое главное она контролировала освещение политического и экономического процесса в стране.

Далее в статье описывается работа военной цензуры после окончания войны. Теперь она связана с тем, что в стране продолжались репрессивные процессы против «врагов» народа. Автор статьи соглашается с мнением ряда ученых о том, что это направление цензуры получила новые импульсы в годы Великой Отечественной Войны и позже еще больше усилила цензурный контроль. В заключении автор считает что, таким образом военная система постоянно совершенствовала свои методы работы.

**Ключевые слова:** Великая Отечественная война, цензура, Советский период, идеология, политические события, репрессия

### Summary

This article highlights the work Kazglavlita during World War II under the Soviet regime. It received a special focus during the Great Patriotic War: fought for the preservation of military secrets and related set of problems that were needed for the front. Specifically, was meant, activities of all periodicals which covered activities of the country on the battlefields and in the rear. As well as, activities of the entire military industry and related industries. Besides, military censorship monitored the postal correspondence between fighters and civilians. But most importantly it controlled lighting of political and economic processes in the country.

Further the article describes the work of military censorship after the war. Now it is connected with the fact that the country continued repressive proceedings against "enemies" of the people.

The author agrees with the opinion of some scholars that it is the direction of censorship received new impetus in the Great Patriotic War and later even more intensified censorship control. In conclusion, the author believes that in this way the military system was constantly improving its working methods.

**Keywords:** Great Patriotic war, censorship, Soviet period, ideology, political events, repression

УДК: 332 (574.5)

## НЕГАТИВНЫЕ СТОРОНЫ АГРАРНЫХ ПРЕОБРАЗОВАНИЙ В КАЗАХСТАНЕ В ПЕРИОД СТОЛЫПИНСКОЙ РЕФОРМЫ И ИХ ПОСЛЕДСТВИЯ ДЛЯ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ

**Н.А. Абдурахманов** – кандидат исторических наук, и.о. доцента кафедры «Истории Казахстана и общественных дисциплин» ЮКГФА, г. Шымкент

В данной научной статье рассматриваются некоторые основные негативные стороны аграрных преобразований в период столыпинской реформы в Казахстане, особенно в южных и юго-восточных регионах страны, и их огромные последствия для казахского населения.

В концептуальном плане в статье анализируется целостный и краткий обзор аграрных преобразований в Казахстане в следствии столыпинской реформы в земельном вопросе казахов и изложение данной проблематики с позиций научного историзма. Также опираясь на архивные материалы и исторические факты приводятся данные о последствиях реформы в Казахстане.

Осуществление столыпинской реформы привело к тому, что в начале XX века сильно обострился земельный вопрос в Казахстане, вызванный в большей своей степени развитием переселенческого движения на территорию Казахстана, и усилением казачьей колонизации, повлекшим за собой нарушение сбалансированности рационального использования земельных ресурсов казахским населением, сложившегося в ходе естественного приспособления к природно-географическому ландшафту; методы и средства, использованные колониальной администрацией, при изъятиях земель казахского населения привели к отчуждению последнего от возможности освоения земель посредством как земледельческого, так и скотоводческого типов хозяйствования.

**Ключевые слова:** земельный вопрос, земля, кочевое хозяйство, земледелие, переселенческая политика, аграрные преобразования, Столыпинская реформа, колониальная политика России, начало XX века, Семиречье, Южный Казахстан

В целях дальнейшей колонизации казахских земель и экономического развития России, царское правительство разработало новое аграрное законодательство. Автор этого проекта премьер-министр Российской империи - П. Столыпин – наметил ряд аграрных преобразований и на территории Казахстана.

В 1909 году царское правительство выдвинуло "новый курс" в переселенческой политике, основной задачей которого должно было быть не выселение крестьянских масс из Центральной России, а заселение окраин русскими людьми. Пик переселенческого движения, по мнению известного исследователя А.Турсунбаева, пришелся на 1909 год, когда численность переселенцев достигла 87 тыс. 711 душ мужского пола, прирост по сравнению с 1906 годом составлял 350%. В период столыпинщины переселение в Среднюю Азию проводилось в основном на территорию кочевых районов Семиреченской и Сырдарьинской областей. В 1906 году помощник Туркестанского генерал-губернатора писал: "совершенно свободных, удобных под поселения земель нет и, говоря о русской колонизации, приходится иметь в виду, что она может быть совершена не иначе, как за счет земель занимаемых ныне кочевниками [1].

В 1910 году Семиречье было официально открыто для русских переселенцев. Но движение переселенцев в Семиреченскую область началось еще до открытия в области работ Переселенческого Управления. К водворению переселенцев было преступлено еще в 1907 году [2]. Из доклада заведующего Переселенческим делом в Семиреченской области С.Н. Велецкого следовало, что всего удобных земель для хлебопашества в этой области насчитывалось 4 млн. 100 тысяч десятин. Их них до 1 января 1913 года было изъято в переселенческий фонд – 2 млн. 674 тысячи десятин или 65% от всей площади удобных земель. В это количество земель не входили те земли, которые были самовольно захвачены русским населением.

В начале XX века колониальная администрация начала насаждение в Казахстане крупных хозяйств. Земельный фонд для этой цели выделялся в Акмолинской, Семипалатинской, Тургайской, Семиреченской областях, в Туркестане, причем 80% отведенных участков составляли черноземные пашни. Вопрос о казахских пашнях являлся объектом обсуждения временных комиссий, статистиков, которые высказывали весьма противоречивые суждения. С одной стороны, указывалось на то, что казахи слабо связаны со своими пашнями и ничего не потеряют, если им придется перенести свои запашки на другое место. Вместе с тем считалось, что разбросанность казахских пашен является препятствием к использованию для нужд переселенческого дела имеющихся в пользовании кочевников излишних земель, а следовательно, это препятствие необходимо ликвидировать. Практические действия колониальной администрации противоречили теоретическим подходам, признававшим, что земли, удобные для распашки, необходимо сохранять за казахами в количестве, допускающем развитие земледелия и возможность перехода от кочевого скотоводства к оседлому. Вместе с тем, это положение сопровождалось оговоркой, что в случае крайне необходимого для образования участков допускается смещение зимовых стойбищ казахов. Именно это примечание явилось юридическим основанием для злоупотреблений на местах, которое приобрело большие размеры в связи с тем, что именно вокруг зимовых стойбищ велась борьба между



казахским населением и русскими пришельцами. Сами переселенческие чиновники признавали, что «...вопреки закона об отчуждении зимовок, клеверников, пашен лишь в исключительных случаях, такое отчуждение принято за правило» [3].

В журнале о порядке колонизации Семиреченской области также откровенно заявлялось, что изъятия зимовых стойбищ и снос с них киргизских построек являются действиями вполне закономерными.

Наделение земель казахов за смещаемые зимовки нельзя рассматривать как меру окончательного землеустройства, так как оно не преследовало цели – рационального освоения земель, а решало задачу восполнения непосредственного ущерба образованием переселенческих участков. Зачастую казахское население не наделялось иными землями при переносе зимовых стойбищ, то есть ему предоставлялось полное право устраиваться на землях других общин по своему усмотрению. Сохранение родового землепользования усугубило положение хозяйств выселенных казахов. Таким образом, сохранение родового землепользования в условиях колонизации казахских земель также содействовало обострению земельных противоречий в Казахстане.

Правительство в дореволюционный период приняло некоторые меры по орошению земель южных районов. Так была изъята и орошена «Голодная степь». Коренное население, знавшее технику орошения, не могло воспользоваться этими землями, так как к заселению орошенных земель допускались русские подданные всех христианских исповеданий. Нерациональное использование орошаемых земель русскими переселенцами имело своим следствием то, что они были заболочены, засорены и заброшены. В поливных районах в переселенческие поселки замежевывались водоемы и оросительные системы, что привело к нарушению условий естественного и искусственного водоснабжения, в результате была налицо деградация орошаемого хозяйства казахского населения. В то же время землепользование казахов, нуждающееся в орошении, не подвергалось ему. Уместным в этом отношении является высказывание А.Букейханова о том, что «...чем больше нарезается участков в Акмолинской области или вообще в Киргизском крае, тем непропорционально быстрее сокращается площадь пригодных к земледельческой культуре земель» [4].

Из землепользования казахского населения изымались не только земли, пригодные для хлебопашества, но и пастбищные угодья, на которых впоследствии устраивалось переселенческое население. Было обычным явлением образование переселенческих участков в летовках. Особенно это наблюдалось в северных районах Семиреченской области, где землеотводные работы производились в богарной полосе, в которой находились летние пастбища. Колониальная администрация очень легко решала вопрос об ограничении казахского землепользования. Царское правительство выдворяло казахское население с исконно насиженных мест в иные климатические полосы со скудным обеспечением питьевой водой, где требовались не только приспособление к новым свойствам пастбищ, но развитие иных отраслей животноводства. При изъятиях земель русские чиновники не учитывали особенности организации казахского хозяйства, сложившейся в результате непрерывных усилий по приспособлению хозяйства к природным условиям или к обитаемой среде, в частности, то, что кочевые хозяйства совершали свои передвижения по пути наибольшего удобства для скота в строго определенном для кочевков направлении, а районы передвижения были строго ограничены и места стоянок известны. Переселенческие чиновники неоднократно подвергали обсуждению вопрос о кочевых путях к летовочным пространствам. Необходимость сохранения не вызывала сомнений, однако практические пути решения этого вопроса могли губительно отразиться на кочевом хозяйстве. Одни чиновники считали, что переселенческие участки не должны преграждать существующих летовочных дорог, другие, составляющие большинство отдавали предпочтение изъятию земель у казахов.

Сторонником последнего взгляда был, в частности статистик А.Кауфман. При образовании переселенческих участков нередко производилась нарезка удобных участков для земледелия, располагавшихся на скотопрогонной дороге или на "жайлау". При распашке эти участки создавали препятствия для перехода кочевников на летовки. В результате оказывались неиспользованными плодородные пастбища и как следствие этого – происходило сокращение кочевого сектора хозяйствования. Еще одна причина, сдерживавшая возможность использования земель Казахстана в период интенсивной колонизации посредством кочевых форм хозяйствования, заключалась в недостаточности оставляемых земельных норм, периодически урезаемых с приходом новой экспедиции. Незнание всей палитры особенностей землепользования в Казахстане, особенно в кочевых и полукочевых районах, приводило статистиков к неверному исчислению емкости пастбищно-скотоводческой территории. Неудобные и удобные земли переселенческими чиновниками определялись лишь визуальным осмотром. Они не учитывали, что не все площади пастбищных угодий могут использоваться, например, в силу отсутствия водоемов, или же не знали, что утилизации растительного покрова мог препятство-

вать даже состав стад. Об этом же писал знаток казахского хозяйства А.Букейханов: «В результате переселенческой политики царизма обострился в Казахстане и водный вопрос. Царская администрация не понимала всей важности водопоев в степи. Крестьяне, которые имели 1/9 киргизского скота, владели 9/10 водопоев. Результат – невозможность ведения скотоводства» [5].

Так как царское правительство в основу своей переселенческой политики на рубеже 19-20 веков положило идею о возможности широкого проникновения земледелия далеко на юг степей, то в этих условиях скотоводческая форма хозяйствования оказалась неконкурентоспособной. В условиях Казахстана начала 20 века причины видоизменения форм казахского хозяйства заключались не в естественно-эволюционных причинах, а в воздействии насильственно насаждаемых метрополией экономических факторов. Таким образом, переселенческая политика нанесла серьезный удар по традиционной хозяйственной модели скотоводства, являвшейся динамичной системой, которая корректировалась самими общинниками при необходимости под силой воздействия внутренних социально-экономических факторов. Переселенческая политика выступила экзогенным фактором, вызвавшим деградацию кочевой формы хозяйствования, то есть нарушила ход естественного целесообразного освоения земельных ресурсов большей части территории Казахстана.

В целом, необходимо отметить, что при изъятиях земли у казахского населения администрация не проявляла заботы о значении этих земель в общей системе земледельческого и скотоводческого хозяйства.

Что касается землеустройства переселенческого населения, то отвод земель для него не учитывал в большинстве случаев требований хозяйственно-технической и целесообразной организации территории, что имело своим следствием не только образование многодворных селений, поселков с неправильной и нерациональной конфигурацией земельных наделов, но и оказывало негативное воздействие на формы и методы землепользования казахов, а следовательно и на хозяйственно-экономические отношения казахского населения. Малоземелье одних поселков и многоземелье других приводили к неравномерному использованию земельных ресурсов, к истощению почв.

По данным Семиреченской переселенческой организации в 1909-1910 годах в области насчитывалось не менее 20 тыс. неустроенных переселенцев. В то же время по данным ревизии К.Палена в Пишпекском переселенческом подрайоне из 5 тыс. 395 душевых долей заселено было лишь 2 тыс. 8, то есть около 38%, на остальные же 3 тыс. 387 долей охотников не оказалось [6]. Уже в конце 70-х – начале 80-х годов 19 века стало ясно, что необходимо очень тщательно подходить к вопросу о возможности заселения Казахского края чисто земледельческим элементом. Из 30 заготовленных к этому времени участков незаселенными остались в силу непригодности их для земледелия 12 участков, то есть 40%. В результате некомпетентного подхода к вопросу о целесообразном освоении казахстанских земель многие переселенческие хозяйства не могли рационально устроиться здесь и терпели лишения от неудачного выбора участков и незнакомства с местными природно-климатическими условиями. В дополнение к этому, чиновники, отвечающие за землеотводное дело, совершали непоправимую ошибку: проводили изыскания и обводнительные работы уже после образования переселенческих участков и даже после их заселения. В результате посеvy переселенцев гибли от засухи. К 1917 году незаселенных душевых долей оказалось 112 тыс.

Наряду с проявлениями факторов внешнего порядка, вызвавших обострение земельного вопроса в Казахстане, необходимо отметить и внутренние причины: естественный рост населения и увеличение количества скота, что вызывало обострение земельных отношений между кочевниками. В то же время невозможность использования удобных пастбищ в результате колонизации приводило к концентрации кочевого населения и скота в определенных районах, что вызывало обострение земельных отношений как между отдельными кочевыми общинами, также и между кочевым и оседлым населением. Вместе с тем, необходимо помнить о том, что землепользование казахского населения сложилось на началах захватного права. Характерна эта тенденция была для районов, где наиболее интенсивно происходило оседание. В этих районах право на все без исключения ценные виды угодий осуществлялось захватом, переходящим по мере интенсификации и оседания в подворно-наследственное право, а в отношении менее ценных из них – в передельное. То есть был налицо земельный конфликт между хозяйственными различными формами освоения земельных ресурсов в лице кочевого и оседлого населения. Однако, данные процессы носили естественный характер освоения культурных земель, которые были нарушены во 2-й половине 19 века переселенческой политикой. Все вышеизложенное свидетельствует о том, что в конце 19 – начале 20 веков борьба за землю в Казахстане носила острый характер.

Последствия осуществления царизмом мер по хозяйственному освоению земель Казахстана, не учитывающих основные критерии природно-климатических и географических условий данной территории, заключались в нарушении установившегося природного равновесия. Исследования современных геогра-

Во-первых, платой за быстрое развитие была относительная односторонность азиатских хозяйственных систем. Так, в Малайзии доля продукции электронной промышленности в экспорте превысила 44%. При этом не могло быть и речи о том, чтобы значительная часть производимой продукции могла быть реализована на внутреннем рынке. Объем экспорта при таком положении показывает не только эффективность национальных производителей, но и ограниченность возможностей национальных потребителей. Показатели роста экспорта не могут служить однозначным свидетельством подъема благосостояния в той или иной стране и свидетельствовать об успехах ее социального развития.

Во-вторых, экономический рост обеспечивался в основном экстенсивными факторами. Развитие промышленности основывалось на вовлечении в производство все больших людских масс: в Сингапуре с 1966 по 1990 гг. доля занятых в промышленности в общей численности активного населения выросла с 27 до 51%; в Малайзии с начала 60-х по начало 90-х гг. этот показатель повысился с 22 до 48%; в Таиланде - с 17% в 1952 г. до 40% в 1993 г. Кроме того, в Малайзии и Таиланде в первой половине 90-х гг. средняя продолжительность рабочего времени в индустриальном секторе достигала почти 2,5 тыс. часов в год (в большинстве европейских стран она законодательно ограничена 1,5 тыс. часов).

В-третьих, следует отметить, что все эти меры не дали бы достигнутого результата, если бы не иностранные инвестиции, которые выросли за период с 1985 г. по 1992 г. в 3 раза в Сингапуре, в 9 раз - в Малайзии, от 12 до 15 раз - в Таиланде. Увеличение масштабов индустриализации, которое ограничивалось Юго-Восточной Азией, сопровождалось снижением спроса на их промышленную продукцию в развитых странах.

В-четвертых, опыт модернизации, осуществленной в регионе, показывает, что рост экономических показателей далеко не тождественен улучшению социальной ситуации. Высокая норма сбережения, составляющая в Малайзии, Таиланде - по 35% ВВП, а в Сингапуре - 47%, означала, что успехи производства основывались на недопотреблении населения. На протяжении восьмидесятих годов потребление на душу населения в Таиланде, Малайзии снизилось соответственно на 7,23% по сравнению с аналогичным показателем, рассчитанным по странам «большой семерки», где темпы роста были более умеренными.

Можно утверждать, что главной причиной кризиса были не только ошибки в финансово-кредитной политике, но главным образом нарушение фундаментальных воспроизводственных пропорций, поставившие эти страны в жесткую зависимость от мировой хозяйственной конъюнктуры.

Таким образом, рассматриваемая модель экспортоориентированного развития сырьевого сектора не приведет казахстанскую экономику к общему росту и подъему, наоборот, по многим параметрам производственный спад лишь усилится. Так как сырьевой характер экономики, недоразвитость обрабатывающих отраслей не могут быть преодолены за короткий период времени. По прогнозам, в течение ближайших 15-20 лет сырьевой комплекс будет играть доминирующую роль.

1 Арыстанбеков К. Анализ экспортных возможностей Казахстана // Аль-пари. – 2002. - №6. – С. 3-13.

2 Оболенский В.И. Включение России в мирохозяйственные отношения: пути повышения эффективности // Проблемы прогнозирования. 1998. - №5. - с. 95-108.

3 Мегатренды мирового развития. Интернет источник: <http://www.postindustrial.ru>.

4 Вольский А. Пути экономической интеграции в новых условиях // Внешняя торговля. 2000. - №4. - С. 4-6.

5 Ашимбаева А. Структура экономики: закономерности формирования, тенденции и приоритеты развития. - Алматы, 2000.

6 Белоусов А. Р. Системный кризис как вызов российскому обществу // Проблемы прогнозирования. 1998. - №2. - С. 17-51.

7 Денисов Г.Л., Каменецкий М.И., Остапенко В.В. Прикладная наука и инновационная деятельность: экономика и управление. - М.: Диалог-МГУ, 1998. - С. 157.

8 Загайвили В. Интеграция России в мировое хозяйство // Мировая экономика и международные отношения. 1999. - №7. - С. 22-29.

9 Эльянов А. Индустриализация развивающихся стран в интерьере мирохозяйственных связей и Россия // Мировая экономика и международные отношения. 1999. - №2. - С. 13-14.

10 Иноземцев В. Намечившиеся воспроизводственные тенденции в мировом хозяйстве // Экономист. 2000. - №6. - С. 80-87.

### Түйіндеме

Мақалада Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің (Сингапур, Малайзия және Тайланд елдерінің мысалында) модернизация тәжірибесі мен мемлекеттердің даму моделіне сараптама жасай отырып, мемлекет өз даму стратегиясын таңдауда. Шикізатты экспорттау моделін қолдана отырып, Қазақстан Республикасының стратегиясын сараптай келе, мұнай-газ және металлургия саласының рөлі айқын көрінеді. Бүгінгі таңда, Қазақстан Республикасының модернизациялау үрдісінде мұнай-газ саласының маңызы өте зор. Қазақстан Республикасы өзін энергетикалық секторы қалыптасып келе жатқан мемлекет ретінде сондай ақ жалпы мемлекет халқының әл ауқатының дамуы мен өсуі ретінде қарастырады. Қазіргі таңда шикізатты экспорттауға биімделген бірден-бір моделі болып табылады. Өйткені аталмыш модель 15-20 жыл бойы өз орнын тауып басты рөл атқаратын моделге айналды. Сондай ақ, бұл моделдің ерекшелігі пайдалы қазбаларды өндіру және сату болып табылады. Қазақстанда ғылыми және техникалық потенциалға ие бола отырып, осыған байланысты іс шараларды іске асыра отырып экспортқа биімделген инновациялық моделге көшу ретінде қарастыруға болады.

**Тірек сөздер:** шикізат экспорт қалыбы, көмірсутектің шикізаты, антидемпинговые тарифтер, өнім, шоғырлану.

### Summary

This article analyzes the experience of modernization and growth patterns of Southeast Asia (Singapore, Malaysia and Thailand), where the government chooses the strategy development. Analyzes the strategy of the Republic of Kazakhstan, which uses export oriented resource model, where the leading role is played by the oil and gas sector and metallurgy. Today, the oil and gas sector plays a crucial role in the process of modernization of the Republic of Kazakhstan. Republic of Kazakhstan has positioned itself as a country where the energy sector is an important element of the economic welfare of the population and the rapid growth of the welfare of the country as a whole. Currently, the most accepted is export-oriented, resource model that within 15-20 years will play a dominant role in this model it is important to develop and sale extracted natural resources. Kazakhstan gained sufficient scientific and technical potential, which is likely due to the transition to export-oriented innovation model.

**Keywords:** eksportnooriетirovanno-resource model, the hydrocarbon feedstock, anti-dumping tariffs, high-tech products, integration



## **САЯСИ ТАРИХ ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ**

ӘӨЖ: 381(524)

### **Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕМДІК ДАМУ ТАРИХЫНДА ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ**

**Р.Т. Байгондин** – *Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Ph.d докторанты*

Мақалада автор ҚР Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдар аралығында көтерген интеграциялық идеяларын іске асыруға бар күшін салып, соған байланысты «Еуразиялық одақ: идеядан болашаққа» атты мақаласында өзінің негізгі төрт ұстанымды бөліп көрсеткендігіне тоқталады. Яғни, мұнда Елбасы мәдени және өркениеттілік факторлардың маңызын теріске шығармай-ақ экономикалық прагматизм негізіндегі интеграцияны құруды ұсынғанын баян етеді. 2014 жылға дейін Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен және басшылығымен Еуразия кеңістігінде экономикалық интеграциялық үдерістер жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, өз жемісті нәтижесін беріп үлгерді. Елбасы 2014 жылғы дәрісінде Еуразиялық экономикалық одақ алдында жаңа белестерден асуды мақсат етіп отыр. Оның пікірінше, абстрактілі геосаяси идеялар мен ұрандар емес, экономикалық мүдделер интеграциялық үдерістердің басты қозғаушысы болмақ. Сондықтан болашақ Еуразиялық Одақтың бастапқы негізі – Біртұтас экономикалық кеңістік біздің халықтарымыздың бірлесе табысты дамуының ауқымды аралы ретінде көрініс табатындығы туралы айтылады.

**Тірек сөздер:** Елбасы, интеграция, идея, Еуразиялық Одақ, геосаяси, экономика, стратегия

М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті қабырғасында әлем назарына ұсынылған Нұрсұлтан Назарбаевтың еуразиялық стратегиясы 1994-2014 жылдар аралығында жүйелі түрде дами отырып, тиімді қызмет атқарып келе жатқан ЕурАзЭҚ, Кедендік одақ және Біртұтас экономикалық кеңістік сияқты құрылымдар интеграциялық структуралар түрінде іске асырылды.

Мемлекеттік қайраткер ретінде Н.Назарбаевтың аса маңызды қырларының бірі оның бірнеше қадамды алдын ала ойлайтындығы және халықаралық дамудағы негізгі бағыттардың өзгерісін болжап, қорытынды шығаратындығында. Президент аймақтық интеграцияны жаһандық қауіп-қатерге бірігіп қарсы тұрудағы тиімді әрі жүзеге асыруға болатын әдіс ретінде қарастырды. Ол Қазақстанның посткеңестік кеңістіктегі әріптестерінің назарын әлемдік саяси және экономикалық интеграцияның мемлекеттік деңгейден аймақтыққа өзгеріп жатқан үрдісіне аударды. Осылайша, интеграцияға дайын емес елдер әлемдік тарихтың бір шетінде қалып қою қатерінде тұрды.

1994 жылдың наурыз айында Нұрсұлтан Назарбаев Мемлекеттердің еуразиялық одағын құру туралы ұсынысын білдірген болатын. Президентіміз 20 жыл бұрынғы сөзінде: «ТМД-ның болашақтағы дамуы жайлы ойыммен бөліскім келеді. Өкінішке орай, ТМД бүгінгі таңда құрамындағы мемлекеттердің, біздің халықтарымызға қажетті, интеграциясын қамтамасыз ете алмай отыр. Достастықтың құрылғанынан бастап оның мүшелері жақындасудың орнына бір-бірінен одан ары алшақтап барады». Елбасымыздың пікірінше, Достастық мүшелерінің қарым-қатынастың жаңа сапалық деңгейіне өту уақыты келген болатын. Бұл қарым-қатынас «теңқұқықтық және еріктілік ұстанымдарына негізделген жаңа мемлекетаралық бірлестік». «Осындай бірлестіктің қызметі екі негізгі мәселені шешуге бағытталған, яғни, Біртұтас экономикалық кеңістікті және біріккен қорғаныс саясатын қамтамасыз ететін, Еуразиялық одақ атқара алуы мүмкін».

Посткеңестік кеңістіктегі мемлекетаралық қарым-қатынастар еуразиялық идеяның қажеттілігіне көз жеткізді. 2000 жылы 10 қазанда Қазақстан, Ресей, Беларусь, Қырғызстан және Тәжікстан бүгінде өте тиімді және пайдалы экономикалық интеграциялық жобаға айналған Еуразиялық экономикалық одақтың негізін қалаған болатын.

Дегенмен, Еуразиялық Одақ жобасы 2010 жылға дейін тек қағаз жүзінде қалып келді. 2010 ж. желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың отырысы, одан кейін 2011 ж. Н.Назарбаевтың "Еуразиялық одақ: идеядан болашақтың тарихына", Ресейдің сол кездегі премьер-министрі В.В. Путиннің "Еуразия үшін жаңа интеграциялық жоба – бүгіннен басталатын болашақ", Беларусь президенті А.Лукашенконың "Біздің интеграцияның тағдыры туралы" атты мақалалары Еуразиялық одақ жобасына жаңа серпін берді.

Қазіргі уақытта тұрақты әрі әділетті әлемдік тәртіпті орнатудың басты құралына экономикалық интеграция айналып отыр. Әлемді түбірімен өзгеріске ұшыратып отырған алмасулар "экономикалық білімге" ауысуға жаңаша бірегей мүмкіндіктер жасап, үздік технологиялардың таралуына және иннова-

циялық дамудың әлеуетін ұтымды пайдалануға жағдай қалыптастырады. Посткеңестік кеңістіктегі қазіргі күнгі интеграциялық құрылымдар еуразия халықтарының сан ғасырлық көршілік дәстүрлер мен өзара сыйластыққа негіз артады. Қалай дегенмен де, қазіргі еуразиялық интеграциялық идея, бұл – іргелес елдердің экономикалық қарым-қатынасын одан ары кеңейтуге арналған "практикалық нұсқаулық" болып табылады.

Еуразиялық мемлекеттер интеграциясының басты мақсаты ретінде аймақтың тұрақтылығы мен қауіпсіздігін нығайту және әлеуметтік-экономикалық модернизация жүргізу аталды. Бүгінгі Еуразиялық экономикалық қауымдастық, Кедендік одақ, Біртұтас экономикалық кеңістік тәрізді интеграциялық құрылымдар – Еуразиялық жобаны жүзеге асырушы негізгі құралдар болып саналады [1].

1995-2000 жылдардың аралығында посткеңестік кеңістіктегі барлық маңызды интеграциялық бастамалар Қазақстан тарапынан, дәлірек айтсақ, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтан шығып отырды. 1994 жылғы ұсыныстан кейін Кедендік одақ құрыла бастады, 1996 жылы оның құрамына 3 мемлекет кірді. 2013 жылы Астандағы кездесу кезінде РФ Президенті В.Путин. Назарбаевтың бастамасына байланысты былай баға берген еді: «Сіз, негізінен алып қарағанда, Кедендік одақтың негізін қалаушысыз, бұл сіздің ойыңыз еді, ал біз оны біртіндеп дамытудамыз. Бұл посткеңестік кеңістіктегі өте үлкен кадам болғандығын атап өтуім керек» [2].

Кедендік одақтың құрылғанынан кейін 2010 жылы ЕурАзЭҚ-дың Мәскеуде өткен саммитінде Беларусь, Қазақстан және Ресей БЭК негізінде Еуразиялық одақ құру шешімін қабылдаған болатын.

2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап Кедендік одаққа мүше мемлекеттер территориясында Біртұтас экономикалық кеңістік құрылады. БЭК-тың интеграциялық келісімдері толығымен 2012 жылдың шілдесінен бастап іске қосылады. БЭК құрудың мақсаты мүше мемлекеттердің экономикаларының тұрақты және тиімді дамуына және тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеруге жағдай жасау болатын [3].

Елбасымыз Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуының әр сатысын анықтап, оған қалай жету жолдарын айқындап берген. Еуразиялық экономикалық интеграция үдерісі сатылы түрде өз уақытымен жүргізілуі қажет: ЕурАзЭҚ-тен Кедендік одаққа, одан кейін Біртұтас экономикалық кеңістік, және соңғы кезең Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуы [4].

Н.Ә. Назарбаевтың сатылы түрде әрекет етуді баса айта отырып, Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуы жайлы БЭК «барлықтары үшін толығымен тәуелсіз және таза болғанда» ғана айта аламыз деп айтқан [5].

Елбасымыз осы жылдар аралығында көтерген интеграциялық идеяларын іске асыруға бар күшін салып келеді. «Еуразиялық одақ: идеядан болашаққа» мақаласында Елбасы негізгі төрт ұстанымды бөліп көрсеткен: Біріншіден, мәдени және өркениеттілік факторлардың маңызын теріске шығармай-ақ, мен ең алдымен, экономикалық прагматизм негізіндегі интеграцияны құруды ұсындым. Абстрактілі геосаяси идеялар мен ұрандар емес, экономикалық мүдделер интеграциялық үдерістердің басты қозғаушысы болмақ. Сондықтан болашақ Еуразиялық Одақтың бастапқы негізі – Біртұтас экономикалық кеңістік біздің халықтарымыздың бірлесе табысты дамуының ауқымды ареалы ретінде болмақ.

Екіншіден, мен әрқашанда ерікті интеграцияны жақтаушы болып келдім және болып қала беремін. Әрбір мемлекет пен қоғам жаһанданушы әлемде өзіндік болмысқа шексіз бас ұра берушіліктің және өз шекараларында тұйықталып қалудың мағынасы жоқ екендігін түсінуге дербес келуі тиіс.

Халық пен елдің мүдделерін басшылыққа алған ерікті интеграция – өркендеудің ең қысқа жолы да осы.

Үшіншіден, Еуразиялық Одақты мен әу бастан-ақ мемлекеттердің теңдік, бір-бірінің ішкі ісіне араласпаушылық, егемендік пен мемлекеттік шекаралардың қол сұғылмастығын құрметтеу қағидаттары негізіндегі бірлестік ретінде көрдім.

Төртіншіден, мен Еуразиялық Одақтың әрбір мүше елдің мүдделерін ескеретін, нақты да шынайы өкілеттіктерге ие, консенсус негізінде іс-қимылдар жасайтын ұлтүстілік органын құруды ұсындым. Бірақ бұл саяси егемендікті беру дегенді тіптен де қарастырмайды. Бұл аксиома. Негізінен интеграция бойынша әріптестердің теңдігі алынған Еуразиялық Одақ құрудың табысты тәжірибесі дәл осындай болатын [6].

2006 жылдың 26 мамырында Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де «Экономика біліміне инновация және ғылым арқылы» атты өзінің дәрісінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев былай деді: «Еуразиялық идея теория секілді өткен ғасырда туды. Бірақ, еуразиялық идея тәжірибе жүзінде осы ғасырда жүзеге асады. Еуразияшылық – ХХ ғасырдың басты идеялардың бірі. Мұны өздеріңіз түсініп, көретін боласыздар. Еуразиялық идеяның Қазақстан инициативасы негізінде орындалған үш басты көрінісі – ЕурАзЭҚ, АӨСШК және ШЫҰ. Және бұл үш ұйым мызғымас Орталық, Біріккен Еуразиялық Идеяның тәжірибелік келбеті» [7].

Елбасының аймақтағы экономикалық интеграция идеялары мен оның іске асырылуы өзінің жемісін де

беріп үлгірді. Экономикаға келген пайдасын цифрлармен келтірсек. Еуразиялық экономикалық қауымдастық бұл – әлемдегі ең ірі территорияда орналасқан (қоныстануға жарамды жердің 15%), минералды-шикізат базасы өте жоғары және экономикалық әлеуеті айтарлықтай ірі аймақтық нарық (ш.а. 181 млн. тұтынушы) болып табылады. ТМД-ның статистикалық комитетінің мәліметтеріне қарағанда оның әлемдік ішкі өнім бойынша 2010 ж. көрсеткіші 4,4% құраған. Қауымдастық дүние жүзі бойынша барлау жасалған мұнайдың 8,5%, табиғи газдың 25%, көмірдің 22%, тұщы су мен орман алқабының 20% еншілейді.

Еуразиялық экономикалық қауымдастық мүше елдердің шеңберінде еркін сауда жүйесін қамтамасыз етіп, нәтижесінде 2000 жылы 29 млрд болған сауда айналымы 2008 жылы 123 млрд. жетті, яғни 4 есе өсті. Бұл өз кезегінде экономикалық интеграцияның келесі сатысы – Кедендік одақтың қалыптасуына сенімді база және де логикалық негіздеме жасады. Осылайша 2007 жылы қазан айында Қазақстан, Беларусь және Ресейдің бірінші басшыларының Кедендік одақ құру туралы шешімдері келесі саты болып табылды. Бәріміз білетіндей, Кедендік одақ өзінің қызметін 2010 жылы 1 қаңтардан бастап, осы уақыттан Ортақ кедендік тариф енгізілді. 2011 жылдың 1 шілдесінен шекарадағы кедендік бақылау толығымен алынып тасталып, кедендік бақылаудың барлық түрлері Кедендік одақтың сыртқы шекарасына көшірілді. Осылайша, Кедендік одақ ортақ кедендік территориясы, біртұтас тарифы мен Кедендік кодексі бар халықаралық стандарттар бойынша жүзеге асырылуда.

Кедендік одақтың құрылуы мүше-елдердің ішкі нарығында сауда мен экономиканың өркендеуіне, еркін бәсекелестіктің дамуы мен инновациялық белсенділіктің артуына қалыпты жағдай жасады. Кедендік одақ мүшелерінің өзара сауда айналымы 2010 жылы 2009 жылмен салыстырғанда 21% өсіп 88,4 млрд. құрады. 2011 жылы 110 млрд. асып түсті. Кеден одағы қазақстандық өндірісшілер үшін өткізу нарығының шекарасын Бресттен Владивостокқа дейін кеңейтті. 2011 жылы біздің экспорт Ресейге 60 пайызға, ал Беларусь мемлекетіне 2,3 еседен астамға өсті.

Экономика секторы, бизнеспен айналысушы қауымдастық және Қазақстан, Ресей мен Беларусь тұрғындары Кедендік одақтан пайда көріп отыр, олай дейтініміз аталғандардың барлығы үш ел арасындағы өзара сауда қатынастарының түрлі кедергілерден босатылған, ал Кедендік одақтың сыртқы шекарасында рәсімделген шет елдік тауарлар одақ территориясында біздің елдің тауарларымен еркін бәсекеде жүр. Бұлардың барлығы Кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің экономикалық секторындағы өндіріс орындарының жұмысы мен дамуына, атап айтқанда, біріккен өндіріс орындарын құруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және т.б. үлкен мүмкіндіктер береді. Бұл өз кезегінде экономиканың инвестициялық тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігін өсіруге жағдай тудырады. Ресей ғылым академиясының Халық шаруашылығын болжау институты ғалымдарының есептеуінше Кедендік одақ пен Бірыңғай экономикалық кеңістікті құру барысындағы "макрэкономикалық әсер" ішкі өнімнің бес жылдықта 5%, ал алдағы он жылдықта 10% өсуін қамтамасыз етеді [1].

Мемлекеттердің еуразиялық одағын құру идеясы бірауыздан «Нұрсұлтан Назарбаевтың жобасы» деп аталуда [8].

Сонымен қатар, Н.Ә. Назарбаев осы жылдар аралығында Орталық Азиядағы интеграциялық үдерістердің дамуына ерекше назар аударып келді. Аймақтық интеграция – бұл тұрақтылыққа, аймақтың дамуына, экономикалық және әскери-саяси тәуелсіздікке алып келетін төте жол. «Тек осы жағдайда ғана аймақты әлем сыйлайтын болады. Тек осылай ғана біз қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, терроризм мен экстремизмге қарсы тиімді күрес жүргізе аламыз. Осындай бірігу, шындығына келгенде, біздің аймақта тұратын қарапайым халықтың мүддесіне сай келеді» - деп, Н.Ә. Назарбаев баса атады.

2005 жылдың 18 ақпанында Елбасы Орталық Азия мемлекеттерінің одағын құру идеясын айтқан болатын [9].

Орталық Азия бүкіл әлемді қамтыған интеграциялық үдерістерден тыс қалмады. Орталық Азияда 55 миллион халық тұрады. Осы халықтардадың арасында тілдік шектеу жоқ, мемлекеттер арасындағы экономика, көліктік және энергетикалық байланыстар бір-бірін кеңейтуде. 2002 жылы құрамына Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстан кіретін Орталықазиялық одақтың құрылуының маңызы өте зор болды [10].

ММУ қабырғасында оқыған екінші дәрісінде Елбасымыз Еуразиялық экономикалық одақтың ХХІ ғасырдың бірінші жартысындағы негізгі мақсатының 2 тұсын анық атады. Біріншіден, ЕЭО әлемнің негізгі макрорегиондарының біріне айналуы керек. «Сарапшылардың есептеуінше үстіміздегі ғасырда «экономикалық гравитацияның» әлемдік орталығы Шығысқа қарай, Азияға ығысады, соның ішінде біздің болашақ экономикалық одағымызға қарай» - деп топшалады Н.Назарбаев. Екіншіден, еуразиялық интеграцияның басты міндеті оған мүше елдердің әлемнің ең дамыған елдерінің қатарына енуі. «Еуразия-

лық экономикалық одақ халықтар мен ұлттық экономикалар үшін ауыртпалық емес, жемісті болуы керек» - деп атап өтті Елбасымыз [2].

Еуразиялық экономикалық қауымдастық пен Кедендік одақты құру барысында сол кезеңдегі өте тиімді әрі өзінің алғашқы міндеттерін ақтаған интеграциялық құрылым – Еуропалық құрылым басшылыққа алынды. Өзінің қарым-қатынас динамикасы мен стратегиялық даму бағыттары бойынша Еуразиялық экономикалық қауымдастық Еуропалық одақтың үлгісін елестеткенімен, бірақ ол посткеңестік елдердегі макроэкономикалық үдерістердің ерекшелігі мен дамуына бейімделген құрылым.

Еске сала кететін жайт Еуропалық Одақтың бастаулары 1950 жылдардың басына барады. Оның жекелеген элементтері Еуропалық көмір мен болатты біріктіру келісінде (1951) және атомдық энергияның Еуропалық қауымдастығы келісінде (1957) қарастырылды. Ал Еуропалық одақты құрудағы жаңа кезең 1957 ж. Римде еуропалық экономикалық қауымдастық келісім шартына қол қойғаннан кейін басталды. Осылайша еуропа елдері арасында кедендік одақты құруға 11 жыл, бірыңғай ішкі нарықты қалыптастыруға 34 жыл, экономикалық және валюталық одақты құруға 43 жыл кетті. Ал Қазақстан, Беларусия және Ресей бұл бағытты өте қарқынды қадамдармен аттап келеді: Еуразиялық қауымдастықты құрудан Кедендік одақтың жұмыс істеуіне дейін 10 жыл, ал Бірыңғай экономикалық кеңістіктің жүзеге асуына 12 жыл кетті. Еуразиялық қауымдастықтың Кеден одағын құрудың толық аяқталуын күтпестен, үш елдің басшылары 2009 жылдың 19 желтоқсанында Алматыда өткен бейресми саммитте Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастырудың жоспарын жасады.

Мемлекет басшыларының саяси күш-жігерінің арқасында, үкіметтердің жіті қызметінің нәтижесінде Бірыңғай экономикалық кеңістіктің құқықтық базасын құрудағы күрделі міндеттер қысқа мерзім ішінде орындалды (алғашында жоспарланғандай екі жыл емес, бір жылда жүзеге асты). 2010 жылдың желтоқсаны қарсаңында Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастырушы негізгі 17 келісім қабылданды. Бірыңғай экономикалық кеңістіктің құқықтық негізін қалыптастырушы келісімдерді 6 топқа жіктеуге болады: өзара келісілген экономикалық саясат жүргізу; қызмет көрсетудің ортақ нарығын қалыптастыру; капиталдың ортақ нарығын құру және өзара келісілген валюта саясатын жүргізу; еңбек ресурстарының ортақ нарығын құру; ортақ энергетикалық нарық қалыптастыру және энергетика мен көлік саласындағы табиғи монополиялардың қызметіне қол жетімділік; техникалық реттеу.

Бірыңғай экономикалық кеңістікті құру – бұл ең алдымен еркін бәсекелестікті дамыту мен жалпы кеңістіктегі инновациялық белсенділікті күшейту мүмкіндігі болып табылады [1].

«Еуразиялық одақ идеясынан – еуразиялық интеграцияның кемелденген көкжиегіне» атты Н.Назарбаевтың дәрісінде еуразиялық интеграцияның потенциалы өте жоғары екенін ашық айтты. Тек үш мүше мемлекеттің ортақ экономикасының көлемі 2,2 трлн долл. құрайды. Елбасы өз сөзінде: «Жақындаған үшінші жаһандық индустриалды революция қарсаңында Еуразиялық интеграция ортақ стратегиялық артықшылықты қамтамасыз етеді. Қазіргі әлемдік тұрақсыздық тек экономиканың ғана емес, сонымен қатар халықаралық құқықтың, әлемдік саясаттың да дағдарысы» деп атап өтті. Мемлекет басшысы бірлестіктің мақсаты мемлекеттеріміздің бәсекеге қабілеттігін арттыру екенін және ол экономикалық саладан шықпайтынын атап көрсетті. Еуразиялық экономикалық одақ туралы айтқанда сарапшылар мен саясаткерлердің кейбірі әлемдік қоғамдық пікірге Кеңестер одағының мифтік «қайта тірілетінін» айтып, үрей салады. Бұл жөніндегі пайымдарды шындықтан алыс әрі негізсіз деп есептеймін. Біріншіден, бүгінде кеңестік үлгімен қайта ықпалдасу үшін институционалдық база жоқ. Екіншіден, посткеңестік кеңістіктегі халықтар өздерінің дербес мемлекеттерін құрды. Үшіншіден, қазіргі меншік жүйесі, әлеуметтік құрылым және қоғамдарымыздың экономикалық қалыбы кеңестік ескіліктен әлдеқайда алға озып кетті. Бұл тұста біз Ресей және Беларус басшылығымен бір пікірдеміз, – деп атап өтті Қазақстан Президенті.

2014 жылға дейін Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен және басшылығымен Еуразия кеңістігінде экономикалық интеграциялық үдерістер жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, өз жемісті нәтижесін беріп үлгерді. Елбасы 2014 жылғы дәрісінде Еуразиялық экономикалық одақ алдында жаңа белестерден асуды мақсат етіп отыр. Елбасының сөзімен келтіретін болсақ, Еуразиялық экономикалық одақтың болашағы айқындалды: «Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы біздің әріптестерге 2050 жылға қарай әлемнің 300 бірлестіктерінің ішінде ең мықты интеграциялық ұйымдардың үштігіне ену мақсатын қояды ұсынамын. Қазірдің өзінде мен мұндай ықпалдастықтың тек үш-төртеуін көріп отырмын. Бізге де неге талпынбаққа?» Ресей экономикасының рөлі өте маңызды. Сондықтан біздің бірлестіктің дамуы экономикалық прагматизм, жауапкершілік, эволюциялық, ашықтық шеңберінде жүргізілуі тиіс» [11].

1 Мансуров Т. *Евразийский проект Нурсултана Назарбаева, воплощенный в жизнь* // <http://www.nomad.su/?a=3-201112070036>.

2 *Евразийскому союзу нет альтернативы* // <http://www.russianskz.info/frontpage/print:page,1,5610-evraziyskomu-soyuzu-net-alternativy-nazarbaev-modificiruet-integracionnyy-proekt-rossii-kazahstana-i-belorussii.html>.

3 Ауанасова А.М., Сулейменов А.М. Евразийские интеграционные инициативы Нурсултана Назарбаева // *Евразийский юридический журнал*. – 2013. – №5(60).

4 Султанов Б.К., Додонов В.Ю. Таможенный союз, Единое экономическое пространство: мифы и действительность // *Таможенный союз и Единое экономическое пространство: проблемы экономической интеграции. Сборник научных трудов / Под общ. ред. Б.К. Султанова*. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2012. – 176 с.

5 Назарбаев Н.А. Выступление на встрече с главами зарубежных дипломатических миссий, аккредитованных в Казахстане. - Астана, 2.03.2012 // [www.akorda.kz.ru](http://www.akorda.kz.ru).

6 Назарбаев Н.А. Еуразиялық одақ: идеядан болашақтың тарихына // *Ақиқат*. – 2011. – 30 қараша.

7 Мырзатаев Е.К. Президент Н. Назарбаевтың еуразиялық идеясы және оның дамуы // <http://e-history.kz/kz/contents/view/1002>

8 Спицын А.Т., Инициативы Н.А. Назарбаева и глобальные стратегии модернизации экономики / А.Т. Спицын. – М.: Экономика, 2012. – 114 с.

9 Ауанасова А.М. Евразийские интеграционные инициативы Нурсултана Назарбаева // <http://e-history.kz/ru/expert/view/30>.

10 Даишэвэг Б. Интеграционные идеи президента РК Н.А. Назарбаева // *Вестник КазНУ, Международные отношения* – 2011. – №1-2.

11 Назарбаев Н.А. Еуразиялық одақ идеясынан – еуразиялық интеграцияның кемелденген көкжиегіне // *Егемен Қазақстан*. – 2014. – 29 сәуір.

### Резюме

В статье автор рассматривает интеграционную идею Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева и ее роль в мировой истории. Глава Государства в своей статье «Евразийский союз: от идеи к будущему» подчеркивает основные четыре этапа которые приведут к Евразийской интеграции независимый Казахстан. Таким образом, автор убежден, что Президент Н.А. Назарбаев как государственный деятель предвидит будущее страны в международном развитии. По инициативе Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева до 2014 года в Евразийском пространстве экономические интеграционные процессы шагнули на новую ступень развития преодолев немало препятствий на своем пути к достижению своих целей. Поэтому основной целью данной идеи остается создание Единого экономического пространства.

**Ключевые слова:** Глава государства, интеграция, идея, Евразийцы, Союз, геополитика, экономика, стратегия

### Summary

In the article an author examines the integration idea of President of Republic of Kazakhstan and her role is in world history. The Country's leader in the article is "Eurasian союз: от ideas to the future" are underlined by basic four stages that will bring independent Kazakhstan over to Eurasian integration. Thus, an author is convinced, that President as a statesman foresees the future of country in international development. On initiative of President of Republic of Kazakhstan 2014 to in Eurasian space economic integration processes took a step on the new stage of development overcoming quite a bit obstacles on the way to the achievement of the aims. Therefore the primary purpose of this idea is remained by creation Single economic пространства.

**Keywords:** country's Leader, integration, idea, Eurasians Union, economy, strategy

УДК 316.2(574)

## ЖАҢАНДАНУ ҮДЕРІСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЛДАРЛАРЫ

**М.Д. Дакенов** – *Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, т.ғ.к.*

Жаһандануды жалпы әлеуметтік проблема ретінде зерттеу, оны мойындау жаһандану феноменін терең түсінуде жатыр. Егерде микроәлеуметтанумен және макроәлеуметтанудың талдау деңгейінің арасындағы шартты айырмашылық алынса және адам қызметінің бірде-бір формасы басқаларға қатысты басымдық ретінде қаралмаса сол жағдайда ғана жаһанданудың динамикасы зерттеуге беріледі. Алайда практикада жаһандану феноменіне бірөлшемді амалмен қарау жиі кездеседі. ХХ ғасыр соңындағы жаһандану кезеңінің бір ерекшелігі оның масштабы мен көлемінен, тереңдігінен тұрады деген түсінік қате. Бүгінгі күні жаһандану ақпараттық және мәдени сипат алып, өзінің әлеуметтік әрекет ретіндегі сипатын жоғалтуда. Қоғамдар, мәдениеттер және индивидтер арасындағы шекаралар анық болмауда. Кейбір мемлекеттердің күші жаһанданудың арқасында енді ғана артып келе жатса, ал басқа мемлекеттерде ол әлсіретуші фактор ретінде көрініп отыр. Жаһандық капиталистік жүйе әлем елдерін тең емес жағдайға қойды. Байлар мен кедейлердің арасындағы шыңырау кеңейіп барады.

**Тірек сөздер:** жаһандану, жаһандық қоғам, локалдану, факторлар, жаһандану үдерісі, жаһандық мәдениет, жаһандану динамикасы, индивид, мемлекеттер, элита

Жаһандану үдерісінің нақты нәтижелерін шартты шекаралардың экономикалық, мәдени және саяси қызмет үшін барған сайын мөлдір болып бара жатқанынан көруге болады және трансұлттық жүйелер – өнеркәсіп монополиялары, ғаламтор студенттермен және кәсіби мамандармен өзара алмасу, қыз-

мет көрсету саласы, «жасыладрдың» ұйымы және адам құқын қорғау қозғалысы – шын мәнінде жаһандық мәдениет пен экономика жүйесін құруға ықпал етті. Барлық осы факторлардың әрекеттерінің арқасында ХХ ғасыр үшін әлемді кеңістіктерге, аумақтарға және идеологиялық блоктарға бөліп қараудан тұрған дәстүрлі «геосаяси қиялдың» іргесі шайқалды. Жаһандану «ағыстар» мен «жүйелерден» тұратын, барған сайын бір тұтастықтың бейнесін қабылдаған жаңаша геосаясат пен әлемге жаңа қарауды қалыптастыруға алып келді.

Әрине күнделікті өмірде «шекаралар, құрылымдар және жиіліктер» әлі де болса сақталған. Жаһандық қоғам әзірге тек трансұлттық корпорациялар, трансұлттық қоғамдар мен құрылымдар формасында өмір сүруде. Жаһандану әлеуметтік-саяси өмірдің ғаламдық сыртқы бейнесіндегі қандайда бір мәнді бірлікті туындатқаны мен оны таза біртекті дүние деп түсінуге болмайды. Локалдандыру акторалары мен жаһандандырушы күштердің арасындағы, тірі локалдыктар мен виртуальді қауымдастықтар арасындағы қатынастарда жаһандандырушы қысымның абсолютті басымдыққа жетуі сирек болады. Әдетте зерттеушілер көрсеткен көптеп саналатын пішіндері бар жаһандық жүйені бақылап, олардың кейде бір-бірінің үстіне қаланатынын, ал кейде бір-бірімен қиын үйлесетін де көреміз.

Мұндай бейнелердің біріншісі - бұл тұтынудың тұтас жүйесі ретіндегі әлем бейнесі. Екіншісі – бұл локалданған индивидтердің күнделікті өмір салтымен байланысқан «үйреншікті маңыздылық» түріндегі локалдык және жаһандық құрылымдануының арасындағы әлем. «Үйреншікті маңыздылық» деңгейінде ғалымдар жаһандық әлемді локалдык мүмкіншіліктердің жаһандықпен қиысуы ретінде қабылдайды. Үшінші – бұл «мәдени будандардан» тұратын әлем, индивидтің айтарлықтай мөлшерде мәдени, діни және ұлттық ұқсастыру мүмкіндігін жоғалтатын әлемі. Б.Аксфорд, мысалы, мұндай будандастыру «ес кетіру мәдениетті» тудырады деп есептейді.

Жаһандық сана акторлардың қайсыбір аспектілерін қабылдауға итермелеуі мүмкін, ал кейбіреулеріне қарсы шығуы да мүмкін. Салқындатқыш сусындарды, мультимедиа технологиясын немесе секулярлы мәдениетті қабылдамау формасында жаһандануға қарсылық көрсетудің көбіне – көп антиамерикандық немесе антибатыстық бағыты бар. Басқа да акторлар жаһандануға қарсылық көрсетуде, өйткені оны «капиталдың шексіз қорлануының» бөлігі ретінде қабылдайды. Жаһандануды қабылдамаудың бір себебі оның мәдениеттегі дәстүрге деген сенімді және адамгершілікті ығыстырады деген сезімде жатыр.

Осылайша «жаһандық» феноменіне әзірге ортақ түсінік жоқ. Жаһандану үдерісі барысында бір – біріне қарсы тұрған үрдістердің ғаламдық масштабта өзара байланысының артуы және одан әрі фрагментациялануы көрінеді. Жаһандану қоғамдарда байланыстардың алуан типін орнатады. Ол У.Ханнерцтің еңбегінде «жаһандық ойкумен» деген атаумен берілген. Бұл ойкумен түгелдей шекарасынан айырылған. Осы жаһандық түзілімнің жүйелігі немесе бірлігі локалды субъектілердің жаһандық құрылымдармен өзара әрекетінің нәтижесі болып табылады.

Жаһанданудан жасырынып, бұғып қалу мүмкін емес. Жаһандану үдерісі күн өткен сайын локалды жүйелерге үлкен ықпал етуде және оған ашық қарсылық көрсеткеніне қарамастан негізгі режимдердің өзі де қайсыбір дәрежеде жаһандық жүйемен өздерін ұқсастандыруға мәжбүр болуда.

Егерде микроәлеуметтанумен және макроәлеуметтанудың талдау деңгейінің арасындағы шартты айырмашылық алынса және адам қызметінің бірде-бір формасы басқаларға қатысты басымдық ретінде қаралмаса сол жағдайда ғана жаһанданудың динамикасы зерттеуге беріледі. Алайда практикада жаһандану феноменіне бірөлшемді амалмен қарау жиі кездеседі. Мысалы, көптеген экономистер мен менеджмент теоретиктері жаһандануды неолиберализмнің қазіргі идеологиясының және практикасының желісі ретінде қарастырады. Бұл көзқарас жаһанданудың мәдени және технологиялық өлшемдерінің бар екендігі туралы сөз қозғамайды, ал бірақ олармен байланысқан саяси мәселелерді екінші қатардағы мәселелер деп санайды. Жаһандану, бұл жағдайда, тұтас дүние жүзілік сауда және қаржы жүйесін қалыптастырудың қарапайым үдерісіне айналады, сонымен қатар ол А.Амин көрсеткеніндей, бай мемлекеттердің, мультұлттық корпорациялардың және халықаралық реттеуші институттардың арасында коалиция құрудан көрінеді. Бірақ мұндай амалда ірі қателесу бар, өйткені ол мәдени үдерістерінің жаһандануымен байланысқан мәселені назардан тыс қалдырады. Шындығында мәдениет – бұл жаһандану аспектісін зерттеуде аса үлкен жеміс беретін сала. Тек мәдениет қана индивидтердің әлеуметтік ұқсастығына ықпал етеді және оларды маңыздылығымен бір-бірімен жақындатады. Бұл жерде мәселе, А.Аппадюре, М.Фридман, У.Ханнец сияқты әлеуметтік антропологтардың және Р.Робертсон, З.Бауман, М.Физерстоун сынды бірқатар әлеуметтанушылардың соңғы жылдардағы зерттеулері көрсеткеніндей, мәдениеттің жиі шеттетілуінде болып отыр және оны өзіндік әлеуметтік іргетас ретінде немесе үстем етуші жіктердің экономикалық мүдделерін идеологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету жүйесі ретінде қарастыруда болып отыр. Мұндай амалда мәдениеттің индивидтердің күнделікті нақты өзара әрекеттерінің жемісі екені, мәдениеттің оларға

сырттан енетіні, өздерін өзгерткені және өзгертпегені есепке алынбай қалады. Ғаламторды пайдаланатындар саналы түрде және мақсатты түрде, сондай-ақ мінез-құлықтың бекітілген моделдерін ғаламға таратушы жаһандық әлеуметтік қозғалыстың мүшесі ретінде жаһандық мәдениет кеңістігін жасауға қатысады. У.Ханнерц атап өткеніндей, саналы жауынгер антижаһандануда жаһандану үдерісі диалектикасының бір ғана бөлігін құрайтын болады.

Жаһандану әлеуметтік ұйымды өзгертумен қатар әлем халықтары санасына да өзгерістер енгізеді. Дж.Арриджи жаһандануды дүние жүзілік капиталистік жүйенің эволюциялық өзгеру үдерісінің бір буыны санайды. Алайда мұндай түсінудің жеткіліксіздігі анық. Өйткені ол барлық байлықты және дүние жүзі тарихының күрделігін бір ғана капиталистік жүйенің құрылуына әкеп тірейді.

Ресейдің кейбір зерттеушілерді жаһанданудың тарихи тұрғыдан кең түсінуді ұсынып жүр. Мысалы, Г.Г. Дилигентскийдің пікірінше «Жаһандану - бұл тіптен де жаңа құбылыс емес. Ол адамзат тарихының әртүрлі кезеңінде әртүрлі формада болған» [1]. Адамзаттың бүкіл тарихы, осы көзқарас контекстінде, үлкен жаһандануға қарай бірте-бірте қозғалу үдерісіне көшкенін байқатады.

Жаһандану, Э.А. Азроянцтың пікірі бойынша, тарихи үдерістің мақсатын құрайды. Оның динамикасын ықпалдасу және ықпалдаспау үдерісінің теке тіресі анықтайды. Жаһандану үдерісінің қазіргі кезеңін интернационализациялану кезеңі ретінде сипаттауға болады [2].

XX ғасыр соңындағы жаһандану кезеңінің бір ерекшелігі оның масштабы мен көлемінен, тереңдігінен тұрады деген түсінік қате. Шын мәнінде басты айырмашылық мынаған саяды. XX ғасыр соңында жаһандану аумақтық сипат алған емес. Егерде XIX ғасырда капитализмнің жаһандық дамуы ең алдымен оның аумақтық деңгейде кеңінен жайылуынан, империализмнің отарлау жүйесінің дамуынан, шикізат пен капитал шығаруынан көрінсе, бүгінгі күні жаһандану ақпараттық және мәдени сипат алып, өзінің әлеуметтік әрекет ретіндегі сипатын жоғалтуда.

Соңғы уақытта қоғамдар, мәдениеттер және индивидтер арасындағы шекаралар анық болмай бара жатыр. Ұқсастырудың кеңістіктік-уақыттық моделдерінің қазіргі тұжырымдамалары, индивидтердің ұқсатуларын олардың өмірін кеңістікте-уақытта ұйымдасуымен байланыстыратын, жаһандану тұрғысындағы посткеңістік тұжырымдамаларына орын беруде. Осы орайда жаһандану әрбір жеке елдің үйреншікті әлеуметтік кеңістігінің үстінде жаңа мегакеңістік құру іспетті нәрсе. Бұл қосымша кеңістік өзіне интеллектуалдық, ақпараттық, коммуникативтік ресурстарды қосқан. Осыдан, бұл үдеріске қосылған әр мемлекет өзінің ішкі кеңістігіне толық бақылау жасау қабілетінен айырылуы, оның өткізгіштігінің артуы, жаңа мемлекет үсті элитаның қалыптасуы және бұрынғылардың билігінің жарым-жартылай шектелуі келіп шығады. Әлбетте бұл үдеріс «азаматтық қоғамның бүкіл ішкі ұйымдасу жүйесін, әлеуметтік өзара әрекеті жүйесін және оның құқықтық қамтамасыз етілуін» [3] түбегейлі өзгертуге әкеп соқтырады. Б.Бербер жазғандай, аумақтық әлемдік тәртіптің күні барған сайын келмеске кетіп барады, оның орнын салалық экономика өндірісі мен тұтыну басады.

Алайда «шекарасыз жаһандық капитализм туралы» түсінік, қазіргі бірқатар авторлардың пікірі бойынша – мифтік деңгейде қалған. Мысалы, П.Херст пен Г.Томпсон жаһандану идеясын мемлекеттік басқару эрозиясының сөздігінің және жаһандық еркін рыноктың қажеттігін талап еткен неолиберализмнің туындысы санайды. Олар байқалып отырған жаһандануды «Экономикалық үштік» – Еуропа, Америка және Оңтүстік-Шығыс Азия бөлігінің шеңберінде айтарлықтай шектелген халықаралық сауданың жәй ғана интенсификациясы деп есептейді. Бұған дәлел ретінде, аталмыш авторлар үкіметтердің трансұлттық корпорацияларды басқаруға белсенді қатысуына сілтеме жасайды. Сонымен қатар Херст пен Томпсон нағыз жаһандық корпорациялар өте аз және олар өзара қарым-қатынасын үзген деген пікірде айтуда. Осы зерттеушілер XIX ғ. Соңы мен XX ғ. бас кезеңін дүние жүзілік капитализмнің, халықаралық тауар айналысының, капитал бөлудің және халықтардың көші-қонының «тамаша дәуірі» болды деп сендіреді. Алайда жаһандану деп аталатын тек экономикалық үдерістерге және неолиберализмге сайып қоймайды. Қазіргі жаһандану үдерістері тек халықаралық рыноктарды дамытумен шектеліп қалмайды. Бұл жоғары әлеуметтік-қайта құрушылық тиімділікті игерген бірқатар технологиялық инновациялар.

Бұл менеджмент деңгейінде жер шарын тұтас операционалды алаңға айналдыратын жаһандық байланыстарды орнату. Мысалы, М.Кастельс жаһандану ең алдымен еңбектің басқа түрлерінен ерекшеленетін ақпараттық еңбектің рөлінің артуынан көрінеді деп есептейді. Кастельстің пікіріне сәйкес, жаһандық экономикалық тәртіп – бұл «экономиканы басқарудың тарихи қалыптасқан архитектурасын» тіптен де жаңа күштерге қарсы – техникалық инновациялардың жаңа ұрпақтарына және орнаған шекараларды мойындамайтын экономикалық бәсекелестікке қарсы күрестің тәртібі.

Егеменді елдердің сақталған күші, жаһандануды жеңе алмаған деген пікір бар, бірақ бұл да айтарлықтай миф болып саналады. Біріншіден, Я.Петерс көрсетіп отырғанындай, қазіргі ұлттық мемлекет ұйым

стандарты ретінде жаһанданудың формасы іспетті. Әлем егеменді аумақтың бірліктеріне бөлінсе де олар саналы түрде құрылған әлемдік тәртіптің құрамдас бөлігі.

Екіншіден, егеменді мемлекеттер – бұлар әлемдік экономикалық үдерістерде әрекет етуші және социентальды құндылықтарды сақтаушы мемлекеттер. Бірақ олардың жаһандану үдерісіндегі орындары әртүрлі, бірдей емес. Кейбір мемлекеттердің күші жаһанданудың арқасында енді ғана артып келе жатса, ал басқа мемлекеттерде ол әлсіретуші фактор ретінде көрініп отыр. Мысалы, Шығыс Азияның кейбір мемлекеттері мобилді капитал тартып, өздерін сақтай алды. Бұл құбылыстың негізгі, қазірде «азиаттық капитализм» деген атпен белгілі, жаһандық қаржы экспансияның мемлекеттік орталықтану моделінде жатыр. Бұл модель мемлекетті күйрететін жаһанданудың сыртқы ықпалына қарсы тұруға мүмкіндік береді, ал басқа жағдайда олар ұлттық қаржы жүйесінде жанжал шығарады. 90 ж. соңында «азиаттық капитализм» әлі де болса өзін-өзі сақтады. Кеңес Одағының ыдырауы, тіптен әлемдік державалардың жаһандық экономиканың тықсыруына қарсы тұра алмайтынын көрсетті, ал мүмкіншілігі шектеулі «азиялық мемлекеттердің», көпшілігі бұрынғы отарлар, ол әлдеқайда осал етеді. Тіптен капиталистік әлемнің кейбір аса бай елдері, Германия және Жапония сияқты, жартылай егеменді елдер тік биліктің «төменнен» (аймақтың сепаратистік күштерінен) және «жоғарыдан» (жаһандық және трансұлттық институттармен) шәйілуі үдерісінің жүруі мемлекеттік басқару архитектурасын қайта құруға әкеп соқтырады.

Осылайша, мемлекеттің сақталған күшін мойындау үшін жаһандануды миф ретінде қарастырудың ешбірде қажеттігі жоқ. Нақтылық одан да күрделі, ол мемлекеттің және мемлекеттік саясаттың бүгінде жаһандану контексіне қоса өрілуінен байқалады.

Биліктің жауапкершіліктен бөлінуі жаһандану феноменінің екінші жағы. Қалыптасқан жаһандық элита, мемлекет үстінде құрылған, елдердің халықтары алдында кез келген мемлекеттің қандайда бір дәрежедегі дәстүрлі жауапкершілігін өз мойнына алмайды. Бұл жағдай адамдардың алдында ешбір міндет алмай, оларды тоқтаусыз қанауға, езуге мүмкіндік жасайды. Жаһандық элита пайда болған экологиялық және әлеуметтік мәселелерді жоққа шығарады, әлеуметтік қорғалмаған адамдардың тағдыры туралы, дүниеге келмеген ұрпақтардың болашағы жөнінде басын ауыртып, ойланбайды. Сондықтан жаһандану – бұл терең қарама-қайшылықты құбылыс. Ол тек қана қоғамдарды, олардың саналарын біріктіріп қоймайды, сонымен бірге бөледі де, байытып қана қоймайды, сонымен қатар айтарлықтай шектейді де. Жаһанданудың көрінісін ең алдымен локалдық деңгейде байқауға да болады. Р.Робертсонның пікірі бойынша жаһандану локалдық мәдениетті өзіне жинап тұтастырады, қактығысытырады, осы қактығыста локалдықты қайта анықтауы тиіс. Қаржы, сауда және ақпараттық ағымдар үшін қандайда бір шекараның болмауы, халықтың көптеген топтары үшін өмір мен қызмет орындарын айқындауға итермелейді, күшейтеді. Көптеген адамдар үшін бұл әлеуметтік кері кетуді, ашықтан-ашық, кеңістігін жоғалтуды: олардың біртұтас жаһандық орталықтардан алыс жерлерді мекендеуі оларды өздерінің әлеуметтік мағыналар жасауға, шешім қабылдауға қатысу мүмкіндігін жоюды әкеледі. Олар әлде бір алыс жақта шешілген мағына мен маңыздың енжар реципиенттері болып қалады. Осылайша әңгіме кең көлемдегі сеграгация туралы, жаһандық элита мен әртүрлі елдер халықтарының арасында қашықтықтың орнауы және оның өсуін анықтау жөнінде болып отыр. Бұл туралы Дж.Сорж былай деп жазған: «Жаһандық капиталистік жүйе әлем елдерін тең емес жағдайға қойды. Байлар мен кедейлердің арасындағы шыңырау кеңейіп барады. Ал жеңілгендерге ешқандай үміт пен ешбір қолдау бермейтін жүйе, оларды деструктивтік әрекеттер жасауға итермелейді, сондықтан ол іштен зиян келтіру тәуекеліне барады» [4].

Жаһандану, оны қалай деп бағаласақ та, қазіргі өмір сүру фактісі екенін мойындау қажет. С.Сильвестров жаһандану «қайтымсыз үдеріс, әлемдік дамудың болмай қоймайтын заңды жағдайы, жаһанданудың жаманы немесе жақсысы болмайды» [5] – деп атап көрсетті.

Сайып келгенде жаһандану ұғымы өте көп жақты түсінік. Әлеуметтік ғылымдар үшін оның құндылығы әлемді бір тұтастыққа – жаһандық жүйеге айналдыратын үдерістерге көңіл аударатындығында жатыр. Жаһандануды зерттеу жалпы әлеуметтік-ғылыми мойындаудың шартты талдау бірліктері мен деңгейлері-индивидуалды, локалды, социеталді, ұлттық және халықаралық-әлеуметтік практика мен ұйымның жеке салалары емес, керісінше олардың барған сайын жинақталуы мен шырмалулары. Осы мойындауда жаһандану феноменін терең түсіну жатыр.

1 *Актуальные вопросы глобализации. // Мировая экономика и международные отношения. 1999. - №4, 5.*

2 *Азроянц Э.А. Глобализация как научная проблема // Полигнозис. 2000. - №4. - с. 106.*

3 *Сильвестров С. Глобальная модернизация: последствия для человека и общества // Общество и экономика. 2000. - №5-6. - С. 2247*

4 *Сорж Дж. Открытое общество. Реформируя глобальный капитализм. – М., 2001. - с. 20-21.*

5 *Сильвестров С. Глобальная модернизация: последствия для человека и общества // Общество и экономика. 2000. - №5-6. - С. 223.*



### Резюме

Исследование глобализацию как общую социальную проблему, и признавать ее, лежит в глубоком понимании феномена глобализации. Если взять микросоциологию и условное различие уровня анализа между макросоциологией, и деятельность человеческой жизни не рассматривается приоритетным, только в этом случае динамика глобализации подлежит исследованию. Но, часто встречается на практике смотреть на феномен глобализации одномерно. Неверно, считать, одной особенностью конца XX века, что глобализация состоит из объема, масштаба и глубины. На сегодняшний день глобализация имея информационный и культурный характер, теряет свою роль социальных действий. Границы между обществом, культурой и индивидами постепенно исчезают. Если в некоторых государствах, благодаря глобализации, увеличивается сила государства, то в других государствах она является ослабевающим фактором. Глобальная капиталистическая система поставила перед странами мира нелегкую задачу, и показала их неравными. Разрыв между богатыми и бедными раскрывается с каждым днем.

**Ключевые слова:** глобализация, локализация, факторы, динамика глобализации, индивид, государства, элита, культура глобализации

### Summary

Research globalization as social problem comes from understanding of the phenomenon of globalization. However in practice globalization is examined only in one of variants. To date globalization carries informative and cultural character, losing character of social actions. At the same time, borders are presently lost between public, culture and individuals. Due to the process of globalization of force and power of some states spinups, and in other countries he is examined as a braking factor. To date, with the globalization of information and cultural nature, losing its role of social action. The boundaries between society, culture and individuals are gradually disappearing. While in some countries, due to globalization, increased power of the state, while in other countries it is sagging factor. The global capitalist system is put in front of the world no easy task, and showed them unequal. The gap between the rich and the poor opens up every day.

**Keywords:** globalization, localization, factors, dynamics of globalization, individual, states, elite, culture of globalization

УДК 323.172:321.7(574)

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТАЛЫҚСЫЗДАНДЫРУ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ДАМУ КЕЗЕҢІ ІСПЕТТІ

**Г.И. Досмағамбетова** – ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының «Мемлекеттің саяси стратегиясы» кафедрасының профессор м.а, саяси ғылымдарының кандидаты

Мақалада орталықсыздандыру процесі қоғамды демократизациялауға ықпал ететіні, әсіресе Қазақстан тәрізді заманауи мемлекет үшін өзекті болып табылатыны дәлелденген. Аталған саяси процесі және оған тікелей қатысы бар басқа да шараларды іске асыру мемлекеттік функцияларды оңтайландыруға және тиімді бөлуге, барлық деңгейдегі мемлекеттік биліктің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін бюджетаралық қатынастардың рационалды үлгісін құруға ықпал етеді.

Тұрғындарды қоғамдық басқару мәселелерін шешуге тарту – негізгі мақсаттан басқа орталықсыздандыру мәселесі де өмір сүру деңгейінің сапасын арттыру және қоғамдық құрылым жүйесінің жекелеген элементтерінің әлеуетін дамыту мақсатына ие болып отыр.

**Тірек сөздер:** әкімшілік реформа, орталықсыздандыру, билік деңгейлері, мемлекеттік функцияларды оңтайландыру, демократия, бөлшектеу

XX ғасырдың аяғында пайда болған әкімшілік реформа үшін саяси жағдайлар мемлекеттік билікті орталықтандыру мен орталықсыздандыру арасындағы қатынасқа едәуір әсер етті. Соңында, «полиархия» теориясының авторы Роберт Даль атап өткендей, экономикалық жүйені орталықсыздандырудың арқасында, көптеген экономикалық шешімдер тәуелсіз адамдар мен компанияларға қатысты қабылданатын кезде, нарықтық капитализм күшті, тіпті авторитарлық басқаруға ие болу қажеттілігінен босатады.

Осыған ұқсас жағдай Қазақстанда да қалыптасты. Біздің мемлекетімізде әкімшілік реформаларды өткізу үшін объективтік алғышарттар өткен жүзжылдықтың 90-жылдары ортасында пісіп жетілді, олар 1997 жылы әкімшілік реформаға кірісуге мүмкіндік берді.

Мемлекет басшылығының елімізді одан әрі дамытуға арналған бағыты саяси жүйені дамыту үшін маңызды ынталандыру болды. Осылайша, Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы Қазақстан халқына жолдауында саяси реформалардың негізгі жеті элементі анықталды: адал сайлау өткізу; саяси партиялардың өсуі мен нағаяуына жәрдемдесу; биліктің тұрақтылығы мен сабақтастығын қамтамасыз ету; үкіметтік емес ұйымдардың рөлін нығайту; тәуелсіз соттарды қалыптастыру; еркін баспасөз; тендерлік аспектіге ерекше көңіл бөлу [1].

1992-1993 жылдары қолданыстағы сайлау жүйесі саяси-билік жүйесінде қалыптасқан жаңа қоғамдық қатынастарға сәйкес келмеді және маңызды қайта ұйымдастыруды қажет етеді. Сайлау жүйесі ретінде білдірілетін билік элитасын қалыптастырудың жаңа тетігі талап етілді.

1990-1992 жылдардағы сайлау жүйесін реформалаудың бірінші кезеңі 1993 жылғы 28 қаңтарда 12-шақырылған ҚР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясының күшіне енуінен басталды. Алдыңғы сайлау жүйесі арнайы сайлау заңын қабылдағанға дейін қолданыста болуына қарамастан, оны өзгертуге алға қадам жасалды.

Жаңа Конституция өкілеттіліктің жүйесі мен қағидаттарын толығымен өзгертті. ҚР Конституциясының 14-бабына сәйкес республика азаматтары тікелей және өздерінің өкілдері арқылы «мемлекеттік істерді басқаруға, заңдарды және мемлекеттік және жергілікті маңызы бар заңдар мен шешімдерді талқылау мен қабылдауға қатысу» құқығын алды.

Осыған байланысты, Жоғарғы Кеңес және жергілікті өкілді органдардың депутаттарының дерлік барлығын тікелей халық сайлауы тиіс болды. Қандай да бір кооптация (сайлаусыз) мүмкіндігі көзделген

жок. ҚР Конституциясының «Сайлау» деген 18-тарауында сайлау құқығының негізгі қағидаттарын бекітті: жалпыға бірдей, теңдік, төте сайлау сипаты және жасырын дауыс беру.

Сайлау жүйесін реформалаудың екінші кезеңі 12-шақырылған ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 9 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Кодексын қабылдауымен басталды.

Сайлау туралы Кодекске сәйкес Қазақстанда мажоритарлық сайлау жүйесі енгізілді, бұл ретте сол және бір жағдайда қолданылатын өзінің белгілі екі түрінде:

- абсолюттік көпшілік жүйесі ҚР Президентін сайлауда қолданылды;

- қатыстық көпшілік жүйесі Жоғарғы Кеңес және жергілікті өкілді органдар депутаттарын сайлауға қолданылды.

1993 жылы Қазақстандағы жаңа сайлау жүйесінің маңызды ерекшелігі кандидаттарды ұсыну тәртібінің елеулі өзгергенінде болды. Енді ұсыну құқығын сайлау ұжымдары емес, ал өзін-өзі ұсыну арқылы азаматтардың өздері иеленді. Аталған құқық сондай-ақ қоғамдық бірлестікте де сақталды. Сонымен қатар Жоғарғы Кеңес депутаттығына кандидаттардың мемлекеттік тізімі енгізілді. Осындай кандидаттарды ұсыну құқығы ҚР Президентінде болды. Мемлекеттік тізім бойынша сайланатын депутаттардың саны 42-ні құрады. Мемлекеттік тізім бойынша сайлаудың кооптациядан айырмашылығы бұл шындығында балама негіздегі және қатыстық көпшілік жүйесі бойынша сайлау болды.

Сайлау жүйесінің маңызды өзгеруі сайлау кепілін енгізу болды:

а) Президенттікке және Вице-президенттікке кандидаттар үшін – 10 айлық жалақы (айлықақы) мөлшерінде;

б) Жоғарғы Кеңес депутаттығына кандидаттар үшін – 5 жалақы (айлықақы) мөлшерінде; тұрақты жалақысы жоқтар үшін – заңнамада белгіленген ең аз жалақының бес еселенген мөлшерінде.

Сайлауды қаржыландыру бұрынғысынша мемлекеттің құзыретінде болды, бұл кандидаттарға сайлау алдындағы науқан барысында тең жағдайларды қамтамасыз етуі тиіс еді. Сайлауды мемлекеттік емес қаржыландыруға тыйым салынды, сайлау комиссиялары сайлау науқанын өткізуге бөлінген республикалық бюджет қаражатын кандидаттардың жұмсауын бақылауы мүмкін.

Сайлау жүйесінің кемшілігі дауыс беру мен оның қорытындыларын шығару рәсімін қоғамдық бақылау қағидатынан бас тарту болды. Сайлау туралы кодексте сайлау процесіне байқаушылардың қатысуы туралы мүлдем сөз болған жоқ. Осылайша, сайлау жүйесін реформалау тек кейбір дәрежеде ғана оны неғұрлым ілгері етіп, халықаралық стандарттарға жақындатты.

Нәтижесінде, 1994 жылғы парламенттік сайлау ҚР Конституциясы мен Сайлау туралы кодексті көптеген бұзушылықтармен өтті, бұл алдын ала олардың нәтижелерінің объективсіз болуын шешті.

1995 жылғы 30 тамызда саяси-институционалдық жүйенің өзгеруіне әкеп соқтырған және сайлау жүйесі мен сайлау заңнамасын қайта ұйымдастыруға ұйымдасқан түрде әкелген Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды.

Сол уақыттың сайлау жүйесі туралы толық түсінік беретін сайлау жүйесі, ең алдымен, 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заң күші бар ҚР Президенті Жарлығымен ұсынылды. Аталған Жарлыққа сәйкес кандидаттардың барлық санаттары үшін, қатыстық көпшілік негізінде сайланатын жергілікті өзін-өзі басқару органдарына кандидаттарды қоспағанда, абсолютті көпшіліктің екі турлық мажоритарлық жүйесі белгіленді.

Кейбір сарапшылардың пікірі бойынша екі турлық дауыс беру жүйесін енгізу Қазақстан үшін алдыңғы сайлау жүйесімен салыстыру үшін алға жасаған қадам болды, себебі ол дауыс беру нәтижелерін неғұрлым объективті бағалауға мүмкіндік береді [3, 124-130 б.]. Ұқсас пікір барлық деңгейдегі өкілді органдарға сайлау кезінде бұдан бұрын қолданылған қатыстық көпшілік қағидаты, жеңіске жету үшін өзінің қарсыласынан бір дауыс артық жинау жеткілікті болғанда, күштердің шынайы бөлінуін көрсеткен жоқ.

Жаңа сайлау заңнамасының оң сәттерінің бірі Мәжіліс депутаттығына кандидаттар үшін өздерін қолдап қол жинау қажеттілігін алып тастау болды. Бұл жағдай өткен шақырылымдағы депутаттар үшін жаңа парламенттегі орындар санын кедергісіз кеңейтуге мүмкіндік берді, мұны 1995 жылғы сайлау растады.

Сайлау туралы жарлықтың кемшіліктеріне мынадай сәттерді жатқызған жөн:

а) байқаушылардың болу және сайлау процесіне қатысу фактісі онда (жарлықта) көзделгенімен, байқаушылардың қоғамдық бірлестіктерден, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардан белгілі бір нақты құқықтық мәртебесінің болмауы;

б) сайлау учаскелерінде дауыс беру рәсімін бұзушылықтарға кедергі келтіру тетігін болдырмау;

в) байқаушылар мен кандидаттардың өкілдері тарапынан дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде дауыстарды санау үшін бақылау тетігінің болмауы.

1995 жылы өткен парламенттік сайлау сайлау процесінің жетілмегенін көрсетті. Осыған байланысты, оны жалпыға бірдей демократиялық және құқықтық нормалар мен қағидаттарға сәйкес келтіру мақсатында қолданыстағы сайлау туралы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туындады.

1998 жылы республиканың Конституциясына сайлауды өткізу барысын маңызды өзгерткен түзетулер енгізілді. Облыстардан, республикалық маңызы бар қала мен республиканың астанасынан төмен тұрған әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдерін тағайындау ғана емес, сонымен қатар оларды сайлау мүмкіндігін анықтайтын ереже неғұрлым перспективті болып көрінді. Оларға ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің, кенттердің, аудандық және облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері жатады.

ҚР Конституциясына енгізілген басқа да өзгерістер мен толықтырулар парламенттің қос палатасына қатысты болды, олар, жалпы алғанда, сайлауға жеке адамдар мен қоғамдық бірлестіктердің қатысу мүмкіндігін кеңейтті. Олардың ішінде енгізілген партиялық тізімдер бойынша дауыс беруді, сондай-ақ, «бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша тиісінше облыстың, республикалық маңызы бар қала мен республика астанасының барлық өкілді органдары депутаттарының бірлескен отырысында дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың немесе таңдаушылардың 50 процентінен астамының дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі.» дегенді атап өтуге болады.

Мажоритарлық және пропорционалдық жүйелердің элементтерін байланыстыратын аралас сайлау жүйесін енгізу маңызды өзгеріс болып табылды. Қазақстанда 1998 жылғы күзге дейін қолданылған өкілдіктің партиялық тізімдер бойынша дауыс берусіз мажоритарлық жүйесі күшті саяси партиялар құруға ықпал еткен жоқ.

ҚР Конституциясына екі рет 1999 жылғы 6 сәуір мен 28 маусымда енгізілген, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заң күші бар ҚР Президентінің Жарлығына сайлау процесінің демократиялығын кеңейтуге бағытталған түзетулер енгізілді. Ең алдымен, сайлауды ұйымдастыру мен өткізу мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық акті мәртебесін конституциялық заң күші бар Президент жарлығын тікелей конституциялық заңға өзгерту туралы сөз болады. Сөзсіз, мұндай шара сайлау институтының саяси-құқықтық мәртебесін, сонымен қатар оның қоғамның қоғамдық-саяси өміріндегі маңыздылығын арттырады.

ҚР Конституциясына және сайлау туралы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар ел парламентінің кезекті сайлауына жеке және партиялық қатысу дәрежесін кеңейтуге мүмкіндік береді. Қолданыстағы сайлау жүйесі сайлау процесінің негізгі қатысушыларына әр түрлі сайлау технологияларын пайдалануға мүмкіндік берді, бұл 1999 жылғы Мәжіліске сайлау барысында көрсетілді.

Тұтастай алғанда, 1998-2002 жж. сайлау процесінің қағидалары едәуір өзгерді. Сайлау жүйесін трансформациялаудың аталған кезеңінің ерекшелігі болған жаңа енгізілімдер: Парламенттің төменгі палатасының депутаттық корпусын құру қағидатын өзгерткен, Мәжіліске сайлаудың аралас мажоритарлық-пропорционалдық жүйесіне көшу; сайлау қорларын аралас негізде (жеке меншік және бюджеттен) құру практикасының басталуы; халықаралық байқаушылардың дауыс берудің үлкен ашықтығын және оның нәтижелерінің заңдылығын қамтамасыз ететін сайлау процесіне қатысуы [4, 139 б.].

Осы кезеңде маңызды электораттық науқандар өткізілді – 1999 жылғы Президенттік сайлау, 1999 жылғы Мәжіліске сайлау, 1999 және 2002 жж. Сенатқа сайлау. Аталған кезеңдегі сайлау жүйесінің эволюциясы ретінде сайлау заңнамасының мазмұны мен электораттық механизмді одан әрі трансформациялау қажеттілігіне негізделетін саяси процестердің арасындағы қарама-қайшылықтардың өсуі болды.

2004-2007 жылдары сайлау заңнамасын кейбір либерализациялау жағына қарай қозғалыстар бола бастады, бұған ішкі даму (саяси реформалаудың экономикалық дамудан артта қалуы, оппозиция тарапынан көну талабы) факторлары, сондай-ақ осы саладағы сыртқы қысым факторларын күшейту түріндегі халықаралық құқықтық стандарттарға неғұрлым сәйкес келу қажеттілігі себепші болды.

Қолданыстағы сайлау жүйесінің түйінді негіздерін қозғамай, осы кезеңдегі өзгерістер, негізінен сайлау процесіне қатысушылардың электораттық құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге, дауыс беру мен дауыстарды санау тетігін жетілдіруге бағытталды. Бұл орайда 2004 жылы сәуірде қабылданған «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Заңға түзетулердің едәуір маңызды мәні болды [5]. Қарастырылып отырған кезеңдегі сайлау заңнамасына енгізілген демократиялық сипаттағы жаңғыртулар қатарына: баламасыз сайлауды жою; саяси партиялардың ұсынуы бойынша мәслихаттардың сайлау комиссиясын құрудың жаңа қағидатын бекітуі; сайлаушыларды есепке алу және азаматтарды тұрғылықты жері бойынша тіркеуге негізделген олардың тізімдерін құру қағидатын енгізуді жатқызуға болады.

Үгіттеу қағидаларын реттеу неғұрлым анық сипатқа ие болды, бұл атап айтқанда, сайлаушыларды жасырын сатып алу мүмкіндіктерін және сайлау процесіне шетелдік адамдар мен ұйымдардың тарапынан

болатын араласушылықты шектеуден көрінді. Сайлау күресіндегі кандидаттардың үгіттік мүмкіндіктерін теңестіруге қатысты анық қадамдар жасалды (заңмен кепілдік берілген БАҚ-қа тең қолжеткізілім, сенім білдірілген адамдар санын шектеу және басқ.).

Бұдан басқа, қоғамдық пікірдің қысымымен және Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюронның ЕҚЫҰ (ДИАҚБ) ұсынымдары бойынша сайлау заңнамасынан сайлау науқандары уақытындағы азаматтардың конституциялық құқықтарын шектейтін кейбір ережелер алып тасталды. Осы кезеңге тән ерекшелік электрондық дауыс беру практикасын, теледебаттарды және аудандық әкімдерді эксперименттік сайлауды енгізу болды.

Кезеңнің қорытынды нәтижесі сайлау жүйесінің функционалдық параметрлерін маңызды жақсарту, оның сайлау заңнамасының жалпыға бірдей халықаралық стандарттарға жақындауы болды.

Конституциялық реформалаудан туындаған сайлау жүйесіндегі сапалы жаңа өзгерістер 2007 жылы болды. Барлық сайлау жүйесін маңызды трансформациялауға негізделген қағидатты жаңалықтар ретінде бірыңғай сайлау округін құруды көздейтін партиялық тізімдер негізінде Парламенттің төменгі палатасына сайлауға көшу, ОСК құру кезінде Парламенттің құқықтарын кеңейту әкімдердің сайланбалылығы жөніндегі экспериментті жою, сайланбалы адамдар үшін (Сенатты қоспағанда) электораттық кезеңнің мерзімдерін реттеу болды. Қазақстан халықтары Ассамблеясының жоғары заңнамалық органы депутаттық корпусының бөлігін сайлау Қазақстандық сайлау жүйесіне айрықша ерекшелік берді.

2004-2014 жылдардағы кезеңнің маңызды электораттық науқандары – 2004, 2007 и 2012 жж. Мәжіліске сайлау, 2005, 2008 и 2014 жж. Сенатқа сайлау, 2005 және 2011 жж. Президенттік сайлау, 2006 және 2013 жж. аудандық әкімдерді сайлау.

Қазіргі уақытқа дейін Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі мынадай сипаттарға ие:

✓ **Ұйымдастыру саласында:**

• сайлау комиссияларының төрт деңгейлі жүйесі (ОСК – облыстық сайлау комиссиялары және Астана және Алматы ққ. қалалық сайлау – аудандық сайлау комиссиялары – учаскелік сайлау комиссиялары);

- жалпы аумақтық қамту;
- дауыс берудің әр түрлі типтерін қосу (қағаз бюллетен мен электрондық);
- ОСК мүшелерін үйлесімді тағайындау (үштен екісі - парламентпен, үштен бірі – Президентпен);
- үшінші-төртінші деңгейдегі сайлау комиссияларын құру кезінде саяси қайталап таныстыру;
- сайлау округтерін құру кезіндегі ОСК-ның жеке дара құзыреті;
- жергілікті атқарушы органдардың сайлаушылар тізімдерін құру.

✓ **Конституциялық-құқықтық салада:**

• тиісті сайлау заңнамасының, оның ішінде ОСК және оның құрылымдық бөлімшелерінің, сайлауды қамтамасыз етуге тартылатын басқа да мемлекеттік органдардың айқын нормативтік-құқықтық базасының, сондай-ақ электораттық процеске қатысушылардың болуы;

- жалпыға бірдей сайлау құқығы;
- тең және жасырын сайлау қағидаттары;
- сайлау құқығының әр түрлі типтерін қолдану (Президент сайлауы және Мәжіліске сайлаудағы сайлау құқығы, жанама – Сенатқа сайлауда);

• сайлау органдарын құрудың әр түрлі қағидаттарын қолданумен (пропорционалды жүйе – Мәжіліске сайлау кезінде, мажоритарлық – Сенатқа және мәслихаттарға сайлау кезінде, ҚХА-дан Парламент депутаттарын сайлау кезінде квоталандыру);

- сайлаудың міндетті баламалылығы;
- заңмен белгіленген сайлаудың кезеңділігі.

✓ **Функционалдық салада:**

• сайлау процесін ұйымдастырудың ерекше құқығы, сайлау заңнамасы нормаларының сақталуын бақылау, тиісті деңгейдегі сайлау комиссияларының дауыстарды санауы және сайлау нәтижелерін айқындауы;

- сайлау комиссиялары мүшелерінің кәсіптілігіне қойылатын талаптар;
- мандаттарды бөлу тетігінің айқындылығы;
- сайлау процесінің қатыстық реттілігі және транспаренттілігі;
- сайлау комиссияларының қатыстық тәуелсіздігі;
- сайлау процесінің тәуелсіз ішкі және сыртқы аудиті жүйесінің болуы.

Қазақстанның сайлау жүйесінің **оң сипаттамаларына** мыналарды жатқызуға болады:

- дамудың сабақтастығы;

- сайлау процесінің негізгі демократиялық нормаларына формальдық сәйкестік (сайлау құқықтарының теңдігі, жасырын дауыс беру, сайлаудың бәсекелілігі және т.б.);
- тұрғындар мүдделерінің көрнекілігі;
- тұрғындардың сайлау процесіндегі сайлау құқықтарын іске асыру мүмкіндігінің жоғары дәрежесі;
- сайлау комиссиялары жұмысының жариялылығы;
- олардың объективтілігіне күмәнданған жағдайда, сайлау нәтижелеріне сотпен наразылық мүмкіндігі;
- қағаз бюллетеньдермен дауыс беру нәтижелерін тексеру мүмкіндігі;
- жалпы демократиялық сайлау стандарттарына сәйкестігі.

Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасы сайлау жүйесінің эволюциясын талдау сайлау процесін демократияландырудағы белгілі бір қолжеткізілімдерді атап өтуге мүмкіндік береді. Бұл ретте, сайлау жүйесінің негізгі қағидаттары бәсекелестік пен баламалыққа негізделгенін атап өткен маңызды.

ҚР сайлау жүйесін трансформациялаудың сипаты мен бағыттарын айқындайтын негізгі факторы саяси жүйенің түрін немесе оның құрылымдық элементтерінің балансын өзгерту болып табылады. Жаһандандыру жағдайларында Қазақстанның сайлау жүйесінің қалыптасу процесіне сондай-ақ, бұл ретте геосаяси және те геоэкономикалық сипаттағы сыртқы факторлар белгілі бір ықпал етеді.

Қазақстандық сайлау заңнамасы қалыптасу сатысында болып отыр, өмірдің өзі оған өзгерістер енгізуді талап етуде. Конституция мен сайлау туралы заңға енгізілетін барлық жаңалықтардың басты бағыты демократияландыру және мемлекеттік басқару тетігін қалыптастыру міндетіне бейімделу болу тиіс. Бұған саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің едәуір кең қатысуы, саяси құқықтар мен бостандықтарды кеңейту, отандық және халықаралық тәуелсіз сарапшыларды тарту, сондай-ақ барлық көзделген рәсімдерді сақтауға көп көңіл бөлу арқылы қол жеткізуге болады.

*1 Ш.А. Құрманбаева. Қазақстандағы сайлау технологиялары – Алматы: Саяси зерттеулердің орталық азиялық агенттігі, 2000 ж.*

*2 Ертысбаев Е.К. Посткеңестік елдердегі саяси қайта құрулар мен сайлау процесінің ерекшеліктері // Қазақстан - спектр, 1999 ж. - №3(9).*

*3 Машанов М. Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі және оның саяси процесінің сипатына әсері // Қазіргі Қазақстан: экономика, саясат, қоғам. – Алматы: Қазақстанның даму институты, 1997ж.*

*4 Сейлеханов Е.Т. Қазақстан Республикасының саяси жүйесі: даму тәжірибесі және перспективалары: Монография. – Алматы: ҚР Президенті жанындағы ҚСДИ, 2009 ж.*

*5 «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар» 2004 жылғы 14 сәуірдегі ҚР Президентінің Жарлығы, «Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлау құқықтарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 2005 жылғы 9 қыркүйектегі ҚР Президентінің Жарлығы, 2006 жылғы 28 қарашадағы Сайлау туралы заңға өзгерістер.*

### **Резюме**

В статье дан анализ этапов реформирования избирательной системы в Республике Казахстан, начиная с выборов в Верховный Совет Казахской ССР двенадцатого созыва до настоящего времени.

В заключении работы подчеркивается необходимость постоянной работы над демократизацией и адаптацией выборного законодательства в практике проведения и организации выборов в стране.

**Ключевые слова:** избирательная система, выборы, выборное законодательство, трансформация

### **Summary**

The article analyzes stages of the electoral system reformation in Kazakhstan since election of 12th convocation of Supreme Council of Kazakh SSR till date.

The article concludes that there is necessity of permanent democratization and adaptation of election legislation to the practice of elections organization in the state.

**Key words:** electoral system, elections, election legislation, transformation



## **ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ**

ӘӨЖ: 94(574).

### **«ТҮРКІСТАН ҒЫЛЫМИ ҚОҒАМЫНЫҢ» ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ТАБИҒАТ БАЙЛЫҚТАРЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ҚЫЗМЕТІ (XX ғ. 20-жж.)**

**Ж.Қ. Белгібай – М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың доценті, Қазақстан, Шымкент қ.**

Аталған мақалада «Түркістан ғылыми қоғамының» Орталық Азия табиғат байлықтарын зерттеудегі қызметі сарапталған. XX ғ.20-жж. кеңестік билік тарапынан аймақтың өндіргіш күштерін дамыту үшін Түркістанның табиғи шикізат көздерін ғылыми тұрғыда кешенді зерттеу және оны өндірістік негізде игерудегі мақсаты мен міндеттері нақтыланған. Автор аталған мәселені зерттеуде мұрағаттық деректермен қатар басқа да зерттеушілердің ғылыми-салыстырмалық жұмыстары негізінде қарастырған. Зерттей келе, автор өлкенің жер жағдайын, табиғи ресурстарын зерттеуге ғылымның әртүрлі салаларынан көптеген ғалымдар мен зерттеушілердің келуі ғылыми потенциалдың артуына, ал бүкілресейлік ғылыми мекемелердің Орта Азиялық филиалдарының ашылуы, орталық ғылыми қоғамдар бөлімдерінің жұмыс жүргізуі іргелі және қолданбалы ғылым салаларының дамуына ықпал еткен, сондай-ақ, орыс ғалымдарының басым бөлігі ғылымға адалдықтың үлгісін көрсетіп іргелі зерттеулер жүргізген деп қорытынды жасаған. «Түркістан ғылыми қоғамы» Орталық Азия республикалары мен Қазақстанның табиғи байлығын жан-жақты зерттеп игерудегі жұмысы, сондай-ақ, ресейлік ғалымдардың Түркістан өлкесінің мәдениеті мен тарихын, тілі мен салт-дәстүрлерін, жергілікті тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық өмірін зерттеуде қосқан үлесімен қатар ұлттық интеллигенция өкілдерінің де тартылғандығы жөнінде деректер келтірілген.

**Тірек сөздер:** Түркістан Республикасы, Орталық Азия, Ташкент, табиғи ресурстар, Түркістан университеті

Қазан төңкерісінен кейін Ташкент қаласында ғылымның дамуымен қатар ұлт зиялыларының қалыпта-суы социалистік бағытқа қарай күрт бұрылыс жасады. Өлкеде кеңестік биліктің орнауы алғашқы әлеуметтік-экономикалық міндеттермен қатар аймақтың өндіргіш күштерін дамыту үшін Түркістанның табиғи шикізат көздерін ғылыми тұрғыда кешенді зерттеу және оны өндірістік негізде игеру міндеттерін күн тәртібіне қойды. Осы міндеттерді іске асыру мақсатына жұмылдырылған ғылыми зерттеу орталықтары Орталық Азияның ірі ғылыми, мәдени және саяси орталығы Ташкент қаласында көптеп ашыла бастады. Түркістанда ашылған Мемлекеттік университетке осындай ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда үлкен міндеттер жүктелді. Осындай міндеттер Түркістан Университеті құрылуы – оның Орталық Азияда табиғат байлықтарын зерттеуді ұйымдастырушы орталық екендігін университет ректоры Н.А. Димо мен А.В. Луначарский қол қойған құжатта «Түркістан Университеті Орта Азиядағы ғылыми зерттеулер орталығы болуына ықпал жасау үшін қосымша мекемелерді ұйымдастыру қажет» – деп атап көрсетті.

Өкіметтің белгілеген осындай міндеттеріне сай 1919 жылы 26 маусымда Мәскеуде профессор Н.Г. Александровтың ұсынысы бойынша оқу орнының педагогикалық жеке құрамының жалпы жиналысы «Түркістан ғылыми қоғамының» жарғысын жасап ұсынды. Осы жарғыға сәйкес университет ректоры Н.А. Димоның басшылығымен құрамында И.Г. Александров, Л.С. Берг, Г.К. Ризенкамф, В.В. Страгонов сияқты танымал мамандардан құралған ұйымдастыру комиссиясы сайланды.

«Түркістан ғылыми қоғамының» мақсаты – Түркістанды жан-жақты зерттеу, яғни ғылымның дамуына ықпал жасау болды. 1919 ж. 9 тамызда ұйымдастыру жиналысы қоғам Кеңесін сайлады. Оның басшысы болып ірі географ және зоолог Л.С. Берг сайланды [1,120 б.]. Аталған қоғам Түркістан Республикасына ғалымдардың шоғырлануы материалдық-техникалық базаның қалыптасуына және өлкеде зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін мүмкіндік туғызды. Қазан төңкерісінен кейін Орталық Азияда ашылған ірі ғылыми қоғамның бірі ретінде қызмет міндеттеріне сәйкес әр түрлі ғылым салалары мамандарын біріктірді. Алғашқы кезде қоғамның құрылымы биологиялық, геологиялық және физика-математикалық бөлімдерден тұрды және ұйымдастыру жұмыстарының нәтижесінде 1922 ж. басында қоғамның 84 мүшесі болды [2].

Түркістанда жүргізілетін ғылыми жұмыстарға басшылық жасаған алғашқы кеңестік мекеме ТАКСР ХАК-ның жанындағы ғылыми бөлім болатын. Бұл ғылыми бөлімнің құрамына республикадағы ғылыми мекемелермен бірге жоғарғы оқу орындары да енуі тиіс еді. Комиссариаттың ғылым бөлімінің қызметі Түркістан университетінің жұмысына Мәскеуден жіберілген коммунист Ш.М. Довойлацкийдің басшылығымен партиялық ықпал жасады [3, 5-20 б.]. Ғылым бөлімі ұлттық комиссиялар құру қажеттілігін ұсынды. Бұл көзқарасты ұсынушы Н.А. Иомудский болғандығы соңғы деректерден белгілі болып отыр [4].

Ғылым бөлімінің 1921 ж. 17 сәуірде үкіметке жолдаған «Ескертпе баяндамасында» ұлттық ғылыми комиссиялардың мынадай қызметтерін атап көрсетті:

1. Әр ұлт үшін өз ана тілінде оқулықтар мен оқуға арналған кітаптар, өз ақындары мен жазушыларының шығармаларын жинақтау, халық шығармашылығының үлгілерін шығару;

2. Еуропалық және әлемдік мәдениеттің ең үздік жетістіктерін ана тіліне аударып жариялау;

3. Жариялануға дайындалған барлық ғылыми еңбектерді рецензиялау және олардың сапасын бақылау белгіленді. Әрине мұндай ұсыныс назарға алынып осы жылдың 24 сәуірінде ТАКСР ХКК-нің төрағасы Қ.Атабаевтың тікелей нұсқауымен Н.А. Иомудскийдің жобасы қарастырылып қолдау көрсетілді [2]. Нәтижесінде 1921 жылы Түркістан Республикасы халық ағарту комиссарының шешімімен Н.А. Иомудский ұсынған қағидаларға негізделіп ұлттық ғылыми кеңес құрылды. Ғылыми кеңес Түркістандағы ең көпсанды болып саналған үш ұлттың ғылыми комиссия алқасынан (өзбек, қазақ, түркімен) және салалар бойынша үш арнайы ғылыми комиссиядан (ғылыми-педагогикалық, театр-көркемдік және музыкалы (сазды) этнографиялық) құралған ғылыми Кеңес міндеттеріне барлық мекемелер мен қоғамдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын біріктіру, жергілікті тұрғындардың зиялыларын ғылыми жұмыстарға тарту, дайындалатын оқу және педагогикалық әдебиеттердің сапасына, баспа қызметінің жоспарының орындалуына бақылау жасау; жоғарғы және орта мектептердің теориялық және әдістемелік мәселелерін шешу; өлкетану, этнография, фольклор, тіл, саз өнері, жергілікті тілде оқу әдебиеттерін жасау саласында жеке зерттеу жұмыстарын жүргізу сияқты міндеттер бекітілді. Ал, 1922 ж. 6 шілдеде осы ғылыми кеңес республикадағы барлық ғылыми зерттеу жұмыстарын басқаратын, мемлекеттік ғылыми кеңесі болып қайта құрылды. Мұндай жұмыстарды ұйымдастыруға Мәскеуден арнайы жіберілген профессорлар С.Д. Поливанов пен А.Э. Шмидт сияқты танымал ғалымдар шақырылды. Ташкент қаласына шоғырланған ғылыми кадрларды халық шаруашылығының мүддесіне сай жан-жақты және ұтымды пайдалану үшін 1922 ж. 12 ақпанда Түркістан Республикасы үкіметі ғалымдардың тұрмысын жақсарту туралы арнайы шешім қабылдады. Осыған сай Халық ағарту комиссариаты Туркубу (Ғалымдардың тұрмысын жақсарту жөніндегі Түркістан комиссиясы) құру туралы қаулы қабылданады [2]. Аталған комиссияның басшысы болып профессор Д.А. Димо тағайындалды. Туркубу өз қызметін өлкедегі ғылыми күштерді тіркеуге алудан бастады.

20-жылдары Орталық Азияда КСРО Ғылым Академиясы ғалымдарының қатысуымен ондаған салалық және ғылымкешенді экспедициялар құрылып, геологиялық, ботаникалық, зоологиялық бағыттарда кешенді зерттеу жұмыстары жүргізілді. Экспедициялардың мақсаты Орталық Азия республикалары мен Қазақстанның табиғи байлығын жан-жақты зерттеуді және игеруді, аймақтардың өндіріс күштерін дамытуды мақсат етті.

БОАК Түркістандағы өкілі С.Апин Орталыққа жолдаған есебінде осы мәселеге қатысты былай деп мәлімдеді: «Природные ресурсы Туркестана весьма велики и разнообразны и могут удовлетворять почти всем запросам и нуждам культурной жизни. Там твердое и жидкое минеральное и саксуальное топливо, там же на месте неисчерпаемые источники разнообразного сырья, начиная от хлопка, нефти, медной и железной руды, золотых и серебряных залежей и кончая серой, поташом, растительными красками, шелком и сахарным сырьем. Перед трудящимся Туркестана и центральной России огромные и блестящие перспективы, нужны только честные работники, нужны занятия, машины и другие орудия производства. Рабочей силы из широких туземных масс сколько угодно, а знания должны дать те умственные силы, те специальности, которые мы унаследовали от старого режима и которые остались в советской стране», «существующая в Туркестане горная и вся другая промышленность нуждается во всем, всевозможную технику и научные силы как можно скорее надлежит направлять туда» [5,177 б.].

Түркістан өлкесіне отарлық билік орнағаннан соң өлкенің жер асты және жер үсті табиғи байлықтарын игеру қажеттігі ғылыми-зерттеу жұмыстарын шұғыл жүргізуді талап етті. Соған сәйкес Ресейдің Орталығынан өлкенің жер жағдайын, табиғи ресурстарын зерттеуге ғылымның әртүрлі салаларынан көптеген ғалымдар мен зерттеушілер жиілеп келе бастады. Өлкедегі ғылыми потенциалдың артуы Ташкент қаласында Бүкілресейлік ғылыми мекемелердің Орта Азиялық филиалдарын ашып, орталық ғылыми қоғамдар бөлімдерінің жұмысжүргізуіне ықпал етті. Сондай-ақ, Түркістан өлкесінің мәдениеті мен тарихын, тілі мен салт-дәстүрлерін, жергілікті тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық өмірін зерттеуде қолға алынып ұлттық интеллигенция өкілдері де тартылды.

Орыс ғалымдарының бәрі бірдей отарлық биліктің тонаушылыққа негізделген ашкөз саясатына қолдау білдірген емес. Олардың көпшілігі ғылымға адалдықтың үлгісін көрсетіп, патша үкіметі тарапынан бөлінген аз қаржысына және отарлық биліктің немқұрайдылығына қарамастан іргелі зерттеулер жүргізді. Осыған байланысты Өзбек КСР Ғылым академиясының мүшесі Т.Н. Кары-Ниязов былай деп жазды: «Читая описание путешествии русских исследователей Туркестана, поражаешься упорству, терпению и самоотверженности этих ученых, преодолевавших зачастую невероятные по своей трудности препятствия. Только благодаря замечательному энтузиазму многих благородных тружеников науки могла быть проделана громадная работа, положившая начало географическому, зоологическому, ботаническому, почвенному и геологическому изучению Туркестана» [6,159 б.].

Ташкентке келіп орныққан Ресейдің Орталық Ғылыми мекемелері мен қоғамдары жоғарыда аталған табиғи байлықтарды игеру бағытына басымдық беріп іргелі және қолданбалы ғылым салаларын

дамытуға күш салды. Ал, қазақ зиялыларының алдында алғашқы кезекте оқу-білім саласындағы міндеттерді шешу мәселесі тұрды. Осы бағытта құрылған ғылыми ағартушылық «Талап» қоғамы аталған міндеттерді қолға алды.

Алайда ғылымды дамыту мәселелері партиялық басшылықсыз іске асуы мүмкін емес еді. Өлкеде жеке дара билікке ие болған партиялық билік тарапынан бұл бағыттағы жұмыстарға тікелей бақылау мен қадағалау орнатылды. Түркістандағы саяси ахуал кеңес өкіметінің алғашқы жылдары саяси-әлеуметтік, экономикалық және ең бастысы ұлттық мазмұнымен өте күрделі сипат алғаны белгілі жергілікті жердегі түрлі саяси ағымдар мен әлеуметтік топтардың ұстанған позицияларының әрқилы болуы большевиктердің саясатының бірден іске асып кетуіне елеулі қолбайлау болды. Әсіресе, ұлттық элита өкілдерінің ұлттық мүдде мәселесі төңірегінде табанды талаптар қоюы кеңестік билікті едәуір аландатты. БОАК-тың Түркістандағы өкілетті өкілі осы мәселелерге талдау жасап, Түркістандағы кеңестік мекемелердің қызметі жөнінде орталыққа жолдаған есебінде былай дейді: «Советская власть была только в городах и в после железной дороги и то образом в виде плохой карикатуры и зачастую контрреволюционных гнезд, при чем деревня, кишлаки и аулы стонали от безвластия, произвола, официального ограбления, будто бы в пользу Советской власти» [5, 175-176 б.]. Бұл тұжырымнан билік өкілінің қалыптасқан нақты жағдайды саяси талаптарға сай бағалап отырғандығы оның көзге ұрып тұрғанын көреміз. Өлкедегі қайта құрулардың алға баспай отыру себептерін кеңестік билікке деген қарсылықтан іздестіру сол кезеңге тән партиялық тәсіл болатын. Солай дегенмен де билік өкілі жергілікті халықтың көңіл-күйін тап басып таныған тұжырымдар да айтады: «Местное туземное население и доказало достаточную подготовительность, умелость и желание служить общему делу, что невольно толкало мусульман на мысль, что им совершенно не доверяют и что европейское население как привыкшее, желает по прежнему властвовать над коренным населением, что и на самом деле было как в центре, так и на местах» [5, 175-176 б.]. Бұл тұжырым Түркістандағы жергілікті халықтың арасынан шыққан зиялы қауымның күнделікті практикада кездестіріп отырған қоғамдық ақиқаты еді. Осындай күрделі саяси жағдайда қызмет еткен қазақ зиялылары биліктің озбырлығымен бетпе-бет келе отырып, ұлт мүддесіне қызмет жасау үшін өздеріне жүктелген тарихи миссияны атқаруға қолдарынан келгенше қызмет жасады.

1 Еңсепов Б.Б. *Орта Азия мемлекеттік университетінің ғылыми ұйымдастыру жұмыстары тарихынан // Отан тарихы, 2006. - №4. - 119-129 бб.*

2 Рсымбетова Л.А. *Ташкент қаласының XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ интеллигенциясының қалыптасуындағы маңызы: т.ғ.к., дисс. автореф. - Алматы, 2010. – 32 б.*

3 *Организация науки в первые годы Советской власти (1917-1925 гг.). Сб. документов – Л., 1968 - С. 5-20.*

4 *Известия, 4 ноября 1965 г.*

5 *Исмаилов А.И. Из истории южных областей Казахстана. – Шымкент, 2006. - 240 с.*

6 *Бендриков К.Е. Очерки по истории народного образования в Туркестане (1865-1917 годы). – М.: Издательства Академии педагогических наук РСФСР. 1960. - с. 602.*

### Резюме

В данной статье анализируется деятельность «Туркестанского научного общества» в исследовании природных ресурсов Центральной Азии. В 20-е годы XX столетия властью советов были намечены цели и задачи освоения природного сырья Туркестана на основе комплексных научных исследований. Автор для исследования названной проблемы наряду с архивными источниками использует другие научно-сравнительные работы. В своей статье автор ссылается на архивные документы, а также дает широкий анализ научным работам исследователей, тем самым подчеркивал роль исследователей разных сфер науки и их роль в открытии научных учреждений и филиалов в Центральной Азии. В статье также рассматривается неоценимый вклад российских ученых в науку, которая не только исследовала природные ресурсы, изучила язык и традиции, социально-экономическую жизнь местных жителей Туркестанского края, культуру, но была привлечена казахская национальная интеллигенция.

**Ключевые слова:** Туркестанская Республика, Центральная Азия, Ташкент, природные ресурсы, Туркестанский университет

### Summary

The activity of Turkestan scientific society in Central Asia natural resources research is considering in given article. The tasks and goals of Turkestan natural raw development on the base of complex scientific researches in 20<sup>th</sup> of the XX century were projected by the soviet power. The author uses other scientific - comparative works together with archive sources to research the given problem. In the article the author refers on archive documents as well as gives a wide analyses to scientific works of researches thereby underlining the role of researches of different spheres and their role in opening of scientific institutions and branches in Central Asia. The invaluable contribution of Russian scientists to science which both researched natural resources, studied language and traditions, culture, social-economical life of local people of Turkestan area and involved Kazakh national intellectuals was considered in article.

**Key words:** Turkestan Republic, Central Asia, Tashkent, natural resources, Turkestan University

## **ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ КЕҢЕС-ТҮРІК ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ**

**А.К. Молдадосова** – Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-нің III курс PhD докторанты

Түркия Бірінші дүниежүзілік соғыстағы жеңілісінен сабақ ала отырып, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде өте ұтқыр саясат ұстауға әрекет жасады. Мемлекет басшысы мен оның дипломатиясы елдің барлық шекараларында жүргізіліп жатқан әскери қимылдарға қарамастан елдің тұтастығын сақтай білді. Түркияның сыртқы саясатының ең басты жетістігі де осы болатын.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі кеңес-түрік қатынастары көптеген ғалымдардың зерттеу объектісіне айналды. Мақалада Кеңес үкіметі кезіндегі және 1991 жылдан кейінгі кеңес-түрік қатынастарын зерттеген ТМД тарихшыларының еңбектеріне талдау жасалған.

Кеңестік тарих ғылымы коммунистік партия мен мемлекеттің идеологиясы ықпалында болып, өздерінің бағалары мен ойларында партия басшыларының еңбектеріне бағдар алды. Тарихи зерттеулер ереже бойынша басылымға рұхсат етілген деректер мен материалдарға негізделді. Ал бүгінгі таңда екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі кеңес-түрік қатынастарын зерттеуге жаңа бағытта қарау қажеттілігі туындап отыр.

**Тірек сөздер:** Екінші дүние жүзілік соғыс, Түркия, КСРО, қатынастар

XX ғасырдың өте маңызды қасіретті оқиғаларының бірі болып табылатын екінші дүниежүзілік соғыстың дипломатиялық тарихы көптеген отандық және шетелдік тарихшылардың зерттеу объектісі болып табылады. Осы кезеңнің халықаралық қатынастар жүйесіндегі кеңес-түрік қатынастарының дамуы ерекше қызығушылық тудыратыны белгілі. Ұлы әлемдік державалардың бірі ретінде КСРО-ның сыртқы саясаты көп жағдайда тарих барысын айқындағаны күмәнсіз. Сонымен бірге Түркия да маңызды елдердің бірі болды. Шығыс пен Батыс қиылысындағы қолайлы географиялық орналасуы, сонымен бірге Басфор мен Дарданелл бұғаздарына бақылау орнату мәселесінде және Жерорта теңізінен Қара теңізге кемелерді өткізу мәселесінде шешуші роль атқаруы Түркияны ғасырлар бойы ұлы державалар арасындағы кескілескен дипломатиялық күрес пен соғыстардың объектісіне айналдырды. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Түркия тағы да Англия, Франция, Германия және Италия мүдделерінің түйіскен аймағына айналды. Түркияның маңызды стратегиялық жағдайы және түрік үкіметінің саяси жағдайға ықпал етуге ұмтылуы бұл мемлекеттердің оған қатынасында белсенді саясат ұстануына жағдай жасады. Түркияның Кеңес Одағымен көршілік жағдайы олардың қарым-қатынасына екі мемлекеттің де қауіпсіздігі тұрғысынан қарағанда үлкен маңызға ие болды. Әсіресе, Қара теңіз бұғаздары аймағындағы қауіпсіздік мәселелерін екі ел өкілдері бірнеше рет талқылады. Өз кезегінде қарастырылып отырған кезеңде кеңес-түрік қатынастарында бетбұрыс кезең болды. Бұрынғы Түркия Республикасының қалыптасу кезеңінде қол жеткізген достық байланыстарына салқындық түсе бастады.

Кеңестік тарих ғылымы коммунистік партия мен мемлекеттің идеологиясы ықпалында болды және өздерінің бағалары мен ойларында партиялық көсемдердің еңбектеріне бағдар алды. Тарихи зерттеулер ереже бойынша басылымға рұхсат етілген деректер мен материалдарға негізделді. Сондықтан да кеңес-түрік қатынастарының көптеген аспектілері ғылыми зерттеу объектісі бола алмады. Бүгінгі таңда екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі кеңес-түрік қатынастарын зерттеуге жаңа бағытта қарау қажеттілігі туындап отыр. Соңғы жылдары бұған мүмкіншілік те пайда болды.

Екінші дүние жүзілік соғыстың қарсаңындағы және оның бастапқы кезеңіндегі кеңес-түрік қатынастары проблемасы соғыс аяқталғаннан кейінгі алғашқы жылдарда-ақ ғылыми зерттеудің тақырыбына айналды. Сол кезеңде халықаралық қатынастар тарихының зерттелуіне ықпалын тигізген «қырғи қабақ соғысы» да кеңестік тарихнамада өз таңбасын қалдырып, өз шектеулерін енгізді. Түркияның екінші дүние жүзілік соғыс уақытындағы саясатына зерттеу жүргізілген еңбектердің бірі А.Ф. Миллердің «Очерки новейшей истории Турции» және «Краткая история Турции» [1] деп аталатын екі монографиясы болды [2]. Автордың өзі сол кезеңде Түркияның жаңа тарихын зерттеуге арналған дерек көздері тапшы әрі бір-біріне қарама-қайшы болғандығын, себебі тіпті түрік тілінде де парламенттік есептер, саяси қайраткерлер мен қоғам қайраткерлерінің өмірбаяндары, оқиғалар хроникасы әлі де болса жарияланбағандығын атап көрсетеді. Жарық көретін мәселелер шеңберінің шектеулілігі ең алдымен А.Ф. Миллердің жеткіліксіз хабардар болуымен емес, Кеңес Одағының сол кездегі сыртқы саясатының барлық аспектілері жайлы ашықтан-ашық жаза беруге болмайтындығын ұғынумен байланысты екендігі анық. Зерттеушінің КСРО

сыртқы істер халық комиссары В.М. Молотовтың кеңес үкіметінің сыртқы саясаты жөніндегі ресми баяндамалары, 1948 жылы Кеңестік ақпараттық бюро жариялаған «Фальсификаторы истории» деп аталатын тарихи анықтама секілді деректерді ғана пайдалануға мүмкіндігі болды. Автордың қолданған шетелдік дерек көздерінен, 1948 жылы Мәскеуде басылып шығарылған қолға түскен германдық құжаттарды, түрік және герман баспасөзінің арнайы іріктелініп алынған материалдарын, түріктің статистикалық жылнамаларын атап көрсетуге болады.

Көптеген деректердің қол жетімсіздігі Миллердің еңбегінде біршама олқылықтардың пайда болуына алып келді. Мәселен, кеңес-түрік келіссөздерінің алғашқы кезеңі жөнінде айтылмайды. Түркияның Кеңес Одағымен қатынастарының дамуы үстірт баяндалған, есесіне Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы Түркияның Германиямен саяси және экономикалық байланыстарының нығаюы егжей-тегжейлі сипатталған. Алайда, Түркияның ұстанымына кеңес-герман қатынастары қалайша ықпал еткендігі жөнінде ештеңе айтылмайды. Бұдан басқа, аталмыш еңбектер кеңес-түрік қатынастарына емес, жалпылама Түркия тарихына арналған.

Н.М. Лавровтың Молотовтың сөйлеген сөздеріне, "Фальсификаторы истории" тарихи анықтамасына негізделген кітапшаларында кеңестік басшылықтың ресми көзқарасы келтіріліп, Түркияның Екінші дүние жүзілік соғыстың бірінші кезеңінде ұстанған көзқарасы «кеңестерге қарсы бағытталған» делінген [3]. Лавровтың сөздері бойынша, «Исмет Иненю Түрік Республикасының басшысы лауазымына ішкі және сыртқы қарама-қайшылықтардың шиеленісе түскен жағдайында отырды. Елдің компартия бастаған демократиялық күштері Түркиядағы гитлерлік экспансияның мәнін әшкерелей отырып, КСРО-мен жақындасуды, фашистік Германиямен қатынастарды үзуді, халықтың маңызды мүдделерін қанағаттандыруды, керітартпа пиғылдағы күштермен күресуді талап етті. Алайда Екінші дүние жүзілік соғыстың қарсаңында Түркияда нәсілшілдікті, пантүркизмді, панисламизмді насихаттау етек алды. Кеңес Одағына дұшпандық ниеттегі Кязим Карабекір, Джахид Ялчин секілді керітартпа тұлғалар жауапты мемлекеттік лауазымдарға тағайындалды» [4].

А.Ф. Миллердің Н.М. Лавровтың еңбектерінде Түркияның жалтаруы, оның, түрік басшылығына қандай да бір кезеңдерде күшті болып көрінген мемлекеттер тобын қолдауға бағытталған саясатты ұстануы туралы тезистер болды [5]. Кеңес тарихшылары Кеңес Одағының 1939 ж. келіссөздерде ұсынған ұсыныстарын екі елдің мүдделерінен туындаған ұсыныстар ретінде сипаттады, себебі бұл ұсыныстар Қара теңіз жақтан болуы ықтимал шабуылдардан Кеңес Одағын сақтандыру кепілін ғана емес, сонымен бірге Түркияның егемендігіне де кепілдік берді. Олардың пікірлері бойынша Түркия ағылшын-француз дипломатиясының басшылығымен әрекет ете отырып, Мәскеуге бір жақты міндеттемелерді таңуға тырысып бақты. Сондықтан келіссөздердің үзілуіне «Кеңес үкіметінің достық ұсыныстарын» қабылдамай тастаған Түркияның басшылары кінәлі деп танылды, «себебі олардың міндеті өз елдерінің ұлттық мүдделерін қамтамасыз ету емес, КСРО-на қарсы соғысты ұйымдастыру болды» [6]. «КСРО бейбітшілікті сақтап қалу үшін барлық амалдарды жасаған екінші дүние жүзілік соғыстың қарсаңында батыс державалары кеңес-түрік достық қатынастарын бұзуға ұмтылды.

1939 жылдың көктемінде Англияның, Францияның және КСРО-ның арасында Мәскеуде болған келіссөздердің қарсаңында және оның барысында Англия мен Франция Түркиямен өзара көмек пактісін жасасу жөнінде құпия келіссөздер жүргізді» [7]. Лавровтың ағылшын-француз-түрік келіссөздерінің құпиялылығы жөніндегі тұжырымдамалары негізсіз, себебі Түркияның өкілдері бұл келіссөздер жайында Мәскеуге хабарлап отырған, бұл бірнеше рет талқыланған.

1962 жылы жарияланған А.М. Шамсутдиновтың «Турецкая республика. Краткий очерк истории. 1923-1961» атты еңбегінде Түркияның қазіргі заманғы тарихының негізгі кезеңдері жарық көрген [8]. Шамсутдиновтың кітапшасында Түркияның экономикалық өмірінде Германияның белсенділігінің арта түсуі, сондай-ақ гитлерлік барлау жүйесінің қалыптасуы атап көрсетіледі. Автор түрік басшылығын 1939 ж. қазан айында Мәскеудегі келіссөздерде кеңестік тарап ұсынған өзара көмек туралы келісім-шарт жобасына қол қоюдан бас тартқаны үшін (бұл достық қарым-қатынастарды нығайтуға деген құлықсыздық ретінде түсіндірілді) айыптайды. Түріктің сыртқы істер министрі ұсынған жоба Англия мен Францияның КСРО-ны Германиямен соғысқа тарту әрекеті ретінде бағаланды [9].

Түркияның сыртқы және ішкі саясаты проблемаларын одан әрі қарай зерттеудің нәтижесі «Новейшая история Турции» монографиясы болды [10]. Мұнда Түрік мемлекетінің 1917-1967 жж. аралығындағы ішкі және сыртқы саясатына егжей-тегжейлі шолу жасалған. Түркияның осы кезеңдеріне арналған тараулардың авторлары Р.П. Корниенко мен П.П. Моисеев КСРО Қазан төңкерісі мемлекеттік Орталық мұрағатының құжаттарын, сондай ақ шетелдік дереккөздердің материалдарын – ағылшындық дипломатиялық

құжаттарды, Стамбулда басылып шыққан Түркия президенті И. Иненюдің сөйлеген сөздерін пайдаланды. Көбіне Корниенко мен Моисеев "История международных отношений и внешней политики Советского Союза" атты ресми басылымда берілген мәліметтер мен бағаларға сүйенді. Сондай-ақ А.Ш. Эсмер, Э.Л. Карал, М.К Су секілді кейбір түрік тарихшыларының еңбектері іріктеліне отырып пайдаланылды.

Кеңес-түрік қатынастарының Екінші дүние жүзілік соғысының қарсаңындағы және басындағы кезеңін қоса алғандағы тарихына арналған алғашқы еңбек И.Ф Черниковтың "В интересах мира и добрососедства" атты монографиясы болды [11]. Автор сол кезеңде Кеңес Одағында жарияланған құжаттарды, сондай-ақ американдық дипломатиялық құжаттарды, мерзімдік басылымдарды пайдаланды. Алайда, Черников келтірген көптеген қорытындылар мен пайымдаулар "История дипломатии", "История второй мировой войны" секілді монографиялардан алынған, сондай-ақ «Правда» газетінде басылып шыққан, айқын үгіт-насихат бағытына ие, оқиғаларды шынайы қалпында жеткізе бермейтін мақалаларға негізделген. Осыған байланысты автордың көптеген қорытындылары қайта қарауды қажет етеді. Әсіресе, ғылыми айналымға қайта енгізілген құжаттардың талдауларына сүйене отырып, кеңес үкіметінің Түркиямен жүргізген келіссөздеріндегі ұстанымдарын жаңаша бағалау қажет. Осыған орай, КСРО мен Түркия арасындағы өзара көмек туралы келісім-шартты жасау туралы мәселені талқылау кезінде, шабуыл жасаспау туралы кеңес-герман пактісінің бұл жерде қандай рөл атқарғандығын ескеру керек. И.Ф. Черников өзінің еңбегінде Англия мен Францияның антикеңестік жоспарларында Түркияға қандай рөл ажыратылғандығына егжей-тегжейлі тоқталған. Автордың тарапынан Түркияның Кеңес Одағына қарсы соғысқа қатысу ниетінің болмағандығын білдіретін куәліктер келтірілсе де, бұл жайтқа айтарлықтай назар аударылмайды.

Р.С. Корхмазянның "Внешняя политика Турции в годы второй мировой войны" атты мақаласында Түркияның сыртқы саяси бағытының ерекшеліктері «сактық, пайдакүнемдік, түріктің билеуші топтарының антикеңестік көңіл күйі жағдайында тепе-теңдікті сақтау саясаты» [12]. Корхмазян Балқан (әсіресе Болгариямен арадағы қарым-қатынас) және таяу шығыс (ағылшын-ирак қарулы жанжалы) факторларының Түркияның сыртқы саясатына ықпалын атап көрсетеді.

Кеңес-түрік қатынастары проблемасын одан әрі қарай зерттеудің нәтижесі 1981 ж. шыққан "СССР и Турция, 1917-1979" атты ұжымдық монография болды. Бұл еңбектің авторлары екі ел қарым-қатынастарының тарихын зерттеуде орын алған оқиғалардың орнын толтыруға және Кеңес Одағы мен Түркия арасындағы саяси, сауда, мәдени және ғылыми қатынастардың талдауын ұсынуға тырысқан. Осы зерттеудің құжаттық базасын сол уақытта шыққан КСРО сыртқы саясатының 1917-1939 жж. аралығын қамтитын ресми құжаттарының томдары, сондай-ақ Кеңес Одағында Германияның сыртқы істер министрлігінің мұрағаттарынан алынып жарияланған құжаттар құрады. Кеңестік сыртқы саяси құжаттардың жариялануы шектеулі сипатта болуына және Екінші дүние жүзілік соғыс басталғаннан кейінгі кезеңге қатысты материалдардың қамтылмауына байланысты «СССР и Турция» монографиясында кеңес-түрік келіссөздерінің екінші кезеңі жеткілікті талданбаған, кеңес үкіметінің 1940 ж. қараша айында, кеңес-түрік қатынастарының ахуалына әсер еткен, Болгариямен өзара көмек шартын жасау әрекеті туралы айтылмайды. П.П. Моисеев 1940 жылдың соңында Түркияның сыртқы саяси бағытындағы өзгерістерді Германиямен жасалған шарттың пайдасына қарай шешеді. Алайда, түрік үкіметі тарапынан Кеңес Одағын Қара теңіз бен Балқан аймағындағы өзара міндеттемелер жайындағы мәселелер бойынша келіссөздерге итермелеу әрекеттерінің жасалуы секілді кеңес-түрік қатынастарындағы осындай маңызды сәттер көрсетілмеген.

Кеңес-түрік қатынастарына П.П. Севостьяновтың "Перед великим испытанием: Внешняя политика СССР накануне Великой Отечественной войны. Сентябрь 1939 г. - июнь 1941 г." атты монографиясының жеке тарауы арналған. КСРО-ның сыртқы саясаты Мұрағатынан алынған құжаттардың талдауына сүйене отырып, П.П. Севостьянов 1939 жылғы кеңес-түрік келіссөздеріне егжей-тегжейлі тоқталады. Автор КСРО ССМ-ның құжаттарына қол жеткізе отырып, сонда да болса бұдан бұрын баяндалған ресми көзқарасты білдіретін құжаттарды ғана қосқан.

Ресейлік ғалымдар Түркияның 1939 жылы 19 қазанда Ұлыбританиямен және Франциямен келісім-шартқа қол қоюын бір жақты әрі теріс бағалады. Кеңес тарихшылары достық пен шабуыл жасаспау жөніндегі герман-түрік шартын одан сайын өткір сынға алды. Бұл жерде олар (кеңес ғалымдары) Түркия, Германиямен келісімді жасаса отырып, сонымен бірге 1929 жылы кеңес-түрік хаттамасын бұза отырып бұл жөнінде Кеңес Одағы үкіметін хабарландырмағандығына көңіл бөледі. (Бұл жерде Германия Түркияның онымен келіссөздер жүргізетіндігі жөнінде Кеңес Одағын бұл туралы хабарландыратындай елдердің қатарында болмағандығын атап өтуіміз керек). Бұдан өзге, барлық авторлар Түркия фашистік Германия-

ға, гитлершіл әскерлер КСРО-ға баса көктеп кіруге дайын тұрған сәтте елеулі дәрежеде қолдау көрсеткендігіне баса назар аударады [13].

Кеңестік тарихнамаға болғар тарихшысы Людмила Живкованың Екінші дүние жүзілік соғыс қарсаңындағы ағылшын-түрік қатынастарының дамуын бейнелейтін монографиясы да келіп қосылады [14]. Бұл еңбекте бұдан бұрын жарияланған дипломатиялық құжаттар мен Англияның мемлекеттік мұрағатының қол жетімді болған материалдары, сондай-ақ болғар мұрағаттарында сақталған материалдар кеңінен қолданылған. Бұдан басқа Живкова түрік баспасөзі мен тарихнамасын талдауға көңіл бөледі. Оның еңбегінде екі ел дипломатиясының әрекеттеріне түрткі болған себептер, ағылшын-түрік қатынастарының қарастырылып отырған сол уақыттардағы даму кезеңдері сипатталады. Бұл қатынастар автор тарапынан халықаралық жағдайдың өзгеруімен, өзге елдердің, әсіресе Кеңес Одағының саясатымен өзара байланысында көрсетілген. Л.Живкова ағылшындық «кепілдік беру саясатының» ерекшеліктерін мұқият зерттейді, Англияның, Францияның және Түркияның арасындағы өзара көмек туралы келісімнің жасалуына алғы шарт болған, осы үш елдің арасындағы күрделі әрі ұзаққа созылған келіссөздердің барысын тыңғылықты баяндайды. Бұған қоса Германияның Түркияның сыртқы саясатта жасаған қадамдарына орай жасаған әрекеттері де қарастырылады, гитлершіл дипломатияның Түркияның Англиямен және Франциямен жақындасуына кедергі келтіруге, сондай-ақ кеңес-түрік келісімінің қол қойылуына жол бермеуге бағытталған әрекеттері баяндалған.

Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы және соның барысындағы Балкан мен Таяу Шығыстағы халықаралық қатынастар тарихын зерттеуге үлкен үлес қосқан Уральск мемлекеттік университетінің ғалымдары И.Н. Чемпалов, А.Г. Чевтаев, В.А. Кузьмин, В.Н. Грак, В.Н. Земцов, В.А.Бабинцев, П.К. Тарасов және т.б. болды. Олардың, 1960-шы жылдар мен 1990-шы жылдар басында шығып тұрған "Политика великих держав на Балканах и Ближнем Востоке", "Международные отношения на Балканах и Ближнем Востоке" атты жинақтарда жарияланған еңбектері КСРО-ның, Ұлыбританияның, Францияның, Германияның, Италияның, осы аймақтағы шағын елдердің Екінші дүние жүзілік соғыс қарсаңындағы және оның барысындағы саясатының әртүрлі аспектілеріне арналған. Ағылшындық, француздық, немістік, итальяндық, болгарлық, югославтық, поляктық, венгрлік мұрағаттық және жарияланған құжаттар, дипломаттар мен саяси қайраткерлердің естеліктері негізінде жазылған бұл мақалалар елеулі қызығушылықтарды туғызатын ауқымды шынайы материалдардан тұрады. Алайда осы аталмыш авторлар үшін ғылыми айналымға тек 1990-шы жылдары ғана енгізілген бірқатар маңызды құжаттар қол жетімсіз болды. Осы құжаттардың жариялануы халықаралық қатынастар тарихының кейбір проблемаларына жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік береді.

1990-шы жылдары отандық тарихшылардың еңбектерінде Түркияның да, Кеңестер Одағының да сыртқы саясатын бағалауда біршама өзгерістер байқала бастайды. Кеңес-түрік қатынастары проблемасы қозғалатын зерттеулердің бірі Б.М. Поцхверияның еңбегі болып табылады [15]. Автор Түркияның Англиямен және Франциямен қарым-қатынасы проблемаларына егжей-тегжейлі тоқталады, 1939 жылғы ағылшын-француз-түрік одақтастық келісімінің жасалу барысын сипаттайды. Кеңес-түрік қатынастарына келетін болсақ, мұнда Түркияның Кеңес Одағымен ұлт-азаттық күрес пен елді Мұстафа Кемаль Ататүрік басқарған республиканың алғашқы он жылдығы кезеңіндегі байланыстарының дамуына басты назар аударылады. Екінші дүние жүзілік соғыстың тікелей басталар алдындағы кеңес-түрік қатынастары монографияда қысқаша баяндалған. Б.М. Поцхверия да өзінен бұрынғылар пайдаланған дерек көздеріне сүйенеді, алайда сонымен бірге түрік тарихшыларының еңбектерін кеңінен пайдаланған. Ресейлік тарихнаманың жаңаша көзқарастары Түркияның сыртқы саяси іс-әрекеттерінің бағалануында байқалды. Әсіресе кеңестік кезең тарихшылары айыптаған жалтару саясаты олардың тарапынан барлық елдермен тату көршілік қатынастарын дамыту әрекеті ретінде түсіндіріледі. Егер де бұрынырақ кеңестік тарихнамада Түркияның ағылшын-француз блогына қосылуы ұлттық мүдделерге қарама-қайшы әрекет ретінде сынға алынған болса, Б.М. Поцхверия Батыспен достық қатынастардың дамуы елдің жаңару саясатына септігін тигізді деген пікірді айтады.

1939 ж. өткен кеңес-түрік келіссөздері мен екі жақ қарым-қатынастарының дамуына қысқаша шолу «Россия и Черноморские проливы (XVIII-XX столетия)» атты ұжымдық зерттеуінде жасалған. Бұл еңбекте 1939 ж. Түркияның сыртқы саясаты басқыншылыққа қарсы ортақ майданға қатысу әрекеті ретінде бағаланады, бұл майдан ағылшын-француз-кеңес келіссөздерінің нәтижесінде құрылуы және өзара көмек туралы кеңес-түрік келісімімен толықтырылуы мүмкін еді. Алайда, авторлардың берген бағасы бойынша, кеңес-герман келісімінің жасалуы кеңес-түрік келіссөздерінің үзілуін алдын-ала анықтап берді. Келіссөздердің нәтижесіз болуының себептері ретінде кеңес басшыларының Англия мен Франция саясатына

деген сенімсіздігі (Түркияның бұл екеуімен одақтастық қатынастары болған), кеңестік тараптың бұғаздарға қатысты ұсыныстары мен өзіне қосымша міндеттемелерді алуға деген ниетінің болмауы аталады. Келіссөздердің үзілуіне әсер еткен жағдай ретінде, кеңес басшыларының белгілі бір дәрежеде Германияның мүдделерін есепке алғандығы аталып өтіледі. Алайда осы еңбек авторларының негізгі мақсаты Бұғаздар туралы мәселені зерттеу болды [16].

Түркияның сыртқы саясатына арналған соңғы жылдары жарияланған кейбір еңбектерде кеңестік тарихнама шеңберіндегі көзқарастар мен бағалар сақталуда. Мәселен, әйгілі ресейлік түрколог Д.Е. Еремеев өзінің жаңа еңбегінде, 1990-шы жылдары жарияланған құжаттардың мазмұнын елеместен, көбіне кеңестік кезеңде жасалған қорытындыларды қайталайды [17]. А.Б. Широкораның еңбегіндегі 1939-1941 жж. кезеңдерге арналған бір жарым беттік мәтінді проблеманың зерттелуі ретінде атап көрсету қиын.

Соңғы 10-15 жылдың ішінде шыққан Кеңес Одағының сыртқы саясаты мен Екінші дүние жүзілік соғыстың дипломатиялық тарихына арналған көптеген еңбектерде Сталинның саясаты, оның стратегиясы мен жалпылама ниеттері, 1939 ж. 23 тамызда кеңес-герман келісіміне қол қойылуының себептері, КСРО мен Германия арасындағы қатынастардың мәні, ағылшын-орыс қатынастарының эволюциясы секілді мәселелер бойынша ресейлік зерттеушілердің көзқарастары мен берген бағалары әр алуан болып келеді. (Л.А. Безыменский, З.С. Белоусова, В.К. Волков, Д.А. Волгогонов, Л.И. Гинцберг, Е.Н. Кульков, Р.А. Медведев, М.И. Мельтюхов, А.Н. Мерцалов, М.М. Наринский, А.С. Орлов, Л.В. Поздеева, О.А. Ржешевский, Г.Л. Розанов, М.И. Семиряга, В.Я. Сиполс, С.З. Случ, В.В. Соколов, И.А. Чельшев, А.О. Чубарьян және т.б.). Бұл жерде кейбір зерттеушілер 1939-1941 жж. кеңес-түрік қатынастарының жекелеген аспектілерін қарастырады, алайда олар бұл аспектілерді халықаралық қатынастар тарихының өзге проблемаларының мәнмәтінінде ғана және қысқаша түрде ғана қарастырады. Талас тудыратын өткір мәселелердің бірі, мәселен, Молотовтың Берлинде жүргізген келіссөздерінің мәні болып табылады. Мәселен, Л.Безыменский Сталин Молотовқа Түркияны Болгария мен Кеңес Одағы арасында бөліске салудың болашағын талқылау өкілеттігін берген деп есептейді [18]. И.Бунич, кәсіби тарихшыға қарағанда әдебиетшіге жақынырақ, Сталинның Еуропаны басып алу жоспарын дайындауы туралы тұжырымдаманы қолдай отырып, Сталин Югославияның, Грекия мен Түркияның шекараларына және бұғаздарға Болгарияны басып алу арқылы шыққысы келгендігі және осы мақсатпен оған 1940 ж. достық пен өзара көмек туралы келісімді жасау ұсынылғандығы жөнінде жазады [19]. В.Молодяков, Гитлер іс жүзінде Мәскеуге саяси одақты ұсынған, және де Молотов Берлинге осы ұсыныстың нақты шарттарын талқылау мақсатымен барған деп есептей отырып, Сталинның Майскийге, ал сол арқылы ағылшындарға жалған ақпарат бере отырып, Түркияға қатысты ниетін жасыруға тырысқандығына назар аудартады [20].

М.И. Мельтюховтың Кеңес Одағының Балкан үшін жүргізген күресінің шеңберінде қарастыратын КСРО-ның Түркиямен арадағы ықтимал келісімді оған Болгарияны тарту арқылы кеңейту әрекеті көңіл қоюға лайық болып табылады [21].

Міне осылайша ресейлік тарихнамаға шолу жасай отырып, мынадай қорытындыларға келуге болады: КСРО мен Түркияның сыртқы саясаты жөніндегі еңбектер қаншама көп болса да, мақсаты 1939-1941 жж. кеңес-түрік қатынастарын зерделеу болып табылатын арнайы зерттеулер күні бүгінге дейін болмаған. Белгілі бір назар тек 1939 жылы кеңес-түрік келіссөздеріне ғана аударылады, ал ХХ ғасыр соңында – ХХІ ғасыр басында шығарылғын еңбектерде Молотовтың 1940 жылдың қарашасында Берлинде жүргізген келіссөздеріндегі Түркия туралы мәселе қозғалады. Кеңес-түрік қатынастарының басқа кезеңдері, әсіресе, 1940 жылдың желтоқсан айы мен 1941 жылдың маусым айы аралығындағы кезең едәуір мөлшерде аз қамтылған.

1 Миллер А.Ф. *Очерки новейшей истории Турции*. - М., 1948. - 280 с.

2 Миллер А.Ф. *Краткая история Турции*. - М.: Политиздат, 1948. – 304 с.

3 Лавров Н.М. *Турция в 1939-1951 гг. Лекции, прочитанные в ВПШ при ЦК ВКП(б)*. - М., 1952. - 36 с.; Лавров Н.М. *Турция в 1918-1956 годах. Учебный материал*. - М., 1956. - 56 с.

4 Лавров Н.М. *Турция в 1939-1951 гг. Лекции, прочитанные в ВПШ при ЦК ВКП(б)*. - М., 1952. - 25 с.

5 Миллер А.Ф. *Турция и проблема проливов. Стенограмма публичной лекции, прочитанной 9 января 1947 г. в Лекционном зале в Москве*. - М.: Правда, 1947. - 24 с.

6 Лавров Н.М. *Турция в 1939-1951 гг.* - С. 4.

7 Лавров Н.М. *Турция в 1918-1956 годах*. - С. 25.

8 Шамсутдинов А.М. *Турецкая республика. Краткий очерк истории. 1923-1961*. - М.: Издательство восточной литературы, 1962. - 96 с.



- 9 Шамсутдинов А.М. *Турецкая республика. Краткий очерк истории. 1923-1961.* - М.: Издательство восточной литературы, 1962. - С. 37-38.
- 10 *Новейшая история Турции.* - М.: Наука, 1968, - 396 с.
- 11 Черников И.Ф. *В интересах мира и добрососедства: (О советско-турецких отношениях в 1935-1970 гг.).* - Киев: Наукова думка, 1977. - 200 с.
- 12 Корхмязян Р.С. *Внешняя политика Турции в годы второй мировой войны // Проблемы истории Турции.* - М.: Наука, 1978. - С. 137-153.
- 13 Лавров Н.М. *Турция в 1918-1956 годах.* - С. 27; *Новейшая история Турции.* - С. 184; Севостьянов П.П. *Перед великим испытанием.* - С. 243.
- 14 Живкова Л. *Англо-турецкие отношения 1933-1939 гг.* - М.: Прогресс, 1975. - 200 с.
- 15 Поцхверия Б.М. *Турция между двумя мировыми войнами: очерки внешней политики.* / Рос. акад. наук, Ин-т востоковедения. - М.: Наука, 1992. - 250 с. *Россия и Черноморские проливы (XVIII-XX столетия).* - М.: Международные отношения, 1999. - 560 с.
- 16 *Россия и Черноморские проливы.* - С. 445-446.
- 17 Еремеев Д.Е. *Турция в годы Второй мировой и "холодной" войн (1939-1990).*
- 18 Безыменский Л.А. *Гитлер и Сталин перед схваткой.* - М.: Вече, 2002. - С. 354.
- 19 Бунич И. *Операция "Гроза". Ошибка Сталина.* - М., 2004. - С. 50-52.
- 20 Молодяков В.Э. *Несостоявшаяся ось: Берлин – М.-Токио.* - М., 2004. - С. 341-343.
- 21 Мельтюхов М.И. *Упущенный шанс Сталина. Советский Союз и борьба за Европу: 1939-1941.* - М.: Вече, 2000. - С. 212-213.

### **Резюме**

В годы второй мировой войны Турция проводила предельно выверенную и осторожную политику, которая позволила вынести надлежащие уроки из поражения в Первой мировой войне. Руководство государства сумело без потерь провести страну через огненное кольцо военных действий по всему периметру границ. Это и явилось успехом внешней политикой Турции.

Советско-турецкие отношения во время Второй мировой войны стали объектом исследования многочисленных историков. В статье анализируются труды историков советского и современного периода, исследовавших советско-турецкие отношения 1939-1941 гг.

Советская историческая наука находилась под сильнейшим влиянием идеологической линии коммунистической партии и государства и в своих оценках и суждениях ориентировалась, прежде всего, на установки, задаваемые сверху партийными вождями. Исторические исследования основывались, как правило, на анализе разрешенных к печати и использованию источников и материалов. На сегодняшний день ощущается необходимость нового подхода к изучению советско-турецких отношений указанного периода.

**Ключевые слова:** Вторая мировая война, Турция, СССР, отношения

### **Summary**

After the defeat of the First World War, Turkey having received proper lessons, tried to carry out a very cautious policy during the Second World War. The head of the country and his diplomacy have managed to keep unity of the country despite the ongoing military operations all around the borders. And it was a major success of Turkish foreign policy.

During the Second World War, the Soviet-Turkish relations have become object of investigation for many historians. The article analyzes the works of CIS historians who have researched the Soviet-Turkish relations in 1939-1941 during the Soviet Union and after 1991. Soviet historical science being under the influence the Communist Party and the state ideology, focused on the works of the party leaders on its intentions and estimates. Historical researches were based according to the rule settled on the materials and information that allowed for printing. But now there originated the need to look the researches of Soviet-Turkish relations during the Second World War with novelty.

**Key words:** Second world war, Turkey, Union of soviet republics, relations

## **ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ**

УДК 37.016:94 (574):004

### **РОЛЬ ИСТОРИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ПАТРИОТИЗМА**

**А.М. Абдилдабекова, Э.Д. Телеуова** – *КазНУ им. аль-Фараби, кандидаты исторических наук, доценты*

Статья посвящена одной из важнейших задач в воспитании молодого поколения нашей страны – воспитанию патриотизма. Система школьного и вузовского исторического образования, прежде всего учебники по истории и сформированное историческое сознание преподавателей являются мощным фактором, влияющим на формирование патриотизма у современной казахстанской молодёжи. При формировании патриотизма у студенческой молодежи, необходимо обращать внимание на то, что казахам и представителям других народов, проживающим на территории нашей страны, несмотря на все тяготы и невзгоды в различные исторические периоды, удалось сохранить свою культурную самобытность. Знание отечественной истории способствует расширению мировоззренческого кругозора, формированию активной гражданской позиции и национального исторического сознания.

**Ключевые слова:** воспитание, историзм, культура, патриотизм, сознание

Патриотизм является неотъемлемой частью нравственной жизни человека и компонентом общественного сознания, что в свою очередь неразрывно с отечественной исторической наукой, имеющей глубокие традиции. В последние годы подчеркивается, что одна из актуальных задач воспитания молодого поколения выражена в формировании патриотизма. Этому способствует разработка специальной программы исторических исследований под названием «Народ в потоке истории», и приоритетным направлением этой программы является расширение горизонтов национальной истории, формирование нового исторического мировоззрения нации. Реализация данной программы вносит большой вклад в формирование национального исторического сознания молодежи. В послании Президента Республики Казахстан «Стратегия "Казахстан-2050": новый политический курс состоявшегося государства», было сказано, что государство делает все для того, чтобы открыть перед молодежью новые возможности. «Объявленный мной сегодня новый политический и экономический курс нацелен на то, чтобы дать вам лучшее образование, а значит, еще более достойное будущее. Я полагаюсь на вас - новое поколение казахстанцев. Вы должны стать двигателем нового курса» [1]. При этом обращено внимание, на то, что мир переживает сейчас острый мировоззренческий и ценностный кризис. В прошлом общество представляло собой чрезвычайно пеструю, разнородную мозаику, составленную из изолированных социальных единиц, начиная от орд, племен, царств, империй и кончая еще относительно недавно наиболее широко распространенной формой – национальным государством. Каждое из этих политических образований имело независимую и самодостаточную экономику, собственную культуру, сохранявшую свою уникальную идентичность, которая не пересекалась и была несоизмерима с остальными. Современное общество являет собой совершенно иную картину. Местные культурные традиции размываются, и, похоже, массовая потребительская культура западного типа становится «универсальной», распространяясь по всем странам и континентам. «Нам принципиально важно не втягиваться в этот мировоззренческий дискурс, оберегая наши проверенные годами ценности. На собственном опыте мы знаем, как то, что называли нашей ахиллесовой пятой - многоэтничность и поликонфессиональность, мы обратили в свое преимущество. Мы должны научиться жить в сосуществовании культур и религий. Мы должны быть привержены диалогу культур и цивилизаций» [1].

При формировании патриотизма у студенческой молодежи, необходимо обращать внимание на то, что казахам и представителям других народов, проживающим на территории нашей страны, несмотря на все тяготы и невзгоды имперского периода, революционных потрясений и тоталитаризма, удалось сохранить свою культурную самобытность.

Мы должны объективно изучать процессы формирования полиэтничности страны. История Казахстана – это наша общая история. Мы должны четко понимать, что история Казахстана в XX веке – это во многом история столкновения национального и тоталитарного. Такая постановка задачи объективно концентрирует внимание на вопросах изучения национальной истории. «Мы - многонациональное общество. И в вопросе межнациональных отношений не должно быть никаких двойных стандартов. Все

должны быть равны в государстве. Не должно быть хороших или плохих по этническим или другим признакам» [1].

Таким образом, время ставит перед исторической наукой совершенно новые требования, которые имеют большое значение для решения новых задач формирования исторического сознания и патриотизма у студенческой молодежи. Задача историка состоит в том, чтобы объективно показать этапы национальной истории, с учетом того, что современная история вышла за свои узкодисциплинарные рамки и стала междисциплинарной наукой. Исторические исследования интегрировали в себя методы многих смежных научных дисциплин – социологии и социальной психологии, экономики, социальной географии, этнографии, антропологии, культурологии, истории права и других. Современное казахстанское общество объективно требует воспитания сознательного гражданина, активно участвующего в процессе дальнейшего укрепления и развития нашего государства. В этих условиях с большой остротой встает вопрос о формировании патриотизма на научной основе, которая может быть достигнута при помощи собственно знаний истории, образующих в своей совокупности определенную систему представлений о прошлом, о его органической связи с настоящим и возможных тенденциях развития общества в будущем. Такие знания приобретаются в процессе систематического изучения истории.

Впервые систематические знания об историческом процессе приобретаются на уроках истории в школе, и для большинства людей знакомство с историей заканчивается после окончания среднего учебного заведения. Представления молодежи об истории на основе школьного образования предстает как набор дат, имен, событий, зачастую бессвязных, не определённых в пространстве и времени, тем более что знание факта - еще не научное знание; требуется его осмысление, анализ, оценка, благодаря чему факты включаются в целостную концепцию исторического процесса.

Студенческие годы - это время первых самостоятельных решений, время расширения мировоззренческого кругозора, время формирования активной гражданской позиции и формирования национального исторического сознания. Формирование этих категорий понимается как проявление личностью качеств патриотизма, ответственности, высокой нравственности, принятие и следование общепринятым нормам и требованиям законодательства, использование своих прав и свобод на благо страны. «Без уверенности в будущем нельзя построить полноценное государство. Жизненно важно, чтобы цели государства и гражданина совпадали по всем основным направлениям. Это и есть главная задача государства» [1]. Это предъявляет особые требования к преподаванию истории высшем учебном заведении, ведь изучение истории предполагает анализ определенного круга источников: письменных, вещественных (от памятников археологии до современных машин и предметов бытового обихода), этнографических, лингвистических, устных, фотодокументов, киноматериалов. Все эти источники подчас содержат противоречивую информацию. Задачей старшего поколения, становится необходимость объективной оценки, сведений, содержащих разную трактовку. Патриотическое воспитание молодежи является важнейшим направлением развития у студентов гражданственности, уважения к правам и свободам человека, любви к окружающей природе. Рост патриотического и национального сознания обеспечивает тесную взаимосвязь высшего профессионального образования с социально-экономическими и духовными преобразованиями в стране и мире.

Под историческим сознанием в науке понимается система знаний, совокупность представлений, взглядов, традиций, обрядов, обычаев, идей, концепций, посредством которых у индивидов, социальных групп, народов, формируется представление о своем происхождении, важнейших событиях в своей истории, о соотношении своей истории с историей других общностей людей и всего человеческого сообщества. Следовательно, историческое сознание - это оценка прошлого во всем его многообразии, характерном как для общества в целом, так и для различных социально-демографических, социально-профессиональных и этносоциальных групп, а также отдельных людей. Молодое поколение, осмысливая свое прошлое, может воспроизвести его в пространстве и времени во всех его трех состояниях - прошлом, настоящем и будущем, способствуя тем самым связи времен и поколений, осознанию человеком его принадлежности к определенной общности людей - народу или нации.

Историческое сознание формирует патриотизм, который понимается как один из наиболее значимых, непреходящих ценностей нашего общества, который является важнейшим духовным состоянием личности, характеризует высший уровень ее развития и проявляется в ее активной деятельности по самореализации на благо Отечества. Патриотизм проявляется любовью к своей стране, сопричастности к ее истории, культуре, достижениям. Фундаментом казахстанского патриотизма является равноправие всех граждан и их общая ответственность за будущее страны. Патриотизм составляет духовно-нравственную

основу личности, которая формирует ее гражданскую позицию и потребность в достойном служении Родине, обладание высокой нравственностью и способность активно защищать интересы страны. При этом надо обратить внимание на разноуровневую включенность в воспитание молодых людей таких факторов как семья, ближнее окружение, учебное заведение, этнокультурная среда, регион проживания с его экономическими, социальными, культурными и другими особенностями, общества в целом.

Мы наблюдаем постоянный рост интереса со стороны общества к историческому прошлому нашего государства. К сожалению, не всегда каналами поступления информации является выверенное научное знание. Профессиональное историческое сообщество должно задуматься о формах популяризации истории среди населения и в этой связи изменить концепцию подготовки студентов, изучающих историю. Для выполнения вышестоящих задач мы сегодня должны подумать об объединении усилий ученых-историков и преподавателей истории. Сегодня политика нашего государства направлена на экономическое, политическое, культурное процветание нашей страны. Задача преподавателей заключается в том, что бы их деятельность способствовала формированию у студенческой молодежи чувства патриотизма. Воспитание патриотизма является чуть ли не самой актуальной в наше время. Молодежь, получившая знания об историческом прошлом своей страны, о трудностях, выпавших на долю старшего поколения, в последующем направят свою деятельность на ее процветание.

Историческая память непосредственно формирует патриотизм, который мы понимаем, как любовь и преданность своему Отечеству, стремление служить его интересам и готовность к его защите. На личностном уровне патриотизм выступает как важнейшая, устойчивая характеристика человека, выражающаяся в его мировоззрении, нравственных идеалах, нормах поведения. На этом уровне исторического сознания, предпринимаются попытки объяснить человеческое прошлое во всей его противоречивости и сложности, как на конкретно-историческом, так и на теоретическом уровнях. Формирование исторического сознания на теоретическом уровне помогает мыслить историческими категориями, видеть общество в диалектическом развитии, в изменении, осмысливать исторический процесс в динамике, в хронологической взаимосвязи времен. Носителем этого уровня исторического сознания является историческая наука. Обладая систематизированными научными знаниями истории общества, историческая наука может определить ведущие тенденции общественного развития, сформулировать некоторые прогнозы.

Таким образом, историческое знание как элемент общественного сознания, составляющего духовную сторону исторического процесса, нужно воспринимать системно, во всех его ступенях и уровнях, так как без системного подхода представление об историческом сознании будет неполным.

*1 Стратегия "Казахстан-2050": новый политический курс состоявшегося государства. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана, г. Астана, 14 декабря 2012 года //www.Strategy2050.kz.*

### **Түйіндеме**

Мақала қазіргі таңдағы өте маңызды тақырып болып отырған жастар арасындағы отансүйгіштікте тәрбиелеу мәселесіне арналады. Қазақстандық жастар арасында осы қызметті мектеп қабырғасында және ЖОО-да тарих пәнінің оқулықтары мен осы пәннің оқытушылары тарихи сананы қалыптастыру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеудің басты дінгегі болып табылады. Тұлғалық қабілетті зияткерлік қоғамды қалыптастыруда адами құндылықтарға негізделген, сонымен қатар дәстүр мен даралықты мойындаған ел ретінде таньлу өте маңызды. Позитивті тарихпен қатар, ұлттық тарихымыздағы қилы кезеңдерге сыни қарап, оны ұмытпауға және қайталануына тосқауыл қоя білетін жастарды қоғамда басым болуына үлес қосу қажет. Мақалада азаматтық ұстанымы бар қоғамның толық мүшесін тәрбиелеудегі ұлт тарихының алатын орнына ерекше баға берілген.

**Тірек сөздер:** тәрбие, тарихилық, мәдениет, патриотизм, сана

### **Summary**

Article is devoted to one of the major task in education of young generation of our country – to patriotism education. The system of school and high school with historical education, first of all textbooks of history and the creation of historical consciousness of teachers are the powerful factors which influencing on formation of patriotism at modern Kazakhstan's youth. When patriotism forming at student's youth, it is necessary to pay attention that to Kazakhs and the representatives of other people living in the territory of our country, despite all burdens and adversities during various historical periods, it was succeeded to keep the cultural originality. The knowledge of national history promotes expansion of a world outlook, formation of an active civic stand and national historical consciousness.

**Keywords:** education, historicism, culture, patriotism, consciousness

## АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ

ӘӨЖ 574(238)

### «АЙМАН-ШОЛПАН» ЖЫРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТҮРМЫС-САЛТ КӨРІНІСТЕРІ

К.М. Төлеубаева – т.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ

Мақалада автор «Айман-Шолпан» жырындағы этнографиялық деректер мен сюжеттерді, XIX ғасырдың екінші жартысындағы эпикалық дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың, салт-санасы туралы деректер қарастырған. Сонымен бірге бұл деректердің қазақ этнографиясы мен фольклорлық жанр жырларының өзара байланысы мен арақатынасын зерттеуде өте құнды дерек көзі болып табылатындығына назар аударылады.

Бүгінгі таңда қазақ фольклоры мен этнографиясы арасындағы этнографиялық деректер бірлігін табуға, олардың дамуын және арақатынасын талдауға мол мүмкіндіктер береді. Қазақ халқының лиро-эпостық жырларын фольклор түрінде мәдени мұраларды тарихи дерек әрі олардың этнографиялық негізі ретінде зерттеп көрсетудің маңызы артып отырғандығы атап көрсетілген.

**Тірек сөздер:** этнография, эпика, дәстүр, салт, фольклор, жанр, дерек, тарих

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» жырлары ғашықтық жырлар тобына жатады, бірақ өзара бірлігімен қатар, айырмашылықтары да бар. Тақырыбына мазмұны, оқиға дамуы, этнографиялық қырлары дәл келетін «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры мен «Қыз Жібек». Ал «Айман-Шолпан» жыры өзінің жанры жағынан лиро-эпостан гөрі тарихи поэмаға жақын. Өйткені жырдағы басты қаһармандары болған адамдар, оқиғалары да, көтерген әлеуметтік және тарихи мәселелердің мәнділігі де тарихи шындық деуге сияды. Әлеуметтік және тарихи құбылыстар мен адам мінездері қазақ халқының тарихындағы белгілі дәуірдің нақтылы тарихи, этнографиялық болмыс көріністерін елестеді. Жыр XIX ғасырдың бас кезіндегі қазақ өмірінің шындығына арналған. Жырдағы оқиға дамитын жер, ел аттары негізгі кейіпкерлердің ішінен тарихта болған адамдардың есімдері көрсетілген.

Мұрағат материалдары мен тарихи деректерге қарағанда жырдың ел арасынан жазып алынған нұсқасы 1896 жылы Қазан қаласында басылып шыққан. Ақынның аты-жөні мәлім емес. Жырдың мазмұны 1901 жылы “Торғай газетінде” (№17) басылған. 1902 жылы “Торғай облыстық ведомствосы” (№ 62) жырды қазақ тілінде жариялаған. Бұлардың бәрі 1896 жылғы басылғанын қайталады. Қазір бізге мәлім “Айман-Шолпан” жырының жалғыз ғана нұсқасы бар. Оның өзі төңкерістен бұрын бес рет Қазанда (1896, 1898, 1901, 1906, 1910 жылдары) басылып шыққан. Кейін осы нұсқа сол қалпында кеңес жырларында да сан рет басылған [1].

Жырдың оқиғасы XIX ғасырдың 70-жылдарындағы қазақ елінің тұрмысындағы, әлеуметтік-қоғамдық өміріндегі, салт-дәстүріндегі, әдет-ғұрпындағы, сана-сезіміндегі болған жаңалықтарды, өзгерістерді суреттеу идеясынан туған. Мұның өзалдына бірнеше әлеуметтік-саяси себептері бар. Біріншіден, Қазақстанның Ресейге қосылуы XIX ғасырдың 70 жылдарында аяқталды. Алдымен Ресей мемлекетіне Кіші жүз (1730 ж.), содан кейін Орта жүз (1740 ж.), Орта жүзден кейін Ұлы жүз (1819 ж.) қосылды. Тарихи өзгерістердің нәтижесінде қазақ елінің тұрмыс тіршілігіне, қоғамдық өміріне ел басқару, ел билеу істері сияқты өзгерістер енді. Екіншіден, патша өкіметі 1822 жылы Орта жүз қазақтары жайында арнаулы устав шығарды. Устав хандық жолымен ел билеу тәртібін өзгертті. Орта жүз округтерге бөлінді. Округтерді болыстар басқарды. Үшіншіден, 1865 жылы патша өкіметі арнаулы комиссия құрды. Комиссия қазақ елін билеу, басқару жайында “Уақытша жоба” жасауды тапсырды. Арнаулы комиссия жасаған жоба үш жылдан кейін 1868 жылы 21-қазан айында қабылданды. “Уақытша жоба” бойынша қазақ елі облыстарға бөлінді. Әрбір облыс генерал-губернаторға бағынды. Мәселен, Орал мен Торғай облысы Орынбор генерал-губернаторына, Ақмола мен Семей Батыс-Сібір генерал-губернаторына бағынды. Облыстар уездерге бөлінді. Уезд бастықтары болып патша өкіметінің офицерлері, ал олардың көмекшісіне қазақ байлары тағайындалды. Уездер болысқа, болыстар ауылға бөлінді. Болыстар да, ауылды билейтін старшиналар да сайлау арқылы белгіленді. Сайлауға қатысатын да, сайланатын да қазақ байлары болды. Осылардың негізінде XIX ғасырдың 70-жылдарында ел басқару саласында ескі тәртіп жойылады, оның орнына “жоғарыдан тағайындау” тәртібі қолданылды [2]. Төртіншіден, “жоғарыдан тағайындау”, “сайлау” тәртібі ел арасының ала ауыздығын, талас-тартысын күшейте түседі, елді жікке бөлу, араздастырып атастыру көбейеді.

Міне, осы себептер XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ елінің тұрмыс-тіршілігінде, әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық өмірінде болған өзгерістер мен жаңалықтарды суреттеу идеясына байланысты болды. Жырдағы осы әлеуметтік-саяси, тарихи және этнографиялық болмыс көріністері – қазақ ауылын-

дағы әлеуметтік қарым-қатынастардың қоғам өміріне, тұрмыс-салтқа енген өзгеріс, көне мен жаңаның арасындағы тартыс, жаңалықтарды суреттеу идеясынан туған оқиғалар мен құбылыстар “Айман-Шолпан” жырында көрініс тапты. Осыған орай жырдың кейіпкерлері өздерінің мақсат-мүдделеріне, көз-қарастарына қарай екі топқа бөлінеді. Біріншісі – ескілік өмірді, бұрынғы көне салтты жақтайтындар. Ол әлеумет сахнасынан кетіп бара жатқан феодалдық құрылыстың өкілдері Көтібар мен Маман. Екіншісі – туып келе жатқан капиталистік қарым-қатынасты, қоғам өмірінде соған негізделген жаңалықты жақтаушы жастар: Айман, Арыстан, Әлібек, Шолпан. Бұлар жаңа заманда туған жаңа кейіпкерлер болып табылады.

М.Ғабдуллин: “Айман-Шолпан” реформа дәуірінен кейінгі кезде қазақ қоғамына енген жаңалық, өзгерістерді шындық тұрғыдан бейнелеген халықтық жыр. Бұл жыр жаңа жағдайға байланысты қоғам өмірінен орын алған талас-тартысты, ескінің жеңіліп, жаңаның жеңетіндігін бейнелейді, әлеуметтік сахнасынан ығыстырылып бара жатқан ескілікті қолдаушы адамдарға жаңа заманның жаңа адамдарын, жастарды қарсы қоя отырып, соңғыларын ардақтай жырлайды, үлгі етеді” [3], - деп көрсетті.

М.Әуезов “Көркемдік жағынан қазақ эпосының үздік үлгілері саналатын “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, немесе “Қыз Жібек” жырындай болмағанымен, “Айман-Шолпан” халық арасына ең көп таралған дастандардың бірі” [4], - деп атады.

«Айман-Шолпан» жырының «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» және «Қыз Жібек» жырларынан айырмашылықтары бар. Біріншіден – жырдың эпикалық дәстүр ауқымындағы өзіндік жаңа тұлғасы, тың ерекшеліктері. Екіншіден, жырдың сырт өрнегі мен кейбір сарындары ескі эпостан ауысқанымен, ішкі құрылысы мен бағыты, әсіресе, адам мінезін даралауы, жаңа жанр – поэманың нышанын танытады, жырды жазба әдебиет туындыларына жақындатады. Үшіншіден, кейіпкерлердің кейбіреулері ХІХ ғасырда өмір кешкен тарихи адамдар. Көтібар, Арыстан есімдері де, олардың мекені, өскен ортасы мен дәуірі, іс-әрекеттері этнографиялық болмыс пен көріністерді бейнелейді. Төртіншіден, “Айман-Шолпан” жыры әлеуметтік өмірдің нақтылы қайшылықтары мен бостандық үшін күресін бейнелейтін ғашықтық, тұрмыс жыры, жырдың жақсылығы мен жаңалығы осында. Бесіншіден, жыр - өткен дәуірдің әлеуметтік, тұрмыстық-салттық суреттерін, адам тағдырларын тамаша сипаттаған ескерткіш. Алтыншыдан, адам бейнесінің ақиқаты объективтік өмір мен мінездің даму растығына негізделуінде. «айман-Шолпан» жырының тарихи ерекшеліктері сан алуан. Бірінші ерекшелігі – ХІХ ғасырдың бірінші жартысында Көтібар мен Арыстанның өмір сүруі. Тарихи мәліметтерге қарағанда Көтібар, есет, есеттің ұлы Бекет хан тұқымдарымен көп шайқасқан адамдар. 1809 жылы Қаратай сұлтан Жантөрені өлтіргенде, оның көмекшілері осы шекті руының батырлары болған. Жантөренің баласы Арыстанды өлтіруші Бекет, Көтібар мен есеттің әртүрлі жорықтары мен батыл кимылдары тарихта мәлім. Демек, жыр сол шабуылды күндердің бір көрінісі.

Екінші ерекшелігі – жырда әртүрлі өмір құбылыстарының өз қалпында суреттелуі, шындықтың шеңберінен шығып кететін іс-әрекеттер кездеспейді. Жырда кейбір өмір құбылыстарын өте әсірелей суреттеу жоқтың қасы.

Үшінші ерекшелігі – басқа лиро-эпостардай бұл жырда мадақталынатын сұлулық, ғашықтық емес, керісінше, оқиғаның негізгі қазығы – Айманның бойындағы ақылдылық, қиыншылықтан жол тауып келе алатын тапқырлығы, алысты болжайтын қырағылығы, шеберлігі, бүкіл елдің мәселенің тізгінін өз қолына алып, қиыншылық кезеңдерден сүрінбей шығуы.

Төртінші ерекшелігі – жырдың тақырыбы да, оқиғасы да тарихи жырларға жақын болғанмен де, халықтың тұрмыс-салтын және оның этнографиялық көріністерін суреттеу жағынан лиро-эпостармен туыстас және өмір құбылысын суреттеудегі әдісі де осыны дәлелдейді.

Сонымен, лиро-эпостар қазақ халқының өткен замандардағы талантты ақындарының жасап кеткен құнды мұраларының бірі.

«Айман-Шолпан» жырынан туындайтын мол өмірлік материалдың, этнографиялық деректі оқиғалардың алатын орнымен, атқаратын қызметімен де, этнографиялық болмыс көріністерімен де тығыз байланысты. Енді «Айман-Шолпан» жырындағы этнографиялық сюжеттердің, көріністердің кейбіріне назар аударып, этнографиялық талдау жасап көрейік.

«Айман-Шолпан» жырына талдау берместен бұрын оның этнографиялық болмысымен қысқаша таныса кетелік.

Бірінші этнографиялық дерек. Кіші жүз ішінде Шөмекейдің өлген бір кісісіне үлкен ас беріледі. Оған таманың бай адамы Маман сән-салтанатымен, өңшең нарға артқан тоғыз саба қымызымен келеді. Шөмекейліктер Маманбайды құрметпен қарсы алып, алтындаған ақ үйге енгізеді. Бұл асқа қант-шай алып және тоғыз нарға тоқаш артып шектінің батыры Көтібар да келеді. Оның жадағай үйге көңілі толмайды

да, Маман бай отырған үйді бер деп шіренеді. Көтібарға жауапты өзің бер деп Маман байға барады. Маман бай Көтібардың кедейлігін және өзінің байлығын айтады: «Еліңді шауып аламын!» - дейді. Көтібар өзінің інісі Арыстанның: «Арындама» - деген ақылына құлақ салады.

Екінші этнографиялық дерек. Аста ат шабысы болады. Бәйгіден Көтібардың күрең аты озып келеді. Бұған масаттанған Көтібар, Маманға алғашқы айтқан сөзін қайталайды да: «Еліңді шауып алам!...» деп аттанып кетеді. Көтібар айтқан сөзіне жетіп, жеті жүз жігіт алып Үрпекбас деген жерде отырған Маманды шауып алады. Маманның айман, Шолпан атты екі қызын жайдақ нарға мінгізіп әкетеді. Жолшыбай айман өзіне Көтібардан бір жорға сұрап алады да, оны Шолпанға береді. Екінші тұлпарды Арыстаннан алады. Айман Көтібардың жігіттерінен: «Шолпан екеуіміздің бірімізді елге қайтарыңыздар», - деп өтінеді. Бұған Көтібар үндемейді, Арыстан келісім білдіреді. Шолпанды еліне қайырады. Оны Арыстан бастаған жігіттер еліне шығарып салады. Айман еліне қайтып бара жатқан Шолпан арқылы өзінің атастырған күйеуі Әлібекке сәлем жолдайды: «Алпыс күннен қалмай, келіп жетсін», - дейді.

Үшінші этнографиялық дерек. Көтібар еліне келеді. Оның Теңге деген тоқалы бар екен. Оны жігіттер әзіл араластырып ашуландырып: «Сені Айманның көрімдігіне береміз», - дейді. Бұған намыстанған теңге айманмен қақтығысады. Айманның алдынан ешбір адамды шығармаймын деп үйіне қайтады. Айманды қарсы алған адам болмайды. Айман Арыстанның аулына барып түседі.

Төртінші этнографиялық дерек. Айман Көтібардың ұлы Есетпен танысып, оны бауырына тартады, балаға жақсы киім-кешек тігіп береді. Айман Есетке ақыл үйретеді: «Әкеңе бар, киімдеріңе байғазы сұра. Алпыс күнге дейін айманға үйленбе, берер байғазың осы болсын де», - дейді. Есеттің тілегін Көтібар орындамайды, сонда бұған Арыстан араласып баланың тілегін қабылдаттырады. Айман Есеттен Көтібардың кіші күрең тұлпарында екенін біледі, айламен тұлпарды қолына түсіреді.

Соңғы этнографиялық дерек Әлібекке байланысты іс-әрекеттер. Ол бір мың төрт жігіт алып келеді. Әлібектің алдынан күрең тұлпармен Айман шығады. Әлібек Айманды танымай қалып найза салады. Айман өзін танытады. Әлібек өзі алып келген жігіттердің күшімен Шекті елін шабуылдайды. Бірақ арашашы айман болады, ол екі жақты татуластырады. Ал Көтібар өкіл ата болып, Айманды Әлібекпен аттандырады. Шолпанды Айман Арыстанға қосады. Екі жақтың шабуылға түскен малы қайтарылады, ел арасында татулық орнайды. «Айман-Шолпан» жыры осы этнографиялық деректермен аяқталады [5].

«Айман-Шолпан» жырында әлеуметтік-тұрмыс көріністерінен және этнографиялық болмыстың қырларынан хабар беретін эпикалық дәстүрлер, салт-жоралар мол. Тұрмыстық салт-дәстүрлер мен жол-жоралардың этнографиялық болмысына байланысты этнографиялық сюжетке назар аударайық.

Бірінші этнографиялық дерекке сәйкес келетін этнографиялық сюжеттер мыналар.

*Маманды рулы елге қылған баға,  
Маман бай мал біткенге қылған тоба,  
«Сәнімен бұлжыынға барамын», - деп,  
Арттырды тоғыз нарға тоғыз саба.  
Маманға сөздің затын білгізеді,  
Шектіні Қара таудан келгізеді.  
Маманға лайықты осы орын деп,  
Маманды алтынды үйге кіргізеді.  
Қоймапты Көтібарға үйін сақтап,  
Сұрап тұр ер Көтібар үйін жоқтап.  
Саба жетер жер емес, жері шалғай,  
Әкелді қант пен шайын тоғанақтай.  
Көтібар өзге жөнге көнбей отыр,  
Сөзіне жұрттың айтқан ермей отыр.  
«Маған берсең Маманның үйін бер», - деп,  
Жадағай киіз үйге кірмей отыр.  
Мен саған сөз айтамын жөніменен,  
Әділ қылып айтпаймын, шыныменен.  
Маған берсең Маманның үйін әпер,  
Кіремін жолға қарап ізімменен [6].*

Бұдан кейін ас берген Алшын-Жаппас Шөмекейлер бәрі жиылып Маман байға келіп (үш жүз кісі Шекті) «өзің бар Көтібарға сөйлес, Көтібар жадағай, киіз үйге кірмей отыр, сіздің үй оған епті келіп отыр, кірген үйінді бермейсің бе, өзге үйге өзің барып кірмейсің бе», - дейді. Маман шөмекейлерге «үй таңдап біздің елден не қылады, су артқан Қаратаудан кума кедей, аузына ақ тимеген қу кедейдің алтыннан бақтырулы үйі бар ма, астында қамыс үйдің жатқан кедей, біздің елден үй таңдап не қылады», - дейді.

Бұл этнографиялық сюжеттер қазақ қоғамының таптық-әлеуметтік жіктелісінен мәлімет береді. Маман мен Көтібардың үйге таласып қақтығысуынан олардың өздері үстемдік етіп, әкімдік жүргізген заманы сол

қалпында деп түсінушілігі көрінеді және ол заманның өтіп бара жатқандығын, қоғамдық қарым-қатынастардың өзгере бастағанын мойындамаушылықты аңғартады.

Екінші этнографиялық дерек – қазақтың әдет-ғұрпы бойынша өлген кісінің жылына арнап ас беру салты. Ас беру түрлі ұлттық этнографиялық іс-әрекеттермен ұштасады. Аста ат шабысы болады. Ас берген шөмекейлер бәйгіге үш жүз атты айдап шығады. Көгібар да бәйгіге күрең атын қосады, Маман үш көк мойын қосады. Бәйгіден Көгібардың күрең аты озып келеді.

Жырда мынандай этнографиялық жолдар бар (Көгібардың Маманға айтқаны):

*Ат қсоқан, Маман батыр қасыма кел,  
Жүйрігін күрең аттың көзіңмен көр.  
Терлетіп күрең атты не қыласың,  
Бәйгемді кесірі жоқ, шаптырмай бер.  
Ат қосқан шілде ыстық туған нағыз.  
Көтібар бұл шектіден туған нағыз.  
Бәйгеге үш жүз атты айдап еді.  
Күреңі Көтібардың келді жалғыз.  
Жүз жамбы бәйге басын батыр алды,  
Күрең ат топтан жеке кетіп қалды.  
«Бұл бағы қу кедейдің асты ма», - деп,  
Ішінен Маман батыр қайғыланды [7].*

Қазақтардың ас беру ғұрпына байланысты ұйымдастырылған ат шабысы, бәйгеге ат қосу, озып шығу, сыйлық алу салтанаты да этнодемографиялық болмыс шындығынан дерек береді.

Жырдың мазмұнынан туындайтын этнографиялық болмыс және оның этнографиялық көріністерінің бірі – Көгібардың қалың қол жиып, Маманды шауып алуы, оның екі қызын (Айман мен Шолпан) жайдақ нарға мінгізіп әкетуі, Айманды тоқалдыққа аламын деуі. Жырда бұл этнографиялық деректерден беретін мынандай жолдар (сюжеттер) бар:

*Маман бай, мынау істі көзің көрсін,  
Тұра тұр, мынау топта атым келсін,  
Алмасам тоқалдыққа Айманыңды,  
Көтібар менің атым жерге кірсін!  
Аулаққа жеті жүз қол жүргізбесем,  
Шектіні таң сәріден тигізбесем,  
Көтібар менің атым жерге кірсін,  
Айманды жайдақ нарға мінгізбесем.  
Маманды көрген жерден тауып алды,  
Қасында ауылының тауы бар-ды.  
Тау түбінде тіктіріп алтын туды,  
Маманды Үрпек бастан шауып алды [8].*

Фольклорлық материалдың деректерінде Көгібарды жеңу жайын қарастырған Айман мақсатына жету үшін Теңгені пайдаланатын, Көгібарға қарсы Теңгені салатын жерлері бар. Теңгемен кездескенде оның намысына тиетін этнографиялық сюжет бар.

*Базарда Теңге болсаң, пұл боларсың,  
Қолыңа құрық алсаң, құл боларсың.  
Батырдың айтқан сөзі рас болса,  
Қолыма су құятын күң боларсың [9].*

Жырдағы этнографиялық деректердің бірі – Айманның Көгібардың ұлы Есетпен танысуы, балаға киім-кешек тігіп берді, әкесінен байғазы сұратуы. Байғазының мақсаты: алпыс күнге дейін Айманға үйленбе, берер байғазың осы болсын. Есеттің әкесі Көгібардан байғазы сұрауы туралы этнографиялық сюжеттерден үзінділер келтірейік.

*Әкең айтар:  
Әй балам, байғазы деп келдің маған,  
Билігін бұл Шектінің бердім саған.  
Не болмаса, тағымды берейін дер,  
Мен бір жауап айтайын енді саған.  
Тағыңды билігіңді алмаймын де,  
Бермесей де бекерге қалмаймын де.  
Маған берсең Айманға алпыс  
Күнге неке қима,  
Мұнан басқа тілекті алмаймын де.  
(Бұл мәтін Айманның Есетке ақыл үйретуі).*



*Бала келді Көтібар әкесіне,  
Арыстан артық туған жәкесіне.  
Байғазы деп келгенде Есет бала,  
Көтібар бұл құлықты білмесін бе.*

Есеттің тілегін Көтібар орындамайды. Сонда Арыстан Көтібардан «Баланың қалағанын беріңіз, баланың бір сағының садағасы», - дейді. Көтібар Арыстанның айтқан сөзін орындайды.

*Бала кетті жүгіріп Айман қызға  
Артынан қарамады бөтен сөзге.  
Тілеп алдым, Айеке-ау, алтыс күнді,  
Еш нәрсе алғаным жоқ мұнан өзге [10].*

Зерттеудің барысында «Айман-Шолпан» жырындағы болмыстан туындайтын этнографиялық деректер мен сюжеттерде көрсетілген қазақтың XIX ғасырдың екінші жартысындағы эпикалық дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың, салт-санасының кейбірін қарастырдық. Қазақ этнографиясы мен фольклорлық жанр жырларының өзара байланысы мен арақатынасын зерттеуде бұлар өте құнды дерек көзі болып табылады.

Қазақ фольклоры мен этнографиясы арасындағы мазмұн, түр, стиль, болмыс, ғұрыптық дәстүр этнографиялық деректер бірлігін табуға, сонымен қатар, лиро-эпос жырларынан туындайтын ішкі логикалық байланыстарын, өзара ықпал әсерін, даму жолдарын, байланыс және арақатынас белгілерін талдауға мүмкіндік береді. Яғни, лиро-эпос жырларын фольклор жанры түрінде басшылыққа алу, бұл мәдени мұраларды тарихи дерек және олардың этнографиялық негізінің қайнар көзі ретінде зерттеп көрсетудің маңызы бүгінгі таңда артып отыр.

Сөйтіп, біз «Айман-Шолпан» жырының әлеуметтік-тарихи алғы шарттарын, жырдағы қазақтардың тұрмыстық-салттық ерекшеліктерінің көрініс табуын көрсеттік. Себебі, лиро-эпос жырларындағы заттық және рухани мәдениет, әлеуметтік-экономикалық мәселелер тарихи фактілер мен этнографиялық сюжеттерге негізделіп суреттелген.

Лиро-эпос жырларының этнографиялық негізі, ғұрыптық дәстүрлері, этнографиялық болмысы сол дәуірдің шындығымен, адамдардың әдет-ғұрыптарымен, салт-дәстүрлерімен, дүниетанымымен тығыз байланыста ашылатындығын байқаймыз. Демек, бұлардың барлығы, атап айтқанда, халық тарихы мен қазақ этнографиясы лиро-эпос жырларының этнографиялық негізі, қайнар көзі болып табылатындығын атап көрсетеміз.

*1 Қисса «Айман-Шолпан». – Қазан, 1896-1910 жж. Жазып бастырған Жүсіпбек қожа Шайхұлисламұлы.*

*2 История Казахстана. Очерк. – Алматы, 1993. – С. 225.*

*3 Фабдуллин М. Айман-Шолпан. – Алматы: Жалын, 1987. - 14-б.*

*4 Әуезов М. Айман-Шолпан. – Алматы: Жалын, 1987. - 5 б.*

*5 Айман-Шолпан. – Алматы: Жалын, 1987. - 8-9-бб.*

*6 Айман-Шолпан. – Алматы: Жалын, 1987. - 20-21-бб.*

*7 Айман-Шолпан. – Алматы: Жалын, 1987. - 28-29-бб.*

*8 Айман-Шолпан. – Алматы: Жалын, 1987. - 27, 31-бб.*

*9 Айман-Шолпан. – Алматы: Жалын, 1987. - 48-б.*

*10 Айман-Шолпан. – Алматы: Жалын, 1987. - 52-53-бб.*

### **Резюме**

В статье автор рассматривает этнографические факты казахского жыра «Айман-Шолпан», также раскрывает сюжеты эпических традиций второй половины XIX века, обращает внимание на взаимную связь жанра, на его соотношение как очень ценного источника.

На сегодняшний день традиции, обычаи и обряды казахского народа, также этнография и казахский фольклор составляет казахское этнографическое единство. Поэма «Айман-Шолпан» является очень ценным культурным наследием казахского народа.

**Ключевые слова:** этнография, эпика, традиция, обычай, фольклор, жанр, факт, история

### **Summary**

In the article an author examines ethnographic facts Kazakh poem «Aiman-Sholpan», also translated plots of etical traditions of the second half of XIX century, pays attention to interconnection of genre, on his correlation as a very valuable source.

To date traditions, customs and ceremonies of the Kazakh people, also ethnography and Kazakh folklore make Kazakh ethnographic unity. Poem «Aiman-Sholpan», is very valuable cultural heritage of the Kazakh people.

**Keywords:** ethnography, эпика, tradition, custom, folklore, genre, fact, history.

## ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ ЗАМЕТКИ О ТАЗЫ И КИРГИЗСКОЙ БОРЗОЙ ПО МАТЕРИАЛАМ ФРАНЦУЗСКОЙ ПЕРИОДИКИ XIX - ПЕРВОЙ ЧЕТВЕРТИ XX ВВ.

З.Д. Шаймарданова – д.и.н., отдел науки, КазУМОиМЯ имени Абылай хана

Статьи по этнографии и истории Казахстана и Центральной Азии с описанием животных и собак, в частности тазы, свидетельствуют о высокой научно-публицистической информативности французской прессы, имеющими разную читательскую аудиторию. Формируя, таким образом, экономический и неповторимый социально-культурный облик казахской степи.

**Ключевые слова:** казахская степь, тазы, киргизы

«Тазы - как национальное достояние» - под таким названием 20 октября 2013 г. в Павлодарской области прошли соревнования этой ценной породы собак, в которых приняли участие 150 человек со своими питомцами из Казахстана и других стран. В настоящее время в Казахстане насчитывается около 2 тыс. чистокровных тазы.

Небезынтересно знать, что две тазы в 1885 г. были привезены во Францию. Эти факты мы узнаем из уникальной статьи известного французского исследователя Гийома Капю «Киргизская борзая и горная тазы», насыщенная этнографическими данными [1]. «Мы смогли привести из Центральной Азии пару таких тазы, один из которых самец, черного окраса из долины Янус в Кохистане. Они перенесли длительное шести-недельное путешествие от Бухары и Усть-Юрта, где в ноябре и декабре месяце температура достигала - 26 градусов по Цельсию. Эта порода сейчас акклиматизировались во Франции, горная тазы адаптировалась к нашему мягкому климату (напомним, что коровы и овцы долины Янус и долины Самарканда не охранялись этой породой собак). Тазы даже потерял свой бег «мусульманской» собаки и ведет себя в соответствии с нравами и характерами его братьев в Европе. Она стала чувствительна к ласкам, мстительным, верным и привязанным, вспыльчивым, послушным, стал хорошей сторожевой собакой, агрессивной и смелой. Особенности свойства тазы обеспечили факт акклиматизации новой породы».

Капю Г. (1857-1931) – французский исследователь-путешественник Центральной Азии и Индокитая. Его первая поездка в Азию состоялась в 1880 г. в сопровождении Г.Бонвало, посетившие Западную Сибирь и Русский Туркестан, озеро Балхаш. В 1887 году состоялась вторая миссия в Туркестан, вместе с Бонвало и Пиппином, о чем писали французские газеты, т.к. эти путешествия имели стратегическое значение для Франции. Капю собрал новые данные по этнографии, геологии, флоре и фауне, особенно в Азии. На этих поездок, он опубликовал две книги «A travers le royaume de Tamerlan» (Hennuyer, 1892) и «Le toit du monde: Pamir (Hachette, 1890). Г.Капю был вице-президентом Географического торгового общества Парижа, член Совета Французского Альянса, Академии колониальных наук, Ассоциации научных колониальных исследований. Настойчивый и пылкий исследователь, он был прямолинеен и скромнен [2, p. 439].

Идентифицировать статью Г.Капю о тазы помогла маленькая заметка в ведущей французской газете «Le Temps», опубликованная в номере от 15 ноября 1885 г. Заметка информирует о том, что в периодическом издании «Живописная газета» опубликована статья Г.Капю «Киргизские борзые и горные тазы» [3]. Под киргизскими борзыми автор, видимо, описывает тайганов.

Исследования этнографии осуществляется на фоне изучения и описания животного мира каждого этноса, так как окружающий животный и растительный мир это способ бытия объединенных в этнос людей, и существенная часть этнической культуры номадов.

Г.Капю пишет: «Киргизская борзая - животное равнин. Только на равнине ее быстрый бег на полной скорости не встречает никаких препятствий, ее глаз, привыкший следить за дичью, не теряя ее из виду на значительном расстоянии, ловкость ее частей тела приходит на помощь к несовершенству ее обоняния. Длина передних лап и особенно задних (главным образом, бедра), расстояние между передними и задними лапами, прочность и эластичность сухожилий, амплитуда дыхания грудной клетки отличают строение киргизской борзой от всех других пород собак. Изящество ее талии и стройность ее членов, продолговатость ее морды, изящные, осторожные и волновые движения при ходьбе дают представление о ее быстроте и неуловимости. Говорят, что этот собачий скакун создан для наименьшего сопротивления воздуху, так как его тело устремлено вперед, и он рассекает его как стрела, самоудлиняется, перегоняет своих врагов

быстрым перемещением с одного места на другое. Борзая – одна из всех чистокровных собак, которые больше всего приближена к типу животных-скакунов. Во время бега кажется, что ее длинное тело еще больше вытягивается, но голова остается поднятой, а брюхо прижато к земле».

Географический универсальный словарь, в котором размещались последние географические новости, сравнивает благородный бег тазы с бегом скаковой лошади [4].

Исследователь описывает окрас тазы: «Киргизская тазы обычно палевого цвета, редко серого, черного или белого. Черная тазы является самой ценной. Борзая женского рода ниже, чем самец. Это домашнее животное степи, живущие в стране с экстремальными погодными условиями, она вынослива как верблюд или киргизская лошадь. Летом тело покрыто короткими волосами, «брюки» мало выражены, зимой количество меха увеличивается, растет и утолщается, волоски появляются между пальцами лап, тазы меняет одеяние то такой степени, что ее можно принять за другое животное. Здесь скрыта специальная адаптация к климатическим условиям, адаптация, разделяемая другими животными степи».

По сравнению с европейскими охотничьими собаками киргизская борзая, по мнению автора, имеет ряд преимуществ. Именно скорость является отличительной характеристикой, а такие характеристики как чуткость обоняния не свойственны для этой породы собак, силу которой можно сравнить со львом.

Грациозная казахская собака тазы имеет тонкую и гибкую шею, блестящие темные глаза, поджарое брюхо, сжатую с боков грудь, прямую спину и мускулистые ноги. Они великолепные охотники. А вот как описывает тазы Г.Капо: «За элегантность форм тазы претендует на уникальность. Его рост меньше киргизской борзой, но грудь шире, кости более крепкие. Череп меньше, ее тело покрыто длинными шелковистыми волосами, как у спаниеля. Эти волосы покрывают и передние лапы, и, особенно, задние, создавая подобие оригинальных брюк. Если добавить к этому портрету и уши, которые являются длинными, опущенными и покрытыми длинными прядями шелковистых волос, которые во время гонки как бы плывут, на первый взгляд тазы покажется спаниелем».

И он выделяет одну характерную особенность тазы - абсолютно чистота. «Тазы пользуются у киргизских мусульман особыми привилегиями, даже занимают особое место по привязанности. Несмотря на законы и традиции мусульман, по которым считается, что собака - нечистое животное, недостойное человеческого общества, киргизы допускают тазы в свои кибитки и жилища, кормят почто со «стола», защищают их, гордятся своим обладанием ими и тренируют их для охоты. Обращение, которое человек проявляет к животным и которого он сделал своим товарищем, это следствие большого влияния на характер и качество этих борзых, здесь следовало бы провести отдельное исследование, мы только констатируем, что тазы мягче, менее энергична и более чувствительна к ласкам, популярная собака киргизских и туркменских аулов». Эта разновидность борзых была очень популярна у персов.

Вместе с тем она несколько труслива, поэтому не является сторожевой собакой. Известно, что собаки прошли долгий путь domestikации. По-видимому, это оказались недостатки дрессировки, но, полагает автор, у тазы под действием мягкой и разумной дрессировки могут быть развиты сторожевые навыки.

«Киргизы используют тазы для охоты. Она охотится на степного зайца, сайгака и, реже, кабана. Охотник едет верхом на лошади, рядом следует его собака и привязанная дичь. Но киргиз меньше охотиться с тазы, чем с соколом или ястребом. Это его любимый вид спорта, однако, после байги или других скачек, где проявляются все качества сына степей.

Тазы распространена среди оседлых и кочевых туркоманов берегов Аму-Дарьи, где она также ценится. Тип тазы, который отличается от киргизской тазы только особенностями анатомии, это горная тазы Кохистана, которая представлена на рисунке. Горная тазы имеет более сильные кисти, чем ее равнинный брат, голова более массивная, мускулатура более мощная, бедренная часть достигает своей наибольшей длины у собак. Грудная клетка также особая».

В книге «A travers le Royaume de Tamerlan (Asie centrale)» автор также описывает тазы по имени Узун [5, p. 125].

Жилище казахов – юрта – привлекала внимание исследователя, которую он сравнивает с норой, вокруг которой происходит постоянное движение. Юрты, окруженные верблюдами, лошадьми, собаками и коровами. Местные жители рассказывали ему, что ежегодная линька ярко выражена у тазы.

Французский журнал «Антропология» писал, что подвид борзой – тазы – охотники использовали для охоты на львов [6, p. 58].

Французская периодика публиковала материалы и о киргизских лошадях, связанных с народными традициями и обычаями.

«Им (киргизам – З.Д.Ш.) нравятся лошадиные бега, и сочетаются в браке на скачках. Вот как обычно

это происходит: девушка, которую страстно желает молодой человек, выбирает самую быструю лошадь, которую она только может найти, и скачет галопом. Её возлюбленный следует за ней, пытаясь ухватить за талию. В этот момент она старается помешать ему. Девушка препятствует его действиям ударами кнута. Если он терпит неудачу, то с позором возвращается в лагерь и становится мишенью для насмешек в своем племени. Если же он сумел схватить красавицу за талию, то она немедленно уезжает с ним. Это и есть вся церемония. Обычно ему нужно заплатить родителям девушки», - так описал народный обычай кыз-күү полковник Фредерик Барнаби или Фред, автор книги «Хива, путешествие и приключения в Центральной Азии» [7, р. 312]. Книга стала бестселлером. Фред Барнаби, один из самых эксцентричных людей в Королевской конной гвардии (Англия), отправился в Хиву, когда в мирное время жизнь стала слишком скучной.

Этнографический материал о тазы и киргизской борзой, и других животных, опубликованный на страницах французской прессы как одного из видов письменных источников, значительно расширяет исследовательские границы исторической науки, дает основание для разработки новых исследовательских сюжетов казахстанской исторической науки. Научно-информационный потенциал зарубежной периодики, отражающей историю и этнографию Казахстана, далеко не исчерпан.

1 Capus G. *Le lévrier kirghize et le tazi de la montagne, Le Magasin pittoresque, 1885, T.3, - P. 352-354.*

2 Chevalier Au., *Annales de Géographie, 1931, Volume 40, Numéro 226, - P. 438-439.*

3 *Informations diverses, Le Temps, 1885, Numéro 8965, - P.3.*

4 *Nouvelle geographique universelle: la terre et les hommes. Vol.9 / par E.Reclus, - Paris, 1876.*

5 Capus G. *A travers le Rayaume de Tamerlan (Asie centrale) (Voyage dans la Sibirie occidentale, le Turkestan, la Boukharie, aux bords de l'Amou-Daria, a Khiva....., - Paris, 1892.*

6 *L'Anthropologie, 1901, - №2.*

7 Burnaby Fred, *A Ride to Khiva, travels and adventures in Central Asia, London, 1877, - 487 p.*

### Түйіндеме

Мақала авторы Қазақстан мен Орталық Азияның этнографиясы және тарихы, осы елдердің хайуанаттар әлемі, соның ішінде қазақ тазысы жөніндегі мақалалардың әртүрлі оқырмандары бар француз басылым беттерінде жариялануы – бұл елдің жоғарғы дәрежедегі ғылыми-ақпараттылығын дәлелдейтінін бірқатар ғалымдар пікірлерімен келтіреді. Бұл қазақ даласының экономикалық және қайталанбас әлеуметтік-мәдени бейнесін құрады және Қазақстанның тарихы мен этнографиясын бейнелейтін мәселелер шетел ғалымдарын әлі де толғандыратынына көз жеткізуге болады.

**Тірек сөздер:** тазы, қырғыздар, қазақ даласы

### Summary

Articles on the ethnography and history of Kazakhstan and Central Asia with the description of animals dogs, tazy in particular, describes the high scientific and journalistic descriptiveness of the French press, which had a different readership audience. Thus formed an economic and unique social and cultural face of the Kazakh auls Kazakhstan and Central Asia ethnography and history, country the world, including Kazakh hound direction the article different reader I eat a frenchman edition conscience published it country supreme degree I ground a row scientist opinion I compel to come. This Kazakh street economic and I recur sociocultural character I create and history and ethnography Kazakhstan I represent question foreign country/pl scientist still I compel to be thoughtful.

**Keywords:** Kazakh steppe, tazy, Kirghiz

## **ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ПЕРСОНАЛИИ**

УДК 316.2(574)

### **А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ БІЛІМДІ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ РЕТІНДЕ ЖЕТІЛДІРУДЕГІ АТҚАРҒАН ҚЫЗМЕТІ**

**М.Дақенов** – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры, т.ғ.к.*

А.Байтұрсынов мектептерді қазақ еліндегі білім берудің негізгі институты ретінде қарастырып оны дамытудың басты факторы ретінде айқындады, оның проблемаларын, оқытудың тиімді жолдарын белгіледі. Ол өз еңбектерінде бастауыш мектептерді қазақ даласындағы білім берудің алғашқы иниситуттары ретінде зерттеген. Оларды зерттеуге бірнеше объективтік себептер яғни қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірі зор ықпал етті. А.Байтұрсынов патша үкіметінен бұл оқу орнындағы оқу мерзімін бес жылға созуды талап етті. Қазақ даласындағы білім өмірмен, практикамен байланысуы тиіс деп есептеген ол оқу үрдісін соған қарай бұру қажет деген тұжырым жасайды. Патша үкіметінен шын мәніндегі ұстаздармен қазақ мектептерін қамтамасыз етуді талап етті. Олардың білім деңгейін арттыруды оқу процесін дамытудың маңызды факторлары деп қарады. А.Байтұрсынов мектептердің ұтымды жұмыс істеуін қаржыландыру мәселесімен байланыстырады.

**Тірек сөздер:** білімділік, мұғалім, бастауыш мектеп, әдістемелік, патша үкіметі, қаржыландыру

Қазақ жерінің топрағында дүниеге келген, көптеген ойшылдарды білім беру мәселесі толғандырып, оны өз зерттеулерінің маңызды объектісі деп алған, соның ішінде олар білімді әлеуметтік институт ретінде ғылыми тұрғыда қарастырған орасан мол мұра қалдырған. Олардың озық идеялары еліміздің бүгінгі білім беру саласындағы өзекті мәселелерімен ұштасып жатқанында байқау қиын емес. Қазақ ойшылдары жас ұрпақтың тұлға болып қалыптасуын, әлеуметтенуін, өмірге дайындауын, социумдағы мәртебесін айқындауын, өз қоғамын дамытуға ат салысуын олардың білімділігімен байланыстырады. Осы орайда, әлемнің екінші ұстазы Әбу-Насыр әл-Фараби алғашқылардың бірі болып, білімділік категориясының мәнін ашуы аса құнды болды. Оның пікірі бойынша «Білімді болу деген сөз белгісіз нәрсені ашу қабілетіне ие болу деген сөз... білімді адам көп нәрсені біледі және қабілеті, дарыны арқылы басқа белгісіз нәрселерді өз бетінше аша алатын» [1] тұлға.

Білімнің нәрін сеуіп, жас ұрпақты білімділікке баулуда мұғалімнің рөлі ерекше. Қазақ халқының ұлы ағартушысы Ы.Алтынсарин мұғалімнің көп функцияналды қызметін жоғары бағалай отырып, оның педагогикалық біліміне ерекше маңыз берген. Ы.Алтынсарин «Мұғалім баланы тәрбиелеуші, оның қамқоршысы, егер бала бір нәрсені білмей қалса, ол бала кінәлі емес, оған түсіндіре алмаған ұстаздың өзі. Ұстаз балаға сабыр мен салмақты қысқа сөйлеу керек, ол әрбір пәнді түсіндіргенде ықыласымен, қарапайым тілмен түсіндіргені дұрыс» деп түйіндейді.

Кеменгер Абайдың шығармаларында тұлғаны қалыптастыруда жүретін әлеуметтендіру үдерісі көптеген құндылықтарды, ұғымдарды, күтілістерді ойластыратынын, солардың негізінде адамдардың күнделікті өмірі қалыптасатынын зерделеп саралайды. Абай білімгеосы үдерістің бір бөлігі ретінде қарап, оқып үйренуге халқын, соның ішінде жастарды барынша шақырған еді. Ұлы Абайдың:

*Пайда ойлама, ар ойла,*

*Талап қыл артық білуге,*

*Артық білім кітапта*

*Ерінбей оқып көруге* [2] - деп үндеуі әлі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ.

А.Байтұрсынов өз еңбектерінде қазақ даласындағы білім берудің алғашқы иниситуттары ретінде зерттеуді бастауыш мектептерден бастаған. Оларды зерттеуге бірнеше объективтік себептер яғни қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірі зор ықпал етті. Сол тұста осы және т.б. қазақ балаларын оқытатын мектептер үшін, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды жасау жөнінде мәселе туындады. Сонымен қатар білімнің мазмұны мен оқытудың әдістері өзекті мәселе ретінде ерекше орын алды. Бұл мәселелер өздерінің шешімін А. Байтұрсыновтың ғылыми еңбектерінен көрініс тапты.

Ол ізденісті мектеп жүйесінен, мектептегі шәкірттердің қандай пәндерді оқытындарынан бастап, олардағы білім мазмұнының деңгейін саралады, сол пәндерден алынған білімнің өмірде қаншалықты пайдасы бар екенін анықтады және оларды жетілдірудің жолдарын қарастырды.

А.Байтұрсыновтың пікірінше, бастауыш мектептерінде оқу тек қазақ тілінде жүріп, мына пәндерден оқушылар дәріс алып, үйренуі тиіс болды: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа кәсіп, жаралыс жайы. Бастауыш мектептің ең басты мақсаты балаларға қазақша толық хат танытындай

етіп білім беру және олардан алған білім әрі қарай жалғастырамын деген шәкірттер үшін негіз боларлықтай тиянақты білім көзіне айналуы қажет. Екі жылдық бастауыш мектептегі білімнің қазақ балаларына жеткіліксіз деп тапқан А.Байтұрсынов патша үкіметінен бұл оқу орнындағы оқу мерзімін бес жылға созуды талап етті. Оның алғашқы үш жылында шәкірттер кілең қазақша оқиды, ал соңғы екі жылында таза орыс тілінде оқитын болады. Ұлт ұстазының соңғы ұсынысын, біздің пікірімізше, ел ішіне капиталистік қатынастардың ене бастауымен, сауда-саттықтың өрістеуімен түсіндіруге болады. 1913 жылы «Қазақ» газетінде жариялаған «Оқу жайы» атты мақаласында ғылым және білім салалары дамыған елдермен оқу-білімсіз, ғылымы артта қалған елдердің алға басу мүмкіндігін зерделей келіп, «Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның бар байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші. Мұның себебі бұл заманда не нәрсе болмасын машинаға айналды» деп, білімнің қоғамда атқарып отырған рөлін ашып, қазақ даласындағы білім өмірмен, практикамен байланысуы тиіс деп есептеген ол оқу үрдісін соған қарай бұру қажет деген тұжырым жасайды. Мектептерді білім беру ордасы ретінде қарастырғанда А.Байтұрсынов білім сапасының оқу орындарының материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілуі деңгейімен ұштастыра қарастырып, материалдық-техникалық құралдарға ерекше маңыздылық береді. А.Байтұрсынов қазақ арасында мектептер санының тым аз екенін, оларда оқитын қазақ балаларының санының аздығын, оқулықтар мен оқу құралдарын жасауды, олармен шәкірттерді толық қамтамасыз етуді, оқу бағдарламаларын әзірлеудің керектігін анықтайды. Ол былай деп жазды: «Қазақ тілінде оқыту әлі де белгілі бір тәртіпке келтірілген жоқ, кемшіліктер өте көп. Қазақ тіліндегі оқулықтар енді ғана шыға бастады. Оқытудың бағдарламасы жоқ, тұрақты оқу мерзімі белгіленбеген, арнайы салынған мектептер жоқ...». Кемшіліктерді көрсетумен қатар, сол кемшіліктерді жоюда, оқу ісін дұрыс жолға қоюда аянбай қажырлы еңбек етті. Олар мектеп ғимараттарын салуға халықты жұмылдырды, оқулықтар мен оқу құралдарын жазды. Мысалы: А.Байтұрсынов қазақтың тұңғыш әліппесі «Оқу құралын» жазып Орынбор қаласында жарыққа шығарды. Шәкірттердің мектепке келгенде алғашқы қолына алар оқулығы «Әліппе» болғандықтан А.Байтұрсынов бұл оқулықтың мазмұнына қатаң талаптар қойған. Әліппені тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жинағы ретінде айқындай келіп, таңбалардың тіл дыбыстарына мол жетуін, орнаған дыбысқа дәл келуін, оқуға, жазуға жеңіл болуын, үйретуге оңай болуын, заманының өнер құралдарына қолайлы болуын оқулықтың басты жетістігі деп санаған.

Өйткені, А.Байтұрсыновтың пікірінше, мұндай оқулықпен оқыған балалар оқу барысында қиналмайды, оқудан тауы шағылмайды, көңілі қайтып, мұқалмайды; оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады. Мұғалімнің де жігері құм болмай, ісі алға басады, оқытуға көңілі артып шабыттанады. Ақаң оқулықтар мен оқу құралдарының жазылу деңгейінің балалар мен мұғалімдер психологиясына қалай әсер ететінінде анықтайды. Жақсы оқулықтардың жазылуына, басып шығарылуына үкімет мүдделі болуы керек деген ойыда байқалады.

Қазақ жеткіншектерін медресе бітіргендер немесе сонда оқып жүрген шәкірттер оқытты, олардың білім деңгейінің заман талабына сай еместігін ескеріп, патша үкіметінен шын мәніндегі ұстаздармен қазақ мектептерін қамтамасыз етуді талап ете бастады. Сонымен қатар оқушылардың білім сапасы, тиянақты білім алуы мұғалімнің оқу пәнін меңгерген білім деңгейінде, оның өз қызметіне берілгендігінде, психологияны жетік білуінде деп санаған А.Байтұрсынов кәсіби мұғалімдерді дайындауды, мұғалімдердің қоғамдағы рөлін көтеруді, олардың білім деңгейін арттыруды оқу процесін дамытудың маңызды факторлары деп қарады. Сондықтан да, оны А.Байтұрсынов «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 62-санында «Мектеп керектері» деген мақаласында: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі хәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар оқыта білетін мұғалім» - деп атап көрсетті.

Мұғалімдерді оқытудың озық әдістерімен қарулануды өз міндеті санаған А.Байтұрсынов француз, неміс, орыс авторларының әдістемелік теорияларын зерделеп, оларды сабақ барысында қолдану аясын бағамдайды, материалдарды жеткізу әдістерін талдайды, қазақ мектептері үшін керектілерін тандайды. Ғалым соңғының қатарына тұтас сөз әдісін, дыбысты әдісті, сауаттау (жазуға үйрету әдістерінің шумағы) әдісін, жалқылау әдісін (айырыңқы) жалқылаулы – жалпылау әдісін, шағын сөз әдісін, америка әдісін жатқызады. Бұлардың білімді, тиянақты етудегі маңыздылығын атап көрсетеді. Ұстаздық практикасы барысында өзі жасаған тиімді оқыту әдістерінде мұғалімдерге ұсынады және оқытудың көптеген әдістерін білуін, меңгерудің қажеттігін ескертеді, өйткені «... әр әдіс өз орында жақсы... бұл не деген сөз? Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы – жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қалауына қарай» [3] болады. А.Байтұрсынов тілді оқыту әдістемесі бойынша тұңғыш ғылыми еңбектер жазып, жарыққа шығарды. Олардың қатарында: «Баяншы (қазақ мұғалімдері үшін. Қазан 1920);

«Тіл жұмсар» (сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын 1-кітап, Қызылорда, 1928); «Қай әдіс жақсы; (жалқылау (айырыңқы) әдіс»; «Жалқылаулы – жалпылау әдіс»; «Дыбыстарды жіктеу» еңбектері бар.

Әлемдік деңгейдегі жетік әдістеме теорияларын, практикалық тәжірибелерін ұлт ұстазы әліппе басқа да оқулықтар жазған да аса ұтымды пайдалана білген. Дидактиканың жеңілден ауырға және т.б. қағидалары қазақ мектептеріне жаңа бағыттағы оқулықтар жазуға, оларды басып шығаруға мүмкіндік берді.

А.Байтұрсынов қазақ халқын әлеуметтік тапқа бөлмей, біртұтас ұлт ретінде қарағандықтан, патша үкіметінің халықтарды сословияға жіктеу саясатын және соған сәйкес білім беру жүйесін құруын сынады, өйткені одан қазақ халқының ұлттық бірлігіне іріткі салатын қауіпті саясатты көрді. Осыдан шыға отырып қазақ балаларын әлеуметтік белгілеріне қарамай ұлт болашағы ретінде оқытуды жөн санап, олардың бастауыш білім алуын аса қажет деп есептеді. Революция қарсаңындағы қазақ даласына еніп келе жатқан үлкен жаңалықтың, жаңа қоғамның қоятын талаптарын болжамдаған ғалым «Ескі діни жолдың (қадим оқуы) оқуын сөз қылмайық. Ол бүгін бар, ертең жоқ. Дүние тегеріші кері айналмайды. Қазақтың өмірі орыс халқымен тығыз байланысты» деп, келешекке көрегендікпен қарап, «Орысша оқу орыс қол астында тұрған жұртқа керек. Жаңа жолдың көшбасшысы жаңа оқып шыққан жас мұғалімдердің қолында. Бұлардың күштері тың, білімдері соны, пікірлері жаңа, ниеті – жұртына қызмет ету...» екенін атап көрсетеді. Қысқасы, қазақ арасына білім нұрын жаюға нағыз қолайлы адамдар деп ауыл мұғалімдеріне зор баға берді. А.Байтұрсыновтың мұғалімдер туралы бұл ой-пікірі өзінің ұстазы Ы.Алтынсариннің «Мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» деген ойымен, немесе орыстың ұлы педагогы К.Д. Ушинскийдің «Мұғалім – зор тұлға, ол күннің құдіретті сәулесі сияқты» деген тұжырымдарымен астасып жатқанын байқаймыз.

Өзінің педагогикалық-психологиялық шығармаларында А.Байтұрсынов балалардың бойындағы ерекшелікті қасиеттеріне, соның ішінде қызығушылық, ес, талап, дағды, байқағыштық, ықылас, жігер сияқты қасиеттеріне үлкен мән беріп, шәкірттердің білімді игеруін осы қасиеттердің дамуымен байланыстырады. Ол «Баяншы» атты еңбегінің кіріспе бөлімінде мұғалім шәкірттердің оқуға деген қызығушылығын, талабын, жігерін арттырып, еліктіріп отыруы керек, соның негізінде балалардың еске сақтауын жаттықтыруы тиіс деген тұжырым жасайды. А.Байтұрсынов педагогика ғылымында қолданылатын қазақша ұғымдарды қалыптастыруда үлес қосқан ғалым және олардың мән-мазмұнын терең ашып берді. Мысалы, оның пікірі бойынша біздер «ес ұғымының арқасында, дүниедегі нәрселердің бәрін, затын, сырын, сипатын, мүддесін, мұратын танимыз».

А.Байтұрсынов мектептердің ұтымды жұмыс істеуін қаржыландыру мәселесімен байланыстырады. Патша үкіметі қазақ даласындағы орыс школдарына қаржыны көбірек бөлсе, қазақтың ауылдық мектептеріне болар-болмас қаржы бөлінетінін әшкерелейді және ауылдық мектептер негізінен халықтың есебінен күн көретін оқу орнына айналдыру тенденциясын сынға алады, сонымен қатар оны балаларды жаппай оқуға тартуда кедергі келтіріп отырған маңызды фактордың бірі деп санайды. Қаржыландырудың мұндай көздері қазақ мектептерінің толық қанды жұмыс істеуіне жеткіліксіз болды. Жан басына шаққанда бастауыш мектепке кететін шығын Торғай облысында – 19,5 тиынды құрайды, Орал облысында – 16,2, Ақмола облысында – 11,3, Семей облысында – 7 тиынды құрайды. Ал Европалық Ресейде бұл көрсеткіш орта есеппен 36,1 тиыннан: Кавказда – 32, Сібірде – 21,4 тиыннан келді. Мемлекеттік бастауыш білімге шығарған шығыны халықтың шығарған қаржысынан 4-5 есе кем болды. Қаржы тапшылығын шешудің бір амалы ретінде үкіметке қазақ жерінде Земстволар ұйымдастыруды және олардың қаражатын пайдалану идеясын ұсынды. Бұл идеяның тиімділігін көрген қазақ зиялылары А.Байтұрсыновтың ұсынысын қолдау танытты. Мысалы, М.Дулатов «Қазақ» газетінде жариялаған өзінің «Земство не нәрсе?» деген мақаласында земство ашуды өркениетті елдердің білім беруді жақсартудың оң тәжірибесі ретінде бағалайды. Қазақ зиялылары халықтың бәрі бастауыш білім алуы керек деген идея тастағанымен қазақтың бәрінің балаларын оқуға беретіндей мүмкіндігі жоқ еді. Сондықтан А.Байтұрсынов, М.Дулатов қазақ балаларын оқуға көптеп тарту үшін, олар оқитын мектептер ашу үшін халық ішінде етек алған той-думан-ды азайтып, оған жұмсалатын қаржыны оқу ісіне жұмсау идеясын ұсынады. Сонымен қатар қазақ балаларының, жалпы халықтың көмегімен оқу қаражатына мұқтаж оқушыларға жәрдем беретін ақшалай қаржы қорын құру қажет деген ой тастайды. Мұндай қор құрудың заңға сәйкестігін, механизмдерін, атқаратын жұмыстарын атап көрсетеді. Оның аса пайдалы екендігін фактімен дәлелдейді. Оған мысал ретінде Орынборда ашылған қордың бір жыл ішінде тындырған істерін келтіреді. Олардың пікірінше ұрпақтың қамы үшін, халықтың болашағы үшін жасалатын мұндай қажетті істердің басы-қасында «ел ішіндегі молдалар, болыс, билер, мырзалар, ел ағасы ақсақалдар» жүруі тиіс.

Сайып келгенде, А.Байтұрсынов мектептерді қазақ еліндегі білім берудің негізгі институты ретінде

қарастырылып оны дамытудың басты факторларын айқындады, оның проблемаларын, оқытудың тиімді жолдарын айқындады.

1 Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері // *әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық тракттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 220 б.*

2 Абай. *Қара сөздері. – Алматы: Өнер, 2010. – 18 б.*

3 Байтұрсынов А. *Қай әдіс жақсы // Тіл тағлымы. – Алматы, 1992. – 357 б.*

#### **Резюме**

В данной статье рассматриваются концепции А.Байтұрсынова по совершенствованию социального института – образования. Кроме того, на основе анализа его трудов определены факторы и пути высшего названного процесса. Указаны основные направления деятельности великого просветителя в этом вопросе и подчеркнута его значимость.

**Ключевые слова:** образованность, учитель, начальная школа, методические, царское правительство, финансирование

#### **Summary**

This article touches upon on A.Baytursynov's conceptions on improvements of social institute-education. In this article on the basis of the analysis of his works the factors and the way of these processes were determined. Main directions of the great education activity was showed. In this article conceptions are examined on perfection of social institute are educations. In addition, on the basis of analysis of his labours factors and ways are certain higher the adopted process. Basic directions of activity of great enlightener are indicated in this question and his value is underline.

**Keywords:** form, teacher, initial school, methodical, tsar's government, financing

УДК 930(574)(092)

### **САНЖАР АСФЕНДИЯРОВТЫҢ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫН ДАМЫТУДАҒЫ РӨЛІ (125 ЖАС ТОЛУЫНА ОРАЙ)**

**Н.К. Дюсенова – т.ғ.к., доцент, С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, Қазақстан, Алматы**

Санжар Асфендияров тарих ғылымының қалыптасуы және дамытуына зор үлесін қосты. Қазақ ғылымының қалыптасу үдерісі ХХ ғасырдың еншісіне тиесілі екендігі бәрімізге аян. Саналы ғұмырының едәуір бөлігін қазақ тарихын қалыптастыруға, жүйелеуге, зерделеуге арнаған ғалым өзінен кейін қалыптасқан көптеген зерттеушілерге ақ жол ашып кетті. С.Ж. Асфендияровтың тарихи еңбектерінде негізінен кеңестік идеологияның нышандары айқын көрініс беріп отырды. Сондықтан ғылыми зерттеулерінде субъективті факторлар мен партиялық принциптер қазақ тарихының объективті жазылуына мейлінше кедергі болды. С.Ж. Асфендияров тек қана тарих ғылымымен айналыспай, медицина саласында да көптеген ғылыми және практикалық жетістіктерге жетті. ХХ ғасырда қазақ тарихын алғаш ғылыми жүйеге түсірген ғалым Санжар Асфендияров екендігі баршаға мәлім.

**Тірек сөздер:** тарих ғылымы, қалыптасу, дамыту, зерделеу, жүйе, ғалым, үлес

Қазақ ғылымының қалыптасуы мен дамытуына елеулі үлесін қосқан, ұлы ғұлама ғалым - Санжар Асфендияровтың 125 жасқа толуына арналады. Қазақстанның тарих ғылымының қалыптасу үдерісін қарастырғанда, Шоқан Уәлиханов, Әлкей Марғұлан, Ермұқан Бекмаханов сынды ғалымдармен қатар, Санжар Асфендияровтың елеулі еңбегін айта кеткеніміз абзал. Әсіресе Санжар Асфендияровтың Кеңестік Қазақстан кезеңіндегі алғашқы марксист тарихшы ретіндегі орны тарихи зерделеуден өтуі тиіс.

Санжар Асфендияров 1889 жылы Ташкентте өмірге келді. Оның саяси қызметке араласуы Кеңес үкіметінің орнауымен тұспа-тұс болғандықтан, Санжар Асфендияров кеңестік жүйеде жүріп әртүрлі саяси қызметтер атқарды [1, 61 бет.]. Сондықтан да қайраткердің ғылыми мұрасы сол кезеңнің идеологиясы шеңберінде жазылған. Алайда бұл мақалада тұлғаның ғылыми тұжырымдары мен көзқарастарына қазіргі кезең тұрғысынан баға беруден аулақпыз. Осы шағын ғылыми жұмыста Санжар Асфендияровтың Қазақстанның тарих ғылымындағы еңбектеріне тарихи шолу жасау мақсаты көзделді.

С.Асфендияровтың тарихи еңбектерінде негізінен кеңестік идеологияның нышандары айқын көрініс беріп отырды. Сондықтан ғылыми зерттеулерінде субъективті факторлар мен партиялық принциптер қазақ тарихының объективті жазылуына мейлінше кедергі болды.

30-жылдарда тарих ғылымының алдында Сталин қазан революциясының заңды, объективті әлемдік құбылыс екенін дәлелдеу мақсатын қойды. Қазақ тарихын маркстік-лениндік тұрғымен жазу міндеті С. Асфендияровқа жүктелді. Неліктен осындай мақсат қойылды? Бұл маңызды сұрақ. Өйткені маркстік материалистік тарихи концепция «қоғамдық экономикалық формациялар тізбегі» ретінде «жалпы адамзаттық біртұтас тарих» теориясын енгізіп, бүкіл әлемде социалистік (коммунистік) қоғамның әлеуметтік революция арқылы жеңіске жететіндігін жариялады. Қазақстан да осы жолдан өтуі тиіс болды [2, 23-24 б.].



С.Ж. Асфендияровтың саяси және шығармашылық кемелденуіне 1921-1922 және 1925-1928 жылдары Мәскеуде қызмет атқаруы зор ықпал етті. 1927 жылы С.Асфендияров біржолата ғылыми жұмысқа ауысып, РСФСР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Н.Н. Нариманов атындағы Шығыстану институтының директоры болып тағайындалды. Бұл РСФСР Орталық Атқару Комитетіне қарайтын сол кездегі 11 ғылыми және жоғары оқу орындарының бірі еді. Осыдан кейін ол көп ұзамай Москва мемлекеттік университетінің Шығыс тарихы бойынша профессоры атағына ие болды [4, 217-218 б.].

С.Асфендияров XX ғасырдың 30-шы жылдары КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық базасының іргетасын қалаған ұйымдастырушылардың және алғашқы жетекшілерінің қатарында болды. С.Асфендияров 1932 жылы мамырда А.Н. Самойлович, Б.А. Келлер, О.Э. Брицке сынды академиктермен, М.Н. Төлепов, Г.Барышников сынды профессорлармен бірге Қазақстандық базаның төралқа құрамына енді. Қоғамдық ғылымдар бөлімі хатшысының қызметін атқарған С.Асфендияров ғалымдардың назарын тарих ғылымының өзекті мәселелерін, мәдениет ескерткіштерін, өлкені мекен еткен халықтардың бай әдеби мұрасын зерттеп тануға аударуға ұмтылды. Базаның тегіс жерде пайда болуына қарамастан, С. Асфендияров сынды ғалым-қайраткерлердің аянбай еңбек етуінің арқасында Қазақстандық база уақыт өте келе нағыз ғылыми-ұйымдастырушылық орталыққа айналады.

XX ғасырдың тарихында қазақ ғылымын дамытуда айрықша зор мәнге ие болған Қазақстанды зерттеу қоғамы Қазақ КСР Ғылым академиясының құрылуына негізгі бастама болды. Осы Қазақстанды зерттеу қоғамының жұмысына белсенді атсалысқандардың бірі, Кеңестік Қазақстандағы мәдениет пен тарих ғылымында өзіндік орны бар Санжар Жафарұлы Асфендияров болды [3].

1933 жылы С.Асфендияров КСРО Ғылым академиясы төралқаның өтінішімен Қазақ филиалының тарихи-археографикалық комиссиясының жетекшісі болып, артынан Қазақ АКСР Халық ағарту халық комиссарының орынбасары болып тағайындалып, Қазақстанның университет, кітапхана және ғылым басқармасын басқарады.

Санжар Асфендияров 1933 жылы 2 тамызда Алматы қаласында өткен ғылыми қызметкерлердің жиналысында өткен сөйлеген сөзінде ғылыми кадрлар даярлау мәселесіне тоқтала келіп: «Күн тәртібінде ұлттық мәдениеттің ғылыми-зерттеу институтын құру жөнінде де мәселе туып тұр. Ұлттық мәдениетіміздің қорындағы мақал-мәтелдер сияқты ауыз әдебиетінің құнды қазыналары жыл санап ізсіз жоғалып, құрып бара жатқаны жөнінде өткен жылы Исаев жолдас айтып еді. Бүгінде халық шығармашылығының сол ескерткіштерін сақтап қалу ешкімді де ойлантпай, алаңдатпай отырғаны қиналтады. Мұның бәрі із-түзсіз жоғалып кетуі мүмкін ғой. Ал келер ұрпаққа тарихи мол мұра қалдыру – біздің парызымыз» [4, 223 б.] - деп мәдени мұра мәселесіне айрықша көңіл бөледі.

XX ғасырдың 20-30 жылдарында Қазақстан тарихын зерттеуде ілгерілеу байқалды. Дегенмен де, зерттеушілердің еңбектері жаңа және академик Р.Б. Сүлейменов тілімен айтқанда, ең жаңа дәуірдің күрделі де, зәру мәселелеріне ғана арналды. Ал С.Ж. Асфендияровтың зерттеу еңбектері болса қазақ тарихын ежелгі дүниеден бері қарай мүмкіндігінше тұтастай алып зерттеді.

1933 жылы «Большевик Казахстана» атты журналда Қазақстан тарихын тұтастай алып зерттеу жөніндегі мақсатын ғалым, «Қазақтар тарихының кейбір негізгі мәселелері» деген мақаласында былай деп жазды: «Біз мәселені тұтасынан тұңғыш рет қойып отырмыз, қазақтардың тарихын құрауға біз тұңғыш рет кірісіп отырмыз» [5, 254 б.].

Шығыстағы революциялық және ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихын зерттеуге назар аударған С.Асфендияров бұл мәселе бойынша өз пікірлерімен 1932 жылы Алматы қаласында жарық көрген «Шығыстағы ұлттық-революциялық қозғалыстардың тарихы» атты еңбегінде өзінің тұжырымдарын ортаға салады.

1935 жылы профессор С.Асфендияров П.А. Кунтемен біріге отырып, кеңестік деректануда алғаш рет «Материалдар мен деректердегі Қазақстанның өткені» құжаттар жинағының бірінші томын, бір жылдан соң екінші томын жарыққа шығарады. Жинақта көне және орта ғасырлық авторлардың, саяхатшылардың, тарихшылардың шығармаларынан үзінділер келтіріледі. Шын мәнісін алғанда тұңғыш рет ғылыми айналымға енген көптеген шығыс және орыс нарративтері кірген бұл уникалды деректер жинағының жарыққа шығуы республиканың ғылыми өмірінде айтарлықтай орын алған оқиға болды [6].

Осы жинақтан кейін 1935 жылы С.Асфендияровтың «Қазақ тарихының очерктері» атты мектепке арналған оқулығы баспадан жарық көрді. Автор оқулықта қазақ тарихын марксистік-лениндік концепция, тап күресі тұрғысында жазады. Мәселен, осы еңбектегі кезеңдеу мәселесінде автор қазақ тарихын 3 дәуірге бөледі: 1) Хандық кезең, 2) Бодандық заманы, 3) Кеңес дәуірі. Бұл еңбекте қазақ тарихының көне заманы есепке алынбай, хронологиялық ауқымы шектеледі. Сонымен қатар, қазақ тарихының шынайы бастауы ретінде кеңестік кезеңді қарастыруы да саяси жүйенің ықпалымен жазылғанын аңғартып тұр [7].

Профессор С.Асфендияров зерттеулерінің негізгі арқауы – қазақтың XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында отаршыл империялық орыс үкіметінің зорлық-зомбылық қанауы мен езгісіне түскен өмірі саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайынан туындаған зардабы. Иә, бұл қазақтар тарихының отарлық кезеңі болатын. Автор «Қазақстан тарихының» екінші бөлімін «Қазақстан – Россия империялізмінің отары» деп атады. Осы еңбектен үзінді келтірейік: «Российской капитализм., вырос на крови миллионов трудящихся, его история» вписано в летопись человечества пламеняющим языком меча и огня». Тағы да бір үзінді: «...завоевание царизмом Казахстана, а затем и Средней Азии сопровождалось насилиями и жестокостью, не уступающим тем, которые так мастерски изобразил К.Маркс [8, с. 127.]».

Санжар Асфендияровтың 1935 жылы жарық көркем шығармасы – «Шатер мира» повесі. Бұл шығармада Түркістан өлкесі тарихының аса күрделі кезеңі 1907-1921 жылдар оқиғалары баяндалады. Бұл шығарма С.Ж. Асфендияровтың бүркеншік есімі – С.Джафаров болып берілген.

Ғалым Х.Әбжановтың айтуынша, шығарманың авторы Санжар Асфендияров деуге бірнеше негіздер бар.

Біріншіден, ғалымның басқа еңбектерінде айтылған ойлар, қорытындылар мен пікірлер повесте қайталаанады.

Екіншіден, повестің бас кейіпкері Аға-Аббастың прототипі – Санжар Жағыпарұлының өзі. Аға-Аббастың 1917-1921 жылдар аясындағы өмірі, қызметі мен өсуі – С.Асфендияровтың жүріп өткен жолы, өмір белестері.

Үшіншіден, Тұрар Рысқұловтың жазғандары. «Казахстанская правда» газетінде 1936 жылы жарық көрген мақаласында Т.Рысқұлов «Шатер мира» повесін С.Джафаров деген емес, С.Ж. Асфендияров жазды деп ашық көрсетіпті [4, 218-219 б.].

Сол кезеңдегі идеологиялық қыспаққа қарамастан, патша үкіметінің қазақ жерін отарлау саясатын ашық әшкерелеп жазған еңбегі «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс» атты монографиясы болды.

Ғылыми еңбек патшалық отарлау саясатының қазақ халқыны бағытталған әрекеттеріне тоқталып, әлеуметтік-экономикалық және ұлттық мүдделерден туындаған көтерілістің себептерін ашуға көмектеседі [9].

Санжар Асфендияров ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар педагогикалық қызметті ілгерілету тұрғысында бірталай жұмыстар атқарды. Мәселен, 1934 жылы Қазақ АКСР Халық Комиссариатының алқа мәжілісінде профессор С.Асфендияровтың жалпы білім беретін қазақ орта мектептерінің 6-7 сыныптарына арнап тұңғыш рет құрастырған Қазақ тарихын оқыту бағдарламасын талқылап бекітеді. Бағдарламадағы материалдарды өтуге 24 сағат бөлініп, оны профессор С.Асфендияровтың оқу құралымен оқытылу көзделген болатын.

Оқулық 1935 жылы 105 бет көлемде Қазақ мемлекеттік баспасынан 27 мың таралыммен жарық көріп, келесі 1936 жылы оған он мың дана тапсырыс берілген [5, 254-255 б.].

Санжар Асфендияров 1937 жылы 22 тамызда «халық жауы» ретінде тұтқындалды. Оған себеп, 1937 жылғы 29 қыркүйекте «Казахстанская правда» газеті «Жапон шпионы тарихшы рөлінде» деген тақырыппен Қазақ марксизм-ленинизм институты студенттерінің хатын жариялады. Онда Қазақстан тарихын жан-жақты қарастырып, ғылыми еңбектер жазып жүрген профессорды «жапон шпионы» деп айыптады. Арада 6 айт өткен соң 1938 жылы 11 пункттен тұратын айыптау қорытындысымен ату жазасына кесілді. Тағылған айыптар мазмұны негізінен Кеңес Одағына жаулық көзқараста болды, 1929-30 жылдары Қазақстанда Кеңес үкіметіне қарсы көтерілістерді ұйымдастырушылардың бірі болды, Алматы ЖОО студенттер мен оқытушыларды ұйымға тарту жұмыстарын жүргізді, 1920 жылдан бастап Англия, Жапония және Германия пайдасына тыңшылық жұмыстар жүргізді деген сипатта болды [4, 220-221 б.]. Әрине бұл айыптаулар қайраткердің көзін жоюға жетілікті болатын.

Қазақ ғылымының қалыптасу үдерісі XX ғасырдың еншісіне тиесілі. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ағартушысы Шоқан Уәлихановты айтпағанда, XX ғасырда қазақ тарихын ғылыми жүйеге түсірген ғалым Санжар Асфендияров екендігі дау тудырмайды. Саналы ғұмырының едәуір бөлігін қазақ тарихын зерделеуге арнаған ғалым кейінгі кәсіби зерттеушілерге үлкен жол ашып кетті.

1 Алаш. Алашорда. Энциклопедия // Құраст: Ф.Әнес, С.Смағұлова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 544 бет.

2 Жұмабаева Ж. Асфендияров – тұңғыш марксист тарихшы // Қазақ тарихы. 2010, - №6.

3 Селкебаева А.Т. Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты жанындағы Қазақстанды зерттеу қоғамы: құрылуы мен қызметінің тарихы (1920-1936 жж.). Тарих ғылымының кандидаттығын алу үшін дайындаған авторефераты. - Алматы, 2007.

4 Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: тарих пен тағдыр. Мақалалар. – Алматы: «Кітап» баспасы – 2003 – 296 б.

5 Исабек М.Қ. Санжар Асфендияровтың Қазақстан тарихын оқыту үрдісіне қосқан үлесі // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы, №9. 2009. - 253-258 б.

6 Асфендияров С., Кунте П.А. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. 1(5 век до н.э. – 18 в. н.э.). - Алма-Ата-М., 1935.

7 Асфендияров С. Қазақстан тарихының очерктері. – Алматы: Санат, 1994. - с. 119.

8 Асфендияров С. История Казахстана (с древнейших времен). – Алматы: «Санат» 1998, - с. 304.

9 Асфендияров С.Д. Национально-освободительное восстание 1916 года в Казахстане. Казахстанское краевое издательство. - Алма-Ата – 1936 – М.

### Резюме

Санжар Асфендияров внес огромный вклад в формирование и развитие исторической науки. Как всем известно, процесс формирования Казахской науки принадлежит XX веку. Ученый, посвятив большую часть своей непродолжительной жизни для того, чтобы сформировать, систематизировать и изучить казахскую историю, проложил светлую дорогу на пути к науке всем исследователям, которые остались после его смерти. Асфендияров занимался не только исторической наукой, но и достиг больших успехов в практической и научной сфере медицины. Кроме казахского просветителя второй половины XIX века Шохана Уалиханова, бесспорно то, что ученый XX века Санжар Асфендияров, систематизировал историю Казахстана. Ученый, посвятивший большую часть своей непродолжительной жизни истории Казахстана, проложил большой путь для профессиональных ученых, которые были после него.

**Ключевые слова:** наука, процесс, систематизировать, формирование, профессиональный, преподаватель

### Summary

Sanzhar Asfendiyarov made a huge contribution to formation and development of historical science. As all we know, process of formation of the Kazakh science belongs to the XX century. The scientist, having devoted the most part of his short life to create, systematize and study the Kazakh history, left the way of science to all researchers who remained after his death. Asfendiyarov pursued not only historical science, but also made great progress in practical and scientific sphere of medicine. It is indisputable that except the Kazakh educator of the second half of 20<sup>th</sup> century Shokhan Ualikhanov, the scientist of the XX century Sanzhar Asfendiyarov also systematized history of Kazakhstan. The scientist who devoted the most part of the short life of history of Kazakhstan laid a big way for professional scientists who were after him.

**Key words:** science, process, systematize, formation, professional, educator

ӘӘЖ 574 (11)

## К.М. БАЙПАҚОВ ЖӘНЕ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Т.Ә. Төлебаев – *Әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ-нің т.ғ.д., профессоры*

Мақалада автор қазіргі кезеңде жазба деректер және кешенді түрдегі археологиялық зерттеулер негізінде Ұлы Жібек жолының қалыптасуы мен дамуын, оның кезеңдерін арнайы зерттеп, оның көптеген елдердің, әсіресе қазақ жерінің байырғы тұрғындарының шаруашылықтық, мәдени және саяси дамуындағы орнын, әлемдік өркениеттегі рөлін көрсете алған зерттеуші-ғалым К.М. Байпақовтың рөлі айқындалған. Жалпы Ұлы Жібек жолының көпсалалы мәселелерін зерттеуде бастамашы болған, әлі де осы бағытын жалғастырып отырған бірден-бір ғалым К.М. Байпақов екендігін атап көрсеткен.

**Тірек сөздер:** Ұлы Жібек жолы, археолог, зерттеуші, еңбектер, ғалым

Қазақтың әлемге танымал археолог ғалымы К.М. Байпақовтың кез келген адам көз тоқтатар келбетті де келісті тұлғасы қазақстандық археологияның жарты ғасырдан тұратын бүкіл бір кезеңін бейнелейді, көз алдыға келтіреді. 1964 жылы Ленинград мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітірген ол, сол жылдан бастап, қазақ даласындағы археологиялық экспедицияға отряд бастығы болып қатысады. Саналы ғұмыры археологиялық зерттеулермен бірге келе жатқан Карл Молдахметұлы әсіресе 1970-жылдардан бері бұл саладағы жетекші маман ғана емес, қазақстандық археологияны ұйымдастырушы, басшы ретінде айқын көрінді. 1971 жылдан Оңтүстік-Қазақстандық кешенді археологиялық экспедициясының бастығының орынбасары, ал 1989 жылдан бастығы болды. Ол кіші ғылыми қызметкерден Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Ә.Марғұлан атындағы Археология институты директоры дәрежесіне дейін өзінің қажырлы еңбегінің арқасында көтерілді. К.М. Байпақов бүгінде ҚР ҰҒА академигі, ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының, Германия археологиялық институтының және басқа да академиялардың толық мүшесі. Оннан астам монографияның, 6 альбомның, жоғары оқу орындары мен орта білім беретін мектептерге арналған 4 оқулық пен оқу құралының, 400 - дей ғылыми және ғылыми-көпшіліктік мақаланың авторы.



К.М. Байпақовтың атқарған жұмыстары әр қырлы және әр салалы. Ерекше атап өтетін тағы бір мәселе оның тікелей араласуымен Қазақстанның көптеген облыстары бойынша мәдени және тарихи ескерткіштерді зерттеу, қорғау және сақтау жұмыстары жүргізіліп, іске асырылуда. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан мен Жамбыл облыстарының екі томдық «Мәдени және тарихи ескерткіштерінің Жиынтық тізімі» жарық көрді. Сонымен қатар Алматы, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша да «Мәдени және тарихи ескерткіштерді Жиынтық тізімдері» жасалды.

К.М. Байпақовтың мемлекеттік көлемде маңызы бар археологиялық ескерткіштерді қорғау мен мұражайландыру бағытындағы жұмыстары да бір төбе. Мәселен Шымкент, Тараз қалаларында облыстық тарихи-өлкетану мұражайлары, Отырар Музей-қорығы жасалды.

К.М. Байпақовтың ғылыми жұмыстарындағы негізгі зерттеу аймағы ортағасырлық Қазақстан қалалары еді. Оның тікелей жетекшілігімен Отырар, Құйрықтөбе, Көк-Мардан, Марден-Құйық, Жуантөбе, Қараспан қалалары, Бөріжар, Талтақай және тағы басқа да жерлеу орындары мен археологиялық ескерткіштер зерттелді, әлі де зерттелуде. Мұнымен қатар әсіресе кеңес үкіметінің соңғы жылдарында ол Ұлы Жібек жолы тарихымен де айналыса бастады және дәл осы саладағы бүгінге дейінгі әлемдік зерттеушілердің алдыңғы қатарында тұр. Біз бүгін әйгілі ғалым, академик К.М. Байпақовтың көпшілікке көп таныс бола бермейтін осы саладағы еңбектеріне қысқаша тоқталып өтпекпіз.

Белгілі ғалым К.М. Байпақовтың Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың ортағасырлық қалаларының археологиялық зерттелінуі мәселелері жан-жақты сипатталған көлемді еңбегі 1986 жылы жарық көрді [1]. Міне осы көлемді туындының сауда мәселелеріне арналған тақырыпшасында Қазақстанның Жібек жолы арқылы Шығыс елдерімен жасаған сауда қатынастары ғылыми әдебиетте алғаш рет баяндалады. Археологиялық мәліметтер мен жарық көрген еңбектер негізінде Жібек жолының ежелгі және ортағасырлық Қазақстандағы тармақтарына кең түрде тоқталады. Міне дәл осы еңбектен соң ғана қазақстандық ғалымдар мен зерттеушілер Жібек жолының өткендегісіне және бүгінгі маңызына көңіл қоя бастады.

Мәселен, К.М. Байпақовтың бастамасымен 1988 жылы 30 қарашада Қазақ ССР Ғылым академиясы қоғамдық ғылымдар Бөлімшесінің Ұлы Жібек жолы мәселелеріне арналған кеңейтілген мәжілісі өтті. Онда К.М. Байпақов негізгі баяндама жасап, 1987 жылы ЮНЕСКО-ның Бас конференциясының Парижде өткен 24-сессиясының шешімі бойынша Ұлы Жібек жолын кешенді түрде зерттеу жөнінде халықаралық жоба бойынша жұмыстардың басталғанын және Қытай, Египет, КСРО, Индонезия, Грек, Италия, Монғолия, Оман, Португалия, Шри-Ланка сияқты елдердің ұсыныстары негізінде зерттеулер жүргізу жөнінде шешім қабылданғанын атап көрсетті. Аталған жобаның бес жылға жоспарланғанын және оны екі бағытта: бірінші – халықаралық және ұлттық көлемде кешенді зерттеулер жүргу, кездесулер ұйымдастыру, екінші – Ұлы Жібек жолын зерттеуге әлемдік қауымдастықтың назарын аудару үшін бұқаралық ақпарат құралдарын, әртүрлі ұйымдарды, бірлестіктерді тарту жүргізу мақсат етілгендігін айтты [2]. К.М. Байпақов б.з. бұрынғы VII-III ғғ. жоғары мәдениетке жеткен сақтардың Қытаймен, Индиямен, Таяу және Орта Шығыспен айырбастық байланыстарының болғандығын, ал б.з. бұрынғы III ғасырда Үйсін және Қаңлы мемлекеттері жеріне көптеген елдерден сауда керуендерінің келіп отырғанын айтады. I мыңжылдықтың I-жартысында Ұлы Жібек жолы жұмыс істей бастағандығын және сол кездерде қытай жібегінің, бояулы ыдыстарының, римдіктердің әйнек бұйымдарының, еуропалықтардың ілгіштері мен тиындарының қазақ даласына келгендігін айта отырып, сол уақыттарда Сыр, Шу, Талас бойларында қалалардың пайда болғанын Талас Алатауы, Арыс пен Сырдария жазықтарындағы ондаған елді мекендердің археологиялық ескерткіштері арқылы дәлелдейді.

VI ғасырда бүкіл Орта Азия бойынша өтетін сауда жолдарын бақылап отырған түрік қағанының ордасының Жетісуда болуына және Ферғанадағы өзара жиі қақтығысуларға байланысты Ұлы Жібек жолының Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін «қазақстандық» немесе «солтүстік» жолдары жетекші орын алды. Ал VI ғ. екінші жартысында Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан Тынық мұхиттан Қара теңізге дейін алып жатқан көшпелілердің алып империясы – Түрік қағандығының құрамына енуі Ұлы Жібек жолының қазақстандық бөлігі мен оның бойындағы елді мекендер мен қалалардың гүлдене түсуіне ықпал етті. К.М. Байпақов осы Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін Ұлы Жібек жолының XIV ғасырға дейін үздіксіз жұмыс істегенін, оның соңғы жандануы XIII ғ. ортасына сай келетіндігін қытай, араб деректерін және еуропалық елшілер мен миссионерлердің жазбалары негізінде баяндайды. Ұлы Жібек жолының басты мазмұны халықтар мен өркениеттерді жақындастыру мен өзара байыту болды деген ауқымды тұжырым жасайды.

Бұдан соң сөз алған елімізге белгілі бірнеше ғалым К.М. Байпақовты қолдай отырып, Ұлы Жібек жолының тарихын зерттеудің қажеттілігі мен маңызы жөніндегі мәселелерге баса назар аударды.

«Ұлы Жібек жолы бойындағы көшпелі және отырықшы мәдениеттердің өзара байланысы» атты

тақырыпта 1991 жылы Алматыда өткен ЮНЕСКО-ның халықаралық семинары тақырып көптеген мәселелерді зерттеудің қажеттігін байқатты /3/. Оның жинағында жарияланған К.М. Байпақовтың екі мақаласы Ұлы Жібек жолы тарихына қатысты маңызды мәселелерге арналды. Оларда Ұлы Жібек жолының қазақстандық бөлігіндегі археологиялық зерттеулер негізде біршама қазба жұмыстарының жүргізілгендігі атап өтіліп, Тараз маңындағы Қостөбеден, сондай-ақ, Құлан, Талғар қалаларынан табылған заттай деректерге сипаттама беріледі.

1991 жылы Ұлы Жібек жолына арналған фотоальбом жарияланды [4]. Кітап көпшілікке арналып, жарнамалық мақсатта жазылған. Мұнда әртүрлі археологиялық заттардың, қалалардың орындарының, кесенелердің суреттері берілген. Әрбір бетте екі бағана бойынша, біреуі Р.Насыровтың көпшілікке арналған публицистикалық мазмұндағы, ал екіншісі К.М. Байпақов ғылыми тұрғыда жазған мәтіні берілген.

К.М. Байпақовты әлемдік деңгейдегі ғалым ретінде танытқан оның жазба деректер мен археологиялық ескерткіштердің негізінде Ұлы Жібек жолының әлемдік өркениеттегі рөлін көрсете білуі болды деп есептеймін. Ұлы Жібек жолының саудамен бірге көптеген елдердің шаруашылық, мәдени байланыстарын жандандырғандығын дәлелдей отырып, оның халықаралық маңызын айқындауы да мұнда үлкен рөл атқарғаны даусыз.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін К.М. Байпақовтың Ұлы Жібек жолы тарихына арналған зерттеулері құлаш жая түсті. 1992 жылы К.Байпақов пен А.Нұржановтың «Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан» атты монографиялық еңбегі қазақ тілінде жарық көруі, мәселені қазақ тілді үлкен қауымның кең түрде оқып, білуіне мүмкіндік тудырды /5/. Көлемді туындының кіріспесінде ЮНЕСКО-ның бастама-сымен Ұлы Жібек жолын кешенді түрде зерттеудің халықаралық жобасын іске асыру жұмыстарының басталғандығына, оның тарихи және тәжірибелік маңызына тоқталады. Кітап 629 жылғы Сюань Цзанның сапарына шолумен басталады. Авторлар б.з. бұрынғы III-II мыңжылдықтарда-ақ Ұлы жібек жолының кейбір тармақтары бойынша айырбас жүргізу болған, ал қытай жібегі шет елдерге, соның ішінде Батысқа да біздің дәуірімізден бұрынғы VI-V ғасырларда шығарыла бастады деп көрсетеді.

Сөйтіп Жібек Жолының өмір сүру уақытын бірнеше мың жылдардан бері қарай зерттеу қажеттігі туралы тың тұжырым жасалады. Ол тұжырымдарын Алтайдағы Пазырық қорғандарынан, Оңтүстік және Батыс Еуропадан табылған жібек маталар мен шашақтар арқылы дәлелдейді. Зерттеушілер бұл еңбекте сондай-ақ, жібектің таралуында сақтар мен скифтердің өзіндік рөл атқарғандығын, солардың арқасында жібектің Орталық Азия мен Жерорта теңізіне дейін жеткендігін жазады. Ұлы жібек жолының тұрақты сауда мен дипломатия жолына айналуын Чжан Сянның саяхаты арқылы сипаттай келе, оны біздің дәуірімізден бұрынғы II ғ. ортасында негізгі жолға айналды дейді. Еңбекте сонымен бірге, діни көзқарастардың да Ұлы Жібек жолы бойымен таралғандығын археологиялық деректер бойынша дәлелдей отырып, ол «өнер мен дін жолы» да болғандығын, қазақ жеріндегі халықтардың жаңа тұрпатты, ерекше бағыттағы мәдени дамуына әсер еткендігіне назар аударады. Бұл көлемді туындыда ортағасырлық қалалардың тарихы мен олардың дамуындағы Ұлы Жібек жолының орны мен маңызы кең түрде баяндалады.

1998 жылы 2-3 қыркүйекте Алматы қаласында «Жібек жолы және Қазақстан» атты ғылыми-тәжірибелік конференциясы болып өтті. Бұл конференцияда да негізгі баяндамашының бірі К.М. Байпақов болды. Ол Ұлы Жібек жолының өте ерте кездерден басталғанын және оның одан әрі қалыптасып, дамуында Евразияда өндіруші шаруашылықтың дамуының үлкен маңызы болғандығын атап айтады. Б.з.б. I мың жылдықта сауда және мәдени байланыстардың тұрақты түрге айналғандығы, мұнда сақтардың ықпалының үлкен болғандығы тағыда баса көрсетіледі. Осы кезеңде Ұлы Жібек жолының Қытайдан Римге дейін жеткендігі, кейінірек оның дамуында түркілердің маңызды орын алғандығы және оның ұлы географиялық ашуларға дейін өмір сүргендігі, содан соң ғана теңіз жолдарының ашылуына байланысты маңызының әлсірегендігі сипатталады. Сонымен бірге Ұлы Жібек жолы жалпы алғанда екі мың жыл өмір сүрді деген маңызды тұжырым жасайды. Өзінің бұл тұжырымдарын зерттеуші археологиялық қазбалар барысында Талғардан және Отырардан табылған шетелдік заттар мен монеталар бойынша дәлелдейді.

Байпақов К.М., Шарденова З.Ж., Перегудова С.Я. дәлірек айтқанда археолог, архитектор және тарихшы бірлесіп жазған Ұлы Жібек жолы бойындағы Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның ерте ортағасырлық архитектурасы туралы көлемді еңбектері 2001 жылы жарық көрді [7]. Бұл қазақстандық тарихнамадағы археологиялық архитектураға арналған, сызбалары, жобалары, аэрофото және реконструкциялық суреттері берілген, алғашқы ең көлемді еңбек. Зерттеушілер Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның архитектуралық ескерткіштерінің зерттелуі туралы мәселенің 150 жылдық тарихы бар деп көрсетеді. Сол кезеңдегі Қазақстандағы архитектуралық ескерткіштер жөнінде жазылған көптеген еңбектерге қысқаша тарихнамалық тұрғыда талдау жасалады. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның тарихи-географиялық сипаттамасын бере келе, Ұлы Жібек жолы туралы және қалалар мен қалашықтардың археологиялық зерттеулер барысындағы айқындалған белгілері мен ерекшеліктерін баяндайды.

Кітаптағы Ұлы Жібек жолына байланысты барлық мәселені жазған - К.М. Байпақов. Онда Ұлы Жібек жолының басты бағыттары, олардың әр кездердегі өзгеріп отыруы және даму кезеңдері, VII-XIV ғасырларда онымен елшілердің, сауда керуендерінің жүріп отырғандығы жөніндегі мәселелер жаңа мәліметтермен толықтырылған. Ол әсіресе Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы, мәдени байланыстардағы рөлі жөніндегі мәселелерге ерекше назар аударады.

Қорыта айтқанда, Ұлы Жібек жолы туралы біршама еңбектер бізге келіп жетті. Бірақ солардың ішінде жазба деректер және кешенді түрдегі археологиялық зерттеулер негізінде Ұлы Жібек жолының қалыптасуы мен дамуын, кезеңдерін арнайы зерттеп, оның көптеген елдердің, әсіресе қазақ жерінің байырғы тұрғындарының шаруашылықтық, мәдени және саяси дамуындағы орнын, әлемдік өркениеттегі рөлін көрсете алған К.М. Байпақов екендігі айқын. Жалпы Ұлы Жібек жолының көпсалалы мәселелерін зерттеуде бастамашы болған, әлі де осы бағытын жалғастырып отырған бірден –бір ғалым да К.М. Байпақов екендігін де атап айтуымыз қажет.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихының зерттелу ауқымы кеңейе түсті. Бірнеше халықаралық конференциялар, семинарлар өткізіліп, әртүрлі келісім шарттар жасалды. Оларда Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту, туризмді дамыту, оның тарихын, туризм орталықтары мен инфрақұрылымдарын жасау мәселелерін тереңдете және жан-жақты зерттеу мақсаттары қойылды. Соның барысында жазылған жаңа тарихи ой негізіндегі еңбектерде Ұлы Жібек жолының ерте және ортағасырлық Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік, мәдени және саяси дамуындағы орны, оның даму кезеңдері туралы тың тұжырымдар жасалды. Бұл шаралардың барлығының да басы-қасында академик К.М. Байпақов тұрды.

Бүгінгі таңда Ұлы Жібек жолы бойымен бүкіл қазақ жерін басып өте отырып бірнеше мемлекеттерді байланыстырып отыратын халықаралық мұнай, газ құбырларының, автокөлік жолдарының салынуы Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихының әлі де көптеген мәселелерін зерттеуді, зерделеуді қажет ете түседі деп ойлаймыз. Бұл бағытта да Карл Молдахметұлының әлі де берері мол.

1 Байпақов К.М. *Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI – начало XIII в.)*. – Алматы: Наука, 1986. – 256 с.

2 Байпақов К.М. «Великий Шелковый путь»: культурные контакты в прошлом и настоящем // *Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы*. – 1989. – №3. – 18 б.

3 *Взаимодействие кочевых и оседлых культур на Великом Шелковом пути: (Тез. докл. междунар. семинара ЮНЕСКО. Алматы, 15-16 июня 1991 г.)*. – Алматы, 1991. – 120 с.

4 Насыров Р. *По Великому шелковому пути. (Фотоальбом)*. – Алматы: Крамдс-реклама, 1991. – 320 с.

5 Байпақов К., Нұржанов А., Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 208 б.

6 *Шелковый путь и Казахстан. Материалы научно-практической конференции. Алматы, 2-3 сентября 1998 г.* – Алматы: Жібек жолы, 1999. – 324 с.

7 Байпақов К.М., Шарденнова З.Ж., Перегудова С.Я. *Раннесредневековая архитектура Семиречья и Южного Казахстана на Великом Шелковом пути*. – Алматы: Ғылым, 2001. – 259 с.

### Резюме

В данной статье автор раскрывает роль видного археолога, ученого К.М.Байпакова в развитии письменных фактов и комплексного археологического подхода в исследовании Великого Шелкового пути. Также автор подчеркивает, что К.М.Байпаков в своих трудах рассматривая проблемы формирования и развития Великого Шелкового Пути специально исследует этапы, в том числе его место в хозяйственном, культурном и политическом развитии древних жителей казахской земли и его роль во всемирной цивилизации. Будучи инициатором в исследовании проблемы известный ученый К.М. Байпаков подчеркивает многогранность данной проблематики.

**Ключевые слова:** Великий Шелковый путь, археолог, исследователь, труды, ученый

### Summary

In this article an author exposes the role of visible archaeologist, scientist of K.M. Baipakov in development of writing facts and complex archaeological approach in research of the Great Silk way. An author underlines also, that K.M. Baipakov in the labours examining the problems of forming and development specially investigates the stages, including his place in economic, cultural and political development of ancient habitants of Kazakh earth and his role in world civilization. Being an initiator in research of problem well-known scientist K.M. Baipakov underlines many-sided nature of this range of problems

**Keywords:** the Great Silk way, archaeologist, researcher, labours, scientist

## ҚАЗАҚСТАН ТЕАТРЫНЫҢ САХНА ЖҰЛДЫЗДАРЫ

Қ.Т. Қашақбаева – Абай атындағы ҚазҰПУ

Бұл мақалада Қазақ театрының кара шаңырағы М.Әуезов атындағы академиялық драма театры және Қазақ театрының алтын дінгегі Абай атындағы опера және балет театрының сахна саңлақтары, жұлдыздары, көне көздері туралы айтылады. Олардың қызметі, өмірі, жеткен жетістіктері жоғары дәрежелі марапатқа ие болғандары кейінгі келер ұрпаққа өнеге еді. Ж.Шанин, Қ.Қуанышбаев, С.Қожамқұлов, И.Байзақов, Ә.Қашаубаев т.б. сахнаның жұлдыздары болса, ал операның ұлы бейнелері К.Байсейітова, Ғ.Құрманғалиев, Ш.Бейсекова, Ш.Жиенқұлова т.б. сынды ұлттық мақтанышымыз, өздерінің ұлттық өнегесімен, еңбекқорлығымен, даңқ атақтарымен, жеткен жетістіктерімен үлгі-өнеге қалдырды

**Тірек сөздер:** Мәдениет, театр, сахна, өнер, балет

Қалың көрермендерге ақиқат болмыс өмірдің күрес пен тартысқа толы қат-қабат сыр-сипатын бейнелі түрде бар бояуымен ашып жеткізуде хәм оларды эстетикалық ләззатқа бөлеудегі Театрдың атқаратын қызметі өте игілікті де елеулі екенін айтпасқа болмайды.

1917 жылы қазан революциясы Театрдың перспективалық дамуына кең жол ашты. Кеңес үкіметі жылдарында бұрын болмаған немесе алғашқы сахналық белгілері ғана болған халықтардың (қазақ, өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен т.б.) театр мәдениеті туып дами бастады. Өзара үнемі шығармашылық тәжірибе алмасып отыру көркемдік үрдісті байытып, жаңа үлгідегі түрі ұлттық, мазмұны социалистік театрдың туып қалыптасуын қамтамасыз етті. Өнердің басқа түрлері секілді Кеңес театрында да драматургия, актерлік өнер саласында көркемдік ізденістерге кең жол ашқан социалистік реализм әдісі қалыптасқан.

Бірқатар жана театр ұжымдары ұйымдастырылды. Кеңес театрының репертуарлық қоры негізінен орыс және дүние жүзінің классикалық туындыларынан, сонымен бірге Горький, К.М. Симонов, Л.М. Леонов, М.О. Әуезов, Ғ.М. Мүсірепов, Ә.Тәжібаев, Қ.Мұхамеджанов Кеңес драматургиясының пьесаларынан құрылған.

Шығармашылық өнер жолын революциядан бұрын бастаған В.И. Качалов т.б. Қ.Қуанышбаев, Е.Өмірзақов, С.Қожамқұлов, Ш.К. Айманов қосылды. Ал 1950 жылдар мен 1970 жылдарының алғашқы жартысында Ә.Мәмбетов, Б.Омаров, М.Байсеркенов сынды режиссерлар, Х.Бөкеева, С.Майқанова, Н.Жантурин, Ы.Ноғайбаев т.б. секілді актерлердің өнері жан-жақты өркен жайды. Көп ұлттылық, идеялық мақсат бірлігі мен зор қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге ден қоюшылық кеңес театрының ерекшелік қасиетін білдірді.

Кәсіби сахна өнерінің туып қалыптасу, даму жолы шын мәнінде қазан революциясынан кейін басталды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Орынбор, Семей, Түркістан және Шымкентте қазақтың драматургиялық группалары ұйымдасып, М.Әуезовтың, Б.Майлиннің, С.Сейфуллиннің, Е.Ерданаевтың, Б.Серкебаевтың т.б. пьесаларын қойылды [1].

Ұлттық театрдың негізін қалаған тума таланттардың өнері сахналық ғана емес, тұтас мәдениетіміздің дамуына ерекше ықпал еткені белгілі. Бұл құбылыс бүгінгі мәдени қауымға бейтаныс, татр айналасы болмаса, былайғы жұрт біле білмейді.

Тарихта «күдіретті топ» деген ат қойылып, айдар тағылған бұлардың ішінде Қалыбек Қуанышбаев, Құрманбек Жандарбеков, Елубай Өмірзақов, Серәлі Қожамқұлов, Шакен Айманов, Иса Байзақов, Жұмат Шанин, Әмре Қашаубаев, Қапан Бадыровтар т.б. ұлттық сахна өнерінің көш басында тұруымен бірге, оның келешегін халық шығармашылығы мен замана дамуын әкелген жаңа үрдіс анықтайтынын өздерінің ерекше шығармалық қызметімен дәлелдеп кеткен.

Жоғарыда аталып кеткен қазақтың көрнекті сахна шеберлері өздерінің шығармашылық жолын осындай туындылардан, көркем өнерпаздар үйірмелерінен бастады. Не бір қиын рөлдерінде шығармашылық ізденімпаздығынан, көркемдік келбетінен айнымай, қайталанбас бейнелер жасаған Елубай Өмірзақов.

Елубай Өмірзақов өнерінің ерекшелігі ешкімге ұқсамайтын, тіпті ұқсауға болмайтын қайталанбас даралығында еді. Абыл, Жапал, Жарас, Балпық, кекеш Қожақ, Аманбай таз, онан ары қарай батырлар мен төрелердің бейнелерін терең де келісті суреттеуі- актердің осы өзіндік ізденіс сырында жатса керек.

Ұлттық профессионал сахна өнерінің іргесін қалап, шаңырағын көтерген күдіретті топтың бірегейі Қалыбек Қуанышбаевтың өнері – актерлік шеберліктің шырқау биігі. Табиғат аямай берген дарынның, зейінділіктің, толассыз ізденістің нәтижесінде ұлттық топырақта өнген актерлік өнердің дамуы мен

қалыптасуына ерекше ықпал жасады. Қалыбек Қуанышбаевтың ұзақ жылғы актерлік қызметінде драматургияның сан-қилы тақырыптағы, барлық жанрдағы, әр заманның алуан түрлі ұлттар кейіпкерлерінің рөлдерін терең меңгеріп, олардың өздеріне ғана тән сахналық бейнелерін жасады. Әсіресе, тарихи-эпостық тақырыпқа жазылған ұлттық классикалық шығармаларды меңгеруде ол қосқан үлес, сомдап құйған тұлғалар - актерлік бейнелеу өнерінің үлгісі. Абыз,Танеке, Шораяқ, Балуан, Абай, Құнанбай т.б рөлдер. Актердің талант құдіретін танытқан күрделі жұмысы ұлы Абайдың сахналық бейнесі болатын.

Тұңғышұйымдасқан қазақ театрының көптеген қиыншылықтарын жеңіп, шығармашылық сапарының сәтті болуы - Жұмат Шаниннің атымен байланысты. Режиссер, актер, драматург Жұмат Шанин қазақ театрының туып, дамуына мол үлес қосқан ірі өнер қайраткері еді.

Жаңа ұйымдасқан жас ұжым театр өнерін жетік білетін ұйымдастырушыға мұқтаж болатын. Ондай көркемдік жетекшілікке – Жұмат Шанин сай келді. Жұмат Шанин театрдағы басты тұлға – актерлерді іріктеп алып тәрбиелеуге, шеберлігін көтеруге мейлінше мол көңіл бөлген. Сонымен қатар, музыка өнеріне де ерекше көңіл аударып, театрда музыка мәденетін көтеруге көп күш салды [2].

Жұмат Шаниннің режиссерлік өнері мен ізденістері сол уақыттағы театрымыздың жалпы мәдениетіміздің жаңа дәрежесін көрсетеді.

Серәлі Қожамқұлов. Тұңғыш ұйымдасқан ұлт театрына Серәлі Қожамқұлов 30 жасында келген екен. Сахнада жарты ғасырдан аса ойнап, шығармалық тұғырдан таймау - актерлік өнер жолында сирек кездесетін бақытты құбылыс.

Сонан бері қарай Серәлі Қожамқұлов қазақ актерлерінің барлық буын өкілдерімен сахнада әріптес болып, жүз жетпістен астам рөл ойнаған. Өз халқының төл шығармаларынан бастап, батыс және орыс драматургиясындағы, еліміздің басқа ұлттар пьесаларындағы сан алуан кейіпкерлердің қайталанбас характерлерін жасаған Серәлі Қожамқұлов актерлік өнердің шырқау биігіне көтерілді.

Серәлі Қожамқұлов ауқымы кең атер. Ол ұлттық пьесалардан бастап, әлемдік драматургиядан көптеген күрделі сахналық характер жасады. Оның актерлік репертуарында трагедиялық, драмалық кейіпкерлер бар. Ірі сахналық бейнелері - Еспембет, Қарашешен, Қыдыш, Бейсебі, Өкендау, Ақымбай, Жұмаш, Көдебай т.т. толып жатқан сом тұлғалар.

Әмре Қашаубаев – Москва, Германия, Париждің көреремендерін дүр сілкіндірген - ірі творчестволық табысқа жеткен әрі әнші, әрі актерлік өнерге бейім, драмалық актерге тән белгілері бар өнер майталманы еді [3].

1926 жылы Қазақ драма театрының ұйымдасып ашылуы елдің мәдени өмірінде аса зор оқиға болды. Қазақ театр өнерінің алғашқы қалыптасып даму кезеңінде қойылған М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек», «Қаракөз», Б.Майлиннің «Шаншар молда», «Неке қияр», Ж.Шаниннің «Арқалық батыр», «Баян Батыр», Е.Ерданаевтың «Малқамбай» сияқты спектакльдері халық өнерінің қарапайымдылығымен ерекшеленді.

1932 жылы Алматыда сахна өнері мамандарын даярлайтын Қазақ театр студиясы ашылды. Осы жылдары Ұлттық туындылар бойынша қойылған М.Әуезовтың «Түнгі сарыны», Б.Майлин мен Ғ.Мүсіреповтың «Аманкелдісі»,М.Әуезов пен Л.Соболевтің «Абайы» қазақ театрларының өсу жолын, шығармашылық мүмкіншілігін айқындайтын спектакльдер қатарынан орын алды.

Театр группасы тың күштермен (Ш.Айманов, Қ.Әділшінов, Х.Бөкеева, Ш.Жандарбекова, Қ.Қармысов, Б.Қалтаев, Р.Қойшыбаева, Б.Римова, М.Сүртібаев, С.Телғараев т.б.) толығып, қазақтың актерлік өнері жан-жақты дамыды [4].

Ұлы Отан соғысы жылдарында қахармандық-патриоттық тақырыптағы М.Әуезовтың «Сын сағатта», Ғ.Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» және «Ақан Сері-Ақтоты» трагедиялары көптеген театрларда қойылды. Қазақ группаларына өз үлестерін қосқан кеңес режиссерлері Б.В. Бибекөв, Б.А. Лурн, А.Товстоногов, А.Л. Жадиевский т.б. ұлттық сахна өнерінің ілгері дамуына мол үлестерін қосты. Қазақ театр сахнасында фольклорлық-тарихи мазмұндағы және тарихи-ғұмырнамалық тақырыптағы Мұқановтың «Ш.Уәлихановы», Тәжібаевтың «Майрасы», Әуезовтың «Абайы», Құсайыновтың «Үкілі Ыбырайы», т.б. пьесалары мольдрақ қойылып отырды.

Сахна өнері мамандығы бойынша арнаулы оқу орнын бітіріп келген режиссерлер (Токпанов, Мәмбетов, Омаров) мен актерлер (Н.Жантөрин, Ы.Ноғайбаев, З.Н. Досанова, А.Әлимов, Ә.А. Молдабеков, С.Қ. Оразбаев, Ф.Шәріпова т.б.) қазақ театрларының кәсіби бағытын айқындай түсті. Ұлттық театрлар дүние жүзі және кеңес өнерінің жоғары сахналық мәдениетін халық кәсібилігінің ізгі дәстүрлерімен ұштастыруда, жағымды қахармандарын мінез-кейпін тереңірек ашып, халық өмірін шынайы, жан-жақты бейнелеуге ұмтылды.

60-70-жылдары қойылған Ш.Аймановтың «Ана-Жер Анасы», Қ.Мұхамеджановтың «Белтірік бөрік



астында», Т.Ахтановтың «Сәулесі», «Анты», С.Жүнісовтың «Ажар мен ажалы», Қ.Шаңғытбаев пен Қ.Байсейітовтың «Беу қыздар- ай», «Ой жігіттер айы», Ә.Нұрпейісов пен Ә.Мәмбетовтың «Қан мен тері» т.б. сияқты спектакльдер ұлттық сахна өнерінің озық тәжірибесі мен табысын айқындады [5].

Қазақтың қара шаңырағы Қазақ драма театрымен қатар Абай атындағы опера және балет театры да өзінің шығармашылық даму және қалыптасу кезеңінен өтеді. Қазақстанда опера жанры Ұлы қазан революциясынан кейін туды.

Алғашқы опера шығармалар музыкалық пьеса және драма түрінде болды. Олар түгелдей қазақтың халық музыкасына, оның ән-күй байлығына негізделіп жазылды. 1934 жылы Е.Брусиловский қазақтың тұңғыш операсы «Қыз Жібекті», одан кейінгі жылдары А.Қ. Жұбанов пен Л.А. Хамиди «Абай» (1934 жылы), М.Төлебаев «Біржан-Сара» (1946 жылы), Қ.Қ. Қожамяров «Назугум» (1956 жылы), С.Мұхамеджанов «Айсұлу» (1964 жылы) Е.Рахмадиев «Қамар сұлу» (1963 жылы) және Ғ.А. Жұбанова «Еңлік-Кебекті» (1975 жылы) жазып ұлттық операны профессионалды жаңа белеске көтерді.

Қазақстанның опера және балет өнерінің негізін қалаушылар, мәдени ошақтың алтын діңгегі – Абай атындағы опера және балет театрының көрнекті көне көздері – театрдың ұлы бейнелері: Күләш Байсейітова, Ғарифолла Құрманғалиев, Қанат Байсейітов, Шабал Бейсекова, Қаукен Кенжетаев, сонымен қатар театрдың тұңғыш балериндары мен бишілері: Шара Жиенқұлова, Александр Селезнев, Ракуль Тажиева.

Сонау 1936 жылы осы ұлы өнерпаз иелері Москва көрермендерін талантымен таңдандырды. Кеңестік пресса ғана емес, шет ел сынға алушылары олардың өнеріне тамсанып, «Степное чудо» деген анықтама берді.

Ал, Күләш Байсейітова бірінші СССР халық артисі ғана емес, «Соловей сцены», яғни «Сахна бұлбұлы» деген құрметті атаққа ие болды.

Осы ұлы артистердің ескі Алматының саман үйлерінде тұрып, жартылай аш, жағдайының төмендігіне қарамастан, арнайы кәсіби білімі болмаса да бүкіл опералық партияларын жаттап, дала адамдары үшін қиын да болса, классикалық «Па» биін билеп, өз таланттарының күшімен, рухының биіктігімен опера және балет өнерін қазақтың кең даласындағы шегі жоқ сахна төрінде шыңдады[6].

Халқымыздың ұлттық өнерін, мәдениетін, руханиетін көрсете білген халық таланттары, сахна жұлдыздары Кеңес өкіметіне, қазақ халқына сіңірген зор еңбектері үшін жоғары дәрежелі марапатқа ие болған:

1. СССР халық артисі Сталиндік премияның лауреаты – Күләш Байсейітова;
2. СССР халық артисі Сталиндік премияның лауреаты – Құрманбек Жандарбеков;
3. Қазақ ССР халық артисі – Қанабек Байсейітов;
4. Қазақ ССР халық артисі, Сталиндік премияның лауреаты, композитор – Е.Г.Брусиловский;
5. Қазақ ССР-нің өнеріне еңбек сіңген, Сталиндік премияның лауреаты, композитор – Мұқан Төлебаев;
6. Қазақ ССР халық артисі, Сталиндік премияның лауреаты – Ануарбек Үмбетбаев;
7. Қазақ ССР халық артисі – Манарбек Ержанов;
8. Қазақ ССР-не еңбек сіңірген – Ғарифолла Құрманғалиев;
9. Қазақ ССР халық артистері, ағайынды Рашид пен Малик Абдуллиндер;
10. Қазақ ССР халық артисі, Сталиндік премияның лауреаты – Шабал Бейсекова т.т.б.

1 Құндақбаев Б., Нұрпейісов К. «М.Әуезов атындағы Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрына 40 жыл» - А., 1973 жыл. Құндақбаев Б. Заман және театр өнері, - Алматы: Өнер. 2001. - 79 б.

2 Қазақ Совет энциклопедиясы. - Алматы 1976 ж. - 510-511 бет.

3 Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы. - А., 1973 жыл; Қазақ театрының тарихы, - А., 1975 жыл.

4 Қазақ Совет энциклопедиясы. – Алматы, 1977 ж. 10 т, - 631 бет.

5 Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы. - А., 1973 жыл; Қазақ театрының тарихы, - А., 1975 жыл.

6 Свобода слова, 2008 жыл 2 октябрь.

### **Резюме**

В настоящей статье делается краткий обзор об академическом театре драмы им. М.Ауэзова и о театре оперы и балета им. Абая. О жизни, творческой деятельности, и о достижениях звезд сцены таких как, Ж.Шанин, Қ.Қуанышбаев, С.Қожамқұлов, И.Байзақов, Ә.Қашаубаев, К.Байсейітова, Ғ.Құрманғалиев, Ш.Бейсекова, Ш.Жиенқұлова.

Звезды театра, оперы и балета добились значительных творческих успехов и прошли замечательный путь от первой казахской музыкальной драмы до оригинальной национальной оперы. Из среды театрального коллектива выдвинулась целая группа талантливых казахских певцов и артистов. Артисты огромного природного дарования и высокой музыкальной культуры завоевали горячую симпатию и признание слушателей далеко за пределами республики. Эти люди подлинная гордость не только казахского, но и всего нашего Советского государства. Жизнь и творческая деятельность звезд сцены заслуживает высокой награды и является примером новому поколению.

**Ключевые слова:** культура, театр, сцена, искусство, балет

### **Summary**

In this paper, a brief review on the Academic Drama Theatre. M.Auezov and Opera and Ballet Theatre. Abai. On the life and creative activity, and the achievements of stars of the scene such as J.Shanin, K.Қuanyshbaev, S.Kozhamkulov, I.Bayzakov, A.Kashaubaev, K.Bayseyitova, G.Kurmangaliev, Beysekova Sh, Sh Zhienkulova.

Star theater, opera and ballet have had considerable success and have been a wonderful way from the first Kazakh musical drama to the original National Opera. Of the environment of the theater group has popped a whole group of talented Kazakh singers and artists.

Artists enormous natural talent and high musical culture won warm sympathy and recognition of the audience far beyond the borders of the republic. These people are the real pride not only Kazakh, but also all of our Soviet state. Life and activities of stars scene deserves the highest award and is an example of a new generation.

**Keywords:** Culture. theater, stage, art, ballet

## **ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ**

ӘОЖ 297.2

### **ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АДАМ МӘСЕЛЕСІ**

**Н.Қ. Каттабекова, А.Усайнова – А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**

Мақалада автор ақын шығармашылығының түп-тірегін және шешуші мәнін құрайтын адам мен қоғамның, адам мен тылсымның (жар жаратушы) мәселелерінің мәнін ашып, ақын поэзиясындағы адам мәселесі өзгеше өрнекпен, бөлекше талап-тілекпен сомдалатынына баса назар аудартады. Сонымен қатар автор қазақ ақындары шығармашылығының басты бір саласы адам мәселесі екендігін көтереді. Көне жыраулар поэзиясы, қазақ әдебиетінің төл туындысы, классикалық үлгісі және т.б. шығармашылықтарда басты мәселе - жалпы адамның рухани дүниетаным мәселесі тақырыбын қарастыру қажет екендігін назарға алады.

**Тірек сөздер:** Адам, адамгершілік, қазақ ақындар шығармашылығы

Қазақ ақындары шығармашылығы, қазақ поэзиясының арғы-бергі тарихына үнілгенімізде адам мәселесі, адамгершілік-этика, мораль (ахлах) тақырыбымен сабақтаса өріліп отыратыны байқалады. Адам, адамгершілік, мораль мәселесі қазақ ақындары шығармашылығында сонау жыраулар поэзиясынан желі тартып келе жатқан кең тынысты арна екенін аңғарғандаймыз. Қазақ ақындары, тіпті жыраулық дәуірдегі, тіпті оның арғы жағында көне түркі дәуірі поэзиясының өзінен тұнып тұрған ой-маржандарын, фәлсафаны кезіктіреміз. Бұл ретте философ ғалым, академик Ә.Нысанбаевтың: «Жалпы, Шығыстың бай философиялық және әлеуметтік ойы, оның ішінде қазақ халқының философиялық ойы Батыстағыдай қалыптасқан философиялық жүйелерде емес, поэзияда, фольклорда, музыкада, ауыз әдебиетінде, мифологияда, мақал-мәтелдерде, қанатты сөздерде жатыр. Әлемді, адамды, оның өзін-өзі тануын, тұлғаның өмірдегі орны мен рөлін философиялық және этикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге айрықша мән беру қазақ философиясының ерекше сипаты болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ философиясы – шығыстық философиядағы, ең алдымен, толық, рухани жағынан жетілген адам болу рухын қастерлеу мен зерделеу дәстүрін жалғастыра отырып, оны өзіндік мазмұнмен байытқан философия» - [1] деген пікірімен келіспеу мүмкін емес. Бұл ойымызды “Қазіргінің талай елін қайран қалдырған осынау байтақ кеңістікті кернеген поэзиялық әлем, - деп атап көрсетті Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің “Тарих толқынында” атты кітабында, – тек қана сұлулық пен сезімнің шеңберінде шектелмеген. Ол жаңашылдықтың жалынын лаулата да білген. Содан да болар, қазақтың поэзиялық шығармашылығында мейлінше терең танымдық қасиеттер бар. Сондықтан да қазақтың дәстүрлі поэзиясы ұдайы философиямен шендесіп жатады” - [2] деген пікірін де қуаттайды.

Қазақ халқы ғасырлар бойы жазба мәдениеті болмас да өзінің ауызекі өлең-жыр дәстүрімен зор рухани қазына, даналық шығармалар қалдырды.

Терең философиялық мәнге ие қазақ ақындары шығармашылығындағы басты желі – адам, адамның болмысы, пайым-парасаты, кісілік келбеті кестелі өлең ырғағымен өріліп, ғасырлар бойы өз оқырманына рухани нәр беріп келеді.

Көне жыраулар поэзиясы - қазақ әдебиетінің төл туындысы, классикалық үлгісі, далалық, көшпелі тұрмысымыздың, мәдениетіміздің қайнары іспетті бұл жырлардан қазақ даналық ойының мәйегі деп танымыз. Осы орайда кең байтақ қазақ сахарасын аралап шыққан Асан қайғы (Хасан Сәбитұлы) өлеңдеріне үңілер болсақ. Жыраудың көкірегі ояу, көзі ашық, философиялық ой-кешуге бейімдігін аңғарамыз:

*«Таза мінсіз асыл тас*

*Су түбінде жатпайды.*

*Таза мінсіз асыл сөз,*

*Ой түбінде жатпайды.*

*Су түбінде жатқан тас, -*

*Жел толқытса шығады.*

*Ой түбінде жатқан сөз*

*Шер толқытса шығады».* [3] Асан қайғының қайғысы – жеке бастың қайғысы емес. Желмаясын мініп желдіртіп, қазақ сахарасын тұтас аралап шыққан дананың бүгінгі тіршіліктің, ертеңгі ұрпақтың қамын ойлағандықтан туған қайғы. Оның өлеңдерінің негізгі мотиві – халқына жайлы қоныс іздеу. Бақыт мекені «Жерұйғын» іздеу теориясы, т.б. шығармаларынан оның өз заманының көрнекті ақыны, сыншы, ойшылы болғанын айғақтайды.

Асанның қайғысы тек өз заманына қатысты емес, оны қайғыға салып отырған – болашақ туралы болжамдары, халық қайда бара жатыр, ертеңі қандай болады деген күрделі мәселелер. Асан Қайғы – түркі жұртының әйгілі ойшылы Қорқыттың дүниетанымын жалғастырушы.

Шал ақынның (Тілеуке Құлекеұлының) да біршама көңіл бөлген тақырыптарының бірі - ол адам. Адамның болмысы.

*Шын ажалым жеткен соң,*

*Сызықтан мәлім өткен соң,*

*Айтпасам да жарандар,*

*Мен де бір күн өлем-ай, - деп толғайды.*

Тағы бір өлеңінде: *Ойменен құтылмайсың қаисаң-дағы*

*Атадан арыстан туып ассаң дағы,*

*Алладан шыныменен жарлық келсе,*

*Жұлдыз да жерге түсер аспандағы, - деп дүниенің өткіншілігін айтып оны мәңгілікке, имани құбылысқа меңзейді [3].* Немесе, ақынның мына өлең жолдарына назар салсақ. Бұл жолдардан ақынның адам қоғамда көп жасағандығымен емес, білімімен, еңбегімен бағаланады деп ұққанын пайымдаймыз: Адамды жөн білетін дана деп біл, Істерін жалқау жанның шала деп біл.

*Кұр жасы елулерге келседағы,*

*Білімсіз сондай жандар бала деп біл, - дейді.*

Қазақ ақын-жырауларының шығармалары көшпелі болмысты, ата-қоныс, адам, қоғам, сол кездегі әлеуметтік жағдайларға, батырлық, көркемдік, адамгершілік, өмір мәселелеріне байланысты туады және терең мағыналы философиялық ойларға толы. Қазақ поэзиясындағы философиялық бағыттың негізін салушылардың бірі – Шалкиіз жырау Тіленшіұлының шығармасында философиялық ой кешу, жыр толғау әдістері ерекше. Жырау дүниеде тұрақты, мәңгілік ештеңе де жоқ деп тұжырымдайды. Ақтамберді Сарыұлы өз жыр-толғауларында елді ерлікке, бірлікке шақырады. Оның жырларынан қазақ халқының ой-арманы, мақсат-мүдделері, олардың бар болмысы, ерекшеліктері, дүниеге өзіндік көзқарасы аңғарылады. 18 ғасыр жыраулары ішіндегі аса көрнекті тұлға – Бұқар жырау Қалқаманұлы да дүниедегінің барлығы өзгеріске ұшырап отыратындығын атап көрсетеді [4].

Қазақ философиясының тарихындағы ағартушылық бағыт ұстанған көрнекті ағартушылар Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлының еңбектерінен айрықша көрінді. Қазақ даналық ойының үш алыбының қай-қайсысы болмасын адам дүниетанымының философиялық мәселелерімен шұғылданып, тамаша үлгісін қалдырған. Әсіресе, бұл ретте Абайдың еңбектерін ерекше атап өтуімізге болады. Сонау орта ғасырлардағы сопылық поэзиядан бастау алған (Ахмет Ясауи) «хикметшілдік» даналық ойлар айту дәстүрі Абайдың заманына дейін үзілмей келді. Абай адам болмысын тануда тың да тосын дүниетанымдық ойлар айтты. Адамзатты Алла махаббатпен жаратқан, демек, махаббат адамға дейін болған, Алланың тек өзіне ғана тән құдіреті деп білген Абай Адам мен Алланың арасындағы қатынасты сүю деп атайды. Өзін махаббатпен жаратқан Алласын адамның сүюі парыз. Абай сүюдің үш түрін айтады, олар: Алланы сүю, оның жаратқан кереметі – адамды сүю және хақ жолы деп әділеттілікті сүю. Осы үш сүюді Абай имани гүл дейді. Осы тұжырымдардың негізінде Хакім Абай «толық адам» немесе кемел адам концепциясын жасады. Олар: нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат. Адамды толық ететін – ақыл, жүрек, қайрат. Абай сияқты Шәкәрім Құдайбердіұлы да қазақ елін қалай мәдениетті елдер қатарына қосамын деп талпынады. Шәкәрім Абайдың имани гүл ілімін «Үш анық» кітабында Ар (ұят) туралы ілімге айналдырды [5].

Абай қазақ әдебиетіндегі, жалпы, қазақ руханиятындағы болмысы бөлек дара тұлға. Абай ақын ғана емес, хакім (философ) тұлға. Ол көп қаламгерлер секілді өмірдің бар болмысы мен шындығын көркем бейнелеп қоюмен шектелмеген, өз шығармашылығы арқылы өзіндік танымын, адамгершілік ілімін жасаған ойшыл ақын.

Абайдың толық адам танымы Аристотель, Әл-Фараби негіздеген ақыл, жан, тәннен тұратын адам болмысы туралы тұжырымдарды еске түсіреді. Адам болмысын осы үшеуінсіз я үшеуінің бірінсіз елестету мүмкін емес. Тән Абайдың өзі жазғандай, жанға баспана болу үшін қажет, тәнсіз жан өзінің жасампаздық қызметін атқара алмай қалады. Ал жаны бар тән, дене әлі адам емес, жан-жануар, жәндіктер деңгейіндегі болмыс қана. Жан мен тәнге ақыл қосылғанда ғана адам болмысы пайда болады. Яғни ақыл, қайрат, жүрек немесе ақыл, жан, тән – үшеуімен адам болмысы түгел, толық болады. Тәні мен жаны бар айуаннан адамды биік ететін – ақылы. Сөйтіп, Абай өз өлеңдері мен қарасөздерін көп ізденіп, көп толғанып, байырғы төркінінен тартып ойлы, тамырлы, терең туынды етіп жазған. Нәтижесінде толық адам, жәуәнмәртлік, иманигүл танымдарын жарыққа шығарды. Абай қазақ әдебиетіндегі, жалпы, қазақ руханиятындағы болмысы бөлек дара тұлға. Ол көп қаламгерлер секілді өмірдің бар болмысы мен

шындығын көркем бейнелеп қоюмен шектелмеген, өз шығармашылығы арқылы өзіндік танымын, адамгершілік ілімін жасаған ойшыл ақын. Абай шығармашылығындағы толық адам (кемел адам) концепциясы сынды іргелі танымдар абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлының зерттеулері ғылыми өріске енді. Ғалым еңбегінің жалғасындай болып, оның шәкірті М.Әліпханның «Қазақ әдебиетіндегі адамгершілік ілімі» атты зерттеу еңбегі жақында ғана «Ұлағат» баспасынан жарық көрді. Абай атындағы Қаз ҰПУ-дің Абайтану ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, доцент М.Әліпханның бұл еңбегін ғылыми орта танымдық мәні зор жаңалық деп қабылдауда. Зерттеуші философиялық мәселенің әдебиет арқылы айтылуының ерекшелігіне де назар аударады. Осы тұрғыдан келгенде автордың философиядағы адам мәселесі, мораль, этика қағидаларын Ж.Баласағұндағы жәуәнмәртлік, А.Иассауидегі хал ілімі, Абайдағы толық адам танымы, Шәкәрімдегі ар білімі, ұждан анығы арқылы қарастыруына жол ашылады. Автор әлемдік ой биігі мен асыл ақиқатқа ізденіп жеткен ғұламалар санаулы ғана, осы руханиятқа қазақ әдебиетінің мақтанышына айналған ақындарымыз да жап-жақсы үлес қосқанын байқауға болады дейді. Ол тұжырымын автор былай жеткізеді: «Мәселен, Абайдың «толық адамы» бұрынғы-соңғы ойшылдардың әр дәуірде қарастырып келген ақыл, жан, тәннен тұратын тұтас адам болмысын ойға оралтады. Ал адам болмысының өзегі – адамгершіліктің негізі мен іргетасын Абай жәуәнмәртлік деп атаса, Аристотель калагогатия түрінде танытқан. Абайдың үш сүюі мен Шәкәрімнің үш анығы адамзат тарихындағы талай ойшылдың зерлі ізденісіне өзек болған. А.Иассауидің хикметтері адам болмысындағы ақыл мен жаннан туындайтын Құдай жолын дәріптеп, тәннен бастау алатын тоңмойын, топас нәпсінің кесірін әшкерелей жырлауға құрылған. Ал «Құтты білік» дастанын адам мен қоғам, мемлекеттің жетіліп, кемелденуін көздеген практикалық философияның сөз өнеріндегі көрінісі, көшірмесі деуге келеді. Сөйтіп, біз қарастырған Ж.Баласағұн, А.Иассауи, Абай, Шәкәрім ақындар іргелі, абсолютті ақиқатты жырлау арқылы ойшыл ақындар тұғырына қонған таңдаулы тұлғалар. Олар ең биік, ең басты игілік – бақыттың – адамгершілік екенін танып, оны дәстүрлі терең төркінінен тартып әрі жаңашылдықпен жүйелі жырлай білген ақындар. Адамзат үшін ең құнды нәрсе өмір болса, сол өмірді мәнді де сәнді, ал өмір иесі адамды абыройлы да абзал, қадірлі де қасиетті ететін – адамгершілік»[6]. Зерттеу еңбегі – адам, адам болмысы, адам болу мен адамгершілік туралы танымдық, тағлымдық мәні зор ойлар қозғайды. Зерттеуден түйгеніміз мына ойлар. Жаратушының бұрынғы-соңғы ойшылдар тұжырымдап, түйіндегеніндей, екі түрлі туындысы бар, олар – Әлем мен Адам. Әлемге барша аспан денелері жатады. Ал адам сол әлемдегі бір ғана дене – Жердегі тіршілік иелері. Сөйтсе де адам әлеммен қатарлас Жаратушының жинақтап келгендегі екі-ақ туындысының бірі. Сократ Абайдың 27-қарасөзіне негіз болған сұхбатында Жаратушының әлемді барша қажетімен түгел, толық етіп жаратқанын айта келіп, бір ғана нәрсені сол әлемге дарытпай сақтап қалғанын, сөйтіп, оны адамға сыйлағанын айтады. Жаратушының өзгеге бермей, адамға ғана бұйырған артықша әрі аса құнды сыйы – ақыл. Әлем мен адамдар қауымындағы ең киелі, ең биік, ең асыл нәрсе – осы ақыл. Ақыл – Алла, Жаратушы иелігінен жеткен асыл қазына. Жаратушының тағы бір қазынасы – жан ақылдан кейінгі орында тұрады. Себебі, ақыл адамда ғана болса, жан жан-жануарлар мен өсімдіктерде де бар. Ойлап қарасақ, әлем болмысы мен тірлігінде ақыл мен тәртіп, үйлесім бар. Әлем мен ондағы тіршілік иелері күнделікті қолданбалы ақылы болмаған соң, тіршілігінде таңдау жасап жатпай, болмысына Жаратушы дарытқан дайын жолмен ғана жүреді. Ал адам болмысының бағы мен соры қатар көрінеді. Адамның бағы ақылы болса, соры – нәпсі жолын таңдап кетуі. Адам ақылымен хақ, тура жолды ұстанса, нәпсісі арқылы хақ жолынан бұра тартып теріс жолға түседі.

Адам болу мен адамгершілікті сақтаудың қиындығы мен күрделілігі – адам жаратылысының қоспа болмысы мен екі жолдың бірін таңдай алатын еркінің бар болуына байланысты. Сәби, бала кезінде адамның таңдау жасай қоюы қиын. Ақыл-есі кіре келе оң-солын танып, таңдай алатын дәрежеге жетеді. Шамамен «он үште отау иесі» дегендей, кезенге жетіп, әр адам өз болмысына сай адам болуды ойлай бастайды. Бірақ адам болу кедергісіз даңғыл жол емес, бұл игі әрекеттің қабатында қарсыласып ылғи да нәпсі деген дұшпан жүреді. Адам үшін үлкен жау, зор кедергі – нәпсі. Ойшыл ақын Шәкәрімнің «Нәпсі үйінде байлаулы ынсап жатыр, ер болсаң, босатып ал сол зынданнан» деп жырлауы тегін емес. Ә дегенде нәпсі тәтті, рахат, жайлы көрінеді, әйтсе де ақылы асық, рухы биік адам нәпсіге берілмейді. Адам болу осылайша екі жолдың айырығында ақылы жеңіп, тура жолды таңдау, ұстанумен жүзеге асады. Ал адамдық, адамгершіліктің өзі – ең әуелі жақсылық пен қайырымдылық. Өзінің ғана жағдайын жасап, өзінің ғана қамын жеу айуанға тән болса, адам өзінен басқаның жағдайын жасап, жақсылықты, қайырымды болумен ерекшеленеді. Алла бәрін де жаратқан әрі бәрін де несібесін беріп жарылқаушы. Ең үлкен қайырымдылық, жақсылық жасаушы – Алла. Алла туындысы – адам да Иесінің жолымен жақсылық жасау жолында болғаны жөн. Адамгершілік ілімін еуропалықтар этика деп атаса, түркілердегі кісілік қалыбы жәуәнмәртлік делінген. Осы жәуәнмәртлік ұғымы тұңғыш рет Абайдың 38-сөзінде кездеседі, ал

ол ұғымды ғылыми айналымға енгізген – абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлы. Жәуанмәртлік қарапайым тілмен айтқанда қайырымдылық. Қайырымдылық түбі – жомарттықтан негіз тартады. Ойшылдар тәпсірлеуінде қайырымдылық – екі шеткі кемшіліктің орта тұсы. Осы орта тұсты сақтап, қайырымды болу оңай шаруа емес. Таразының бір басына тасын, екінші басына затты қойып, екеуінің дәл тең тұсын табудың қиындығы секілді, жан деңгейіндегі халдің қайырымдылық күйін сақтау да оңай емес. Мысалы, мырза, жомарт болу оның қайырымдылық халін қадағалап, мұқият сақтаумен келеді. Әйтпесе осы жомарттық қайырымдылық шегінен асыңқырап кетсе, ысырапқорлыққа, кеміп кетсе, сараңдыққа ойысып кетеді. Ойшылдар негіздеген қайырымдылықтардың орта тұсы жайлы Шәкәрім өлеңдерінде кездеседі:

*«Ат болсын, киім болсын, мінез болсын,*

*Құба төбел істі қыл жарасымды.*

*Артық алу,*

*Не кем салу*

*Қапы қалу жарамас» [7].*

Әлемдік асыл ойдың атасы Аристотель адамзаттың ұмтылып, өмірінде тұтынатын барша игіліктерін үш-ақ топқа бөліп, олардың арасынан ақыл мен өзге әр түрлі қайырымдылықтарды бәрінен де артық асыл, биік санаса, Абай да өмірде ұшырасар көп қызық, игіліктер ішінен үшеуін ғана сүюді насихаттады. Хәкім Абай оны Иманигүл деп атағанын жоғарыда да айттық:

*«Махаббатте жаратқан адамзатты*

*Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті*

*Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп,*

*Және хақ жолы деп әділетті» [8].* Ұстазы Абайдың осы теориясын Шәкәрім ақын да өзінше дамытып, адамгершілікті ұждан анығы, ең дұрыс тура жол деп есептеген:

*«Әлемдегі діндердің түп мақсұты,*

*Үш нәрседе бұлжымай құшақтасар:*

*Құдай бар, ұждан дұрыс, қиямет шын» [8].*

Алла – барша болмыстың бастауы. Алла өзі мәңгілік, жоғалмайтын бар болмыс. Адам да сондай уақытша, өтпелі болмыстың бірі. Яғни Алладан өзгенің бәріне де қиямет күні келеді. Алладан бастау алып, бұйырған өмірі бітіп, қиямет күніне тап болатын адамзаттың осы екі аралықтағы оңды, мәнді, тура жолы – ұждан, яғни адамгершілікті болу дегенді тәпсірлейді Шәкәрім ақын. Шәкәрім Құдайбердіұлының мораль ілімі, «Үш анық» концепциясы жөнінде шәкәрімтанушы ғалым Салтанат Ізтілеуова былай дейді: «Шәкәрім Абайдың «толық адам» концепциясын дамыта отыра «шын таза жан», «түзу адам» концепциясын ұсынады. Ол адам үшін ұждан керек дейді. Ал ұжданды адам өз ісінде ынсапты, әділетті, мейірімді ұстанады. Осы сапаларды ақ жүрек пен адал еңбек нәрлендіріп қозғалысқа түсіреді. Бұл құндылықтар адам бойында біріксе, ол нәпсіні жеңеді. «Айқын» газеті тілшісіне берген сұхбатында ғалым қызық та өрелі ұсыныс-пікір білдірген: «Қазіргі қоғам үшін халыққа Шәкәрімнің «шын таза жан», «түзу адам» концепциясын түсіндіру, насихаттау және тәрбие жұмысының тірегіне айналдыру маңызды. Шәкәрімнің тәрбиелік мұрасын, Абайдың рухани мұрасымен біріктіріп жалпы мемлекеттік тәрбие беру концепциясын жасауға әбден болады... Адам тәрбиесін мемлекеттік мақсат дәрежесіне көтеріп жұмыс істесек, рухани дамыған тұлғаны қалыптастыруға әбден болады. Адамды жөндеу арқылы мемлекетті де, қоғамды да жөндейді. Яғни, Шәкәрім күн тәртібіне қойған «ар ілімін» оқыту, насихаттау және тәрбие жұмысының тірегіне айналдыру қоғамды құтқарады» - деп Абай, Шәкәрімнің рухани мұраларын мемлекеттік идеологияға айналдыруды ұсынады [9].

Қорыта айтқанда, қазақ ақындары шығармашылығында адам мәселесі сонау түрік дәуірі әдебиетінен бастау алып, жыраулар поэзиясында желі тартты. Жыраулар поэзиясының көрнекті өкілдері Асан қайғы, Шалкиіз, Доспамбет, Шал ақын т.б. ақындар шығармаларының өзегі адам, адамның болмысы, дүниенің өзгермелілігі, ел мен жер тақырыптары болып өріліп отырды. Орта ғасырлық сопылық поэзияның белді өкілдері Ж.Баласағұни, А.Югнаки, Ахмет Ясауидің хикметтерінде адам, иман, мораль тақырыбы дәстүр салды. Қазақ философиясында ағартушылық бағыттағы ойшылдар Шоқан, Ыбырай, Абай шығармаларының басты желісі – адам. Әсіресе, ұлы ойшыл, гуманист хәкім Абай еңбектерінде, оның шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларының арқауы – адам мәселесіне айналды. Бұл тақырыпты далалық даналықтың қос алыбы да биік шыңға шығарып, жетілдіріп, философиялық концепцияға айналдырды. Адам мәселесі – қазақ ақындары шығармашылығының үзілмес желісі, алтын арқауы.

1 Нысанбаев Ә. Дала дүниетанымы // Адам әлемі. - №4, 2010.

2 Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл. – А., 2002. - 146-б.

3 Бес ғасыр жырлайды. - Алматы: Жазушы, 1989. - 22-б.; Бес ғасыр жырлайды. - Алматы: Жазушы, 1989. - 35-б.

4 Сүйінішев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы - Алматы: Санат, 2006. - 361-б.

5 Ғабитов Х.Т. Қазақ философиясы. - Алматы: Раритет, 2008.

6 Әліпхан М. Қазақ әдебиетіндегі адамгершілік ілімі. - Алматы: Ұлағат, 2012.

7 Әліпхан М. Шәкәрім жасаған үш түйін. Шәкәрімтану мәселелері. - Алматы: Раритет, 2008.

8 Мырзахметұлы М. Абайдың адамгершілік мұраттары. - Алматы: Рауан, 1993.

9 Ізтілеуова С. Шәкәрім мен Абай идеяларн жалпы ұлттық тәрбиелік концепцияға айналдыруымыз керек // Айқын. 13 наурыз, 2010.

#### **Резюме**

В данной статье автор обращает внимание на то, что приоритетной темой в поэтике акынов является тема человека, личности. Важнейшая проблема социализации личности решается силой красоты казахской поэтики. Также автор обращает внимание на то, что поэзия древних жырау, являясь истинным произведением казахской литературы и образцом классики становится носителем нравственности и гуманизма.

**Ключевые слова:** человек, гуманизм, творчество казахских акынов

#### **Summary**

In this article author draws attention to the priority themes in the poetics of akyns, which is the theme of human personality. The major problem of personality socialization is solved forces of beauty Kazakh poetics. A man becomes a carrier of morality and humanity by directing to the god, knowledge and labour. The author also draws attention to the fact that the ancient zhyrau, being a true work of Kazakh literature and classical model becomes the bearer of morality and humanity.

**Key words:** a man, humanism, creativity of Kazakh akyns

УДК 81(19)

### **ПУТИ ПРЕДОТВРАЩЕНИЯ МАССОВЫХ БЕСПОРЯДКОВ В УСЛОВИЯХ МАССОВЫХ МЕРОПРИЯТИЙ**

**Л.А. Жубандыкова** – магистрант факультета «Юриспруденции»  
Казахско-русского международного университета

В статье рассматриваются вопросы выработки мер по предотвращению массовых беспорядков при проведении массовых мероприятий. В целях предотвращения необходимо воздействие на общественное мнение населения для осуждения неоправданного применения насилия, широко освещать в средствах массовой информации правовые последствия уличных беспорядков предусмотренных законодательством, разъяснение существующих правовых норм об ответственности за организацию и участие в массовых беспорядках, доводить информацию о преступлениях, получивших большой общественный резонанс, приводить яркие примеры международных событий. Взаимодействие субъектов обеспечения безопасности способствует стабильности общества, прогрессу социальных отношений и развитию государства.

**Ключевые слова:** массовые беспорядки, массовые мероприятия, субъекты участвующие в подготовке и проведении массовых мероприятий, угроза общественной и личной безопасности, решение правоохранительных задач, профессиональная подготовка

Увы, человек – весьма конфликтное существо...

И конфликты весьма часто переходят в массовые волнения, беспорядки и даже войны.

Вот далеко не полный перечень подобных событий только за последнее время: Украина, Таиланд, Ливия, Сирия, Турция, Египет, Греция, Россия, Кыргызстан, Казахстан...

Как видим, во многих странах вновь остро встала проблема регулярно происходящих массовых беспорядков, причинами которых становятся непростая политическая ситуация, последствия мирового экономического кризиса, вызванные ими проблемы реформирования общественных институтов, рост коррупции и организованной преступности, отсутствие официальной государственной идеологии и консолидирующей силы в стране.

На фоне данных факторов недостаточное развитие демократической системы волеизъявления заставляет граждан переходить на массовые волнения, осложняющие оперативную обстановку, представляющие большую общественную опасность, нарушающие нормальный ритм жизни общества, вызывающие широкий общественный резонанс [1].

Значительное число массовых беспорядков возникает при проведении различного рода массовых мероприятий, проводимых государственными органами, политическими партиями и движениями, а также различными спортивными, культурными, религиозными и иными организациями [2].

Массовые мероприятия, протекающие в общественных местах, являются одной из важнейших форм общественной активности граждан. Данное право на проведение мирно, без оружия, публичных мероприятий – собраний, митингов и демонстраций, шествий и пикетирования закреплено в статье 32 Конститу-

ции Республики Казахстан [3]. Посредством публичных массовых мероприятий граждане могут привлечь внимание органов власти к важнейшим социальным проблемам. Кроме того, публичные мероприятия служат средством реализации и удовлетворения гражданами не только их социально-политических, но и культурных прав [4].

В то же время при их проведении существенно возрастает угроза нарушения общественного порядка, посягательств на общественную безопасность, что можно видеть в разрезе каждого из видов данных мероприятий:

- общественно-политические /демонстрации, митинги, шествия, съезды политических партий и общественных организаций, выборы/ - для их проведения Законом Республики Казахстан «О порядке организации и проведения мирных собраний, митингов, шествий, пикетов и демонстраций в Республике Казахстан» [5] установлен уведомительно-разрешительный порядок [6]. Однако, особую группу, серьезно осложняющих охрану общественного порядка, составляют несанкционированные публичные мероприятия, проводимые без уведомления властей. В этой связи, Министерством внутренних дел Республики Казахстан установлены Правила организации работы подразделений органов внутренних дел по обеспечению охраны общественного порядка и безопасности граждан при проведении мероприятий (санкционированных и несанкционированных) общественными объединениями на улицах и в других общественных местах [7];

- культурно-массовые /народные гулянья, фестивали, концерты и др/ - для них Законом Республики Казахстан «О культуре» установлен уведомительный порядок предоставления информации [8]. Для данного вида массовых мероприятий характерны различные формы поведения людей, стремящихся удовлетворить свои культурные, эмоциональные и духовные потребности. Следует отметить, что на поведение отдельных групп граждан, влияют факторы фанатичной любви к своим эстрадным кумирам, а также условия анонимности в толпе, что снижает степень ответственности за совершенные поступки [9]. Регламентация правоохранительных действий органов внутренних дел по предупреждению возможных правонарушений осуществляется согласно Инструкции Министерства внутренних дел Республики Казахстан по обеспечению общественного порядка и пожарной безопасности при проведении спортивных, культурных и иных массовых мероприятий [10];

- спортивно-зрелищные – для них также установлен уведомительный порядок согласно норм Закона Республики Казахстан «О физической культуре и спорте» [11]. Наибольшую сложность среди данного вида массовых мероприятий представляет проведение спортивных игр, таких как футбол, хоккей и др, так как характерной их чертой является присутствие противоборствующих группировок болельщиков, создающих конфликтные ситуации. Поэтому основные меры обеспечения безопасности участников и зрителей данных мероприятий предусмотрены Правилами Министерства туризма и спорта Республики Казахстан о безопасности при проведении занятий физической культуры и спорта, спортивных соревнований и спортивно-массовых мероприятий [12], исполнение которых обязательно для государственных органов и организаций, непосредственно участвующих в подготовке и проведении спортивно-массовых мероприятий.

Угроза общественной и личной безопасности во время проведения массовых мероприятий зависит от допустимости следующих факторов:

- недостаточная расстановка сил и средств правоохранительных органов, непосредственно участвующих в обеспечении безопасности граждан в ходе мероприятий;

- неподготовленность мест для осуществления мероприятий, а также несоответствующее техническое оборудование и благоустройство мест размещения участников и зрителей, с учетом возможности различных вариантов их поведения в обычных и экстремальных ситуациях;

- несвоевременность принятия мер к упорядочению движения больших групп людей;

- неприятие во внимание социальных, этнических, культурных особенностей населения, проживающего в местах проведения религиозных, общественно-политических и культурно-развлекательных мероприятий;

- возможность технических неисправностей, аварий, террористических актов, опасных природных явлений.

Своевременный учет указанных факторов в значительной мере сокращает риск возникновения массовых беспорядков [13].

Специфические особенности массовых мероприятий такие как: нарушение обычного режима жизни района, города или страны в целом; действие большого количества людей на ограниченной территории; возможность скоротечного изменения оперативной обстановки; внеколлективное поведение внешне неорганизованных групп (толпы), отличающихся высокой степенью приспособления к складывающимся



ситуациям; стихийное формирование определенных экспрессивных групп, любителей «острых» ощущений и способных совершать дерзкие антиобщественные действия и провоцировать ответные реакции, становясь неким «катализатором» конфликтных ситуаций; повышенная опасность возникновения групповых нарушений общественного порядка, массовых беспорядков, пожаров, разрушений конструкций, сооружений, других непредвиденных обстоятельств, создающих угрозу общественному порядку и безопасности; возможность причинения ущерба предприятиям, организациям, личным интересам граждан и др. [14] требуют наиболее эффективного решения правоохранительных задач путем согласованного взаимодействия всех субъектов охраны общественного порядка и общественной безопасности [15].

К числу таковых относятся:

- организаторы массовых мероприятий - граждане; общественные организации; физкультурно-спортивные организации; органы культуры; органы образования; органы по делам религии и их органы на местах; администрация спортивных, культурных зданий, сооружений;
- местный исполнительный орган города республиканского значения, столицы, района (города областного значения), принимающий решение о санкционировании массового мероприятия;
- местный представительный орган, в полномочия которого входит дополнительная регламентация порядка проведения собраний, митингов, шествий, пикетов и демонстраций, с учетом местных условий;
- органы здравоохранения и органы государственной противопожарной службы;
- правоохранительные органы, организации, непосредственно обеспечивающие охрану общественного порядка и общественной безопасности: Министерство внутренних дел и входящие в его состав департаменты и иные структурные подразделения, организации ведомственного образования [16 ст.4], а также внутренние войска МВД Республики Казахстан [17]. В период осложнения оперативной обстановки, местным правоохранительным органам могут придаваться дополнительные силы и средства из других регионов - основной задачей является проведение разъяснительно-профилактической работы с лидерами и активистами общественных объединений с целью недопущения с их стороны различных правонарушений, дестабилизирующих оперативную обстановку; органы прокуратуры и национальной безопасности [7 п.6].

Для более эффективного управления силами и средствами, привлекаемыми на охрану общественного порядка и обеспечение общественной безопасности, создается оперативный штаб, численность и состав которого определяется характером и масштабом массовых мероприятий, чрезвычайных обстоятельств, а также складывающейся оперативной обстановки.

Так в состав штаба входят: руководители управлений внутренних дел; оперативный дежурный; группа управления силами и средствами; группа информации и анализа; оперативная следственная группа; приглашаются представители МЧС, скорой помощи и организаторы мероприятий [10 п.6, 10].

В случае несоблюдения организаторами требований законодательства о порядке проведения массовых мероприятий [16 п.п. 26 п. 1 ст. 11], органы внутренних дел в лице уполномоченных на то должностных лиц для выполнения возложенных задач в пределах своей компетенции имеют право по предписанию представителя местного исполнительного или иного уполномоченного государственного органа принимать необходимые меры по прекращению собрания, митинга, демонстрации, шествия, пикета, в их числе в связи с обострением социально-политической ситуации, выражающееся в несанкционированных собраниях, митингах, шествиях и демонстрациях, незаконных пикетах и забастовках, являющихся угрозой национальной безопасности государства, как установлено Законом Республики Казахстан «О национальной безопасности» [18].

Решение правоохранительных задач по предотвращению массовых беспорядков в период массовых мероприятий тесно связано с предупреждением преступных акций на ранней стадии, а также на начальной стадии активных действий. В связи с чем, очень важно укрепление связей с общественными объединениями, налаживание сотрудничества со средствами массовой информации, разъяснение мер, предпринимаемых органами власти и управления по снятию напряженности. Особенно в период проведения общественно-политических массовых мероприятий нередки факты неконтролируемого распространения, а порой и искажения, информации с мест событий средствами массовой информации, помимо этого раскрываются планируемая тактика действий сил правопорядка. Это обостряет и без того довольно напряженную оперативную обстановку [19].

В случае сведения результатов оперативного анализа приведенных показателей на существование сплоченной организации, действия которой могут привести к крупномасштабным противоправным действиям, следует использовать установление прямых контактов с лидерами общественных движений, с населением, участие в согласительных комиссиях. Такой подход, как показывает практика, дает положительный эффект.

Помимо этого, необходимо отметить, что существующие в настоящее время в системе МВД концепции ориентированы главным образом исключительно на борьбу с отдельными преступными проявлениями, а не на управление и контроль за социальными процессами, приводящими к вспышкам насилия, массовым противоправным формам поведения. В этой связи необходимо особо уделять внимание "социальной диагностике" происходящих в обществе процессов и явлений. Поэтому большое значение приобретает проблема источников и механизмов, служащих прочным фундаментом объективного определения "социальных диагнозов" [20]. В этой связи не допустима часто встречающаяся некая инертность и негибкость со стороны органов исполнительной власти, недостаточная активность во взаимодействии с силовыми структурами, так как разрешение конфликтов, вызывающих беспорядки, не может быть задачей только правоохранительных органов [21].

Учитывая огромные материальные и моральные потери от социально-политических конфликтов, а также создающуюся реальную угрозу безопасности, одним из важных направлений государственной представительной и исполнительной власти должны стать согласованные комплексные мероприятия по своевременному разрешению социальных проблем населения. Необходимо обеспечить работу такого правоохранительного и правозащитного механизма, который бы гарантировал защиту общества и каждого гражданина от беззакония и произвола в условиях постоянно изменяющейся социальной реальности.

В целях эффективного предотвращения массовых беспорядков необходимо:

- проведение непрерывной информационно-аналитической работы, изучение экономического положения, жизненного уровня, эффективности правоприменительной деятельности, стабильности политической, экономической и социальной ситуации, морального духа населения, учитывая такие факторы как территория, политические и этнические особенности; вовремя распознать социально запущенные конфликты, коренящиеся в социально-структурных недостатках;

- стимулирование населения на сохранение безопасности общества и государства, путем предоставления различных льгот для создания или дальнейшего развития объектов хозяйствования, реализация различных программ занятости населения, в особенности молодежи, тем самым увеличение рабочих мест, в том числе постоянный контроль за соблюдением трудового законодательства;

- воздействие на общественное мнение населения для осуждения неоправданного применения насилия, широко освещать в средствах массовой информации правовые последствия уличных беспорядков предусмотренных законодательством, разъяснение существующих правовых норм об ответственности за организацию и участие в массовых беспорядках, доводить информацию о преступлениях, получивших большой общественный резонанс, приводить яркие примеры международных событий.

Так как хорошо отлаженное взаимодействие субъектов обеспечения безопасности способствует стабильности общества, прогрессу социальных отношений и развитию государства.

1 Корнев А.П. *Административная деятельность органов внутренних дел. Учебник (Часть особенная)* - М.: Московская академия МВД России, «Щит-М», 2002. - С. 322.

2 Денисенко К.В. *Особенности подготовки личного состава органов внутренних дел, привлекаемого к обеспечению охраны общественного порядка Вестник Всероссийского института повышения квалификации сотрудников МВД России - №4(24), 2012 - С. 36.*

3 *Конституция Республики Казахстан принята на республиканском референдуме 30.08.1995 года) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 02.02.2011 г.).*

4 Звягин М.М. *Административно-правовые средства охраны общественного порядка и права граждан на проведение публичных мероприятий в России.* // Юридическая научная сеть «Современное право» <http://www.nauka-pravo.org/>;

5 Закон Республики Казахстан «О порядке организации и проведения мирных собраний, митингов, шествий, пикетов и демонстраций в Республике Казахстан» от 17 марта 1995 года - №2126 - ст. 2, 3, 4.

6 Баймаханов М.Т., Зиманов С.З., Сапаргалиев Г.С., Сартаев С.С., Рогов И.И. *Научно-практический комментарий.* - Алматы: Раритет, 2010. // URL: <http://low.delovoir.kz/laws/view/133/pege:19>.

7 *Правила об организации работы подразделений органов внутренних дел по обеспечению охраны общественного порядка и безопасности граждан при проведении мероприятий общественными объединениями на улицах и в других общественных местах, утвержденные приказом Министра внутренних дел Республики Казахстан от 6 декабря 2000 года №665/Информационно-правовая система нормативно-правовых актов Республики Казахстан Әділет URL: <http://adilet.zan.kz>.*

8 Закон Республики Казахстан «О культуре» от 15 декабря 2006 года №207-III (с изменениями и дополнениями по состоянию на 13.01.2014 г.) п.3 ст.9-1 //Информационно-правовая система нормативно-правовых актов Республики Казахстан Әділет URL: <http://adilet.zan.kz>.

9 Селиванов С.Д. *Задачи, выполняемые органами внутренних дел во время массовых мероприятий Вестник Воронежского института МВД России - №1 /2008 URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/zadachi-vypolnyayemye-organami-vnutrennih-del-vo-vremya-massovyh-meropriyatiy>.*

10 Инструкция по обеспечению общественного порядка и пожарной безопасности при проведении спортивных, культурных и иных массовых мероприятий, утвержденная приказом Министра внутренних дел Республики Казахстан от 6 ноября 2003 года №619 // Информационно-правовая система нормативно-правовых актов Республики Казахстан Эділет URL: <http://adilet.zan.kz>.

11 Закон Республики Казахстан «О физической культуре и спорте» от 2 декабря 1999 года №490-І (с изменениями и дополнениями по состоянию на 13.01.2014 г.) (п.6 ст.15) // Информационно-правовая система нормативно-правовых актов Республики Казахстан Эділет URL: <http://adilet.zan.kz>.

12 Правила безопасности при проведении занятий физической культуры и спортом, спортивных соревнований и спортивно-массовых мероприятий, утвержденные приказом и.о. Министра туризма и спорта Республики Казахстан от 8 сентября 2011 года №02-02-18/175//Информационно-правовая система нормативно-правовых актов Республики Казахстан Эділет URL: <http://adilet.zan.kz>.

13 Майдыков А.Ф., Старостин С.А., Баев А.А., Микеев А.К., Порфирьев Б.Н. Совершенствование системы экстренного реагирования органов внутренних дел и внутренних войск на чрезвычайные ситуации. Труды Академии МВД России. – М.: 1996 - С. 6-7.

14 Худалеев К.И. Административно-правовые меры пресечения и предупреждения массовых беспорядков. Курсовая работа. 2013. Барнаульский юридический институт - С. 9-10.

15 Шнайдер Г. [Schneider G.] Массовые беспорядки глазами криминолога // Общественные науки и современность. 1991. - №4. - С. 32-41.

16 Закон Республики Казахстан «Об органах внутренних дел Республики Казахстан» от 21 декабря 1998 года - №2707 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 07.03.2014 г.).

17 Закон Республики Казахстан «О Внутренних войсках Министерства внутренних дел Республики Казахстан» от 23 июня 1992 года - №1407-ХІІ ст. 2, 13, 21.

18 Закон Республики Казахстан «О национальной безопасности Республики Казахстан» от 6 января 2012 года №527-ІV п.п. 7 ст. 5.

19 Майдыков А.Ф. Управление органами внутренних дел при предупреждении и пресечении массовых беспорядках в населенных пунктах. Лекция. Академия МВД СССР. - М., 1985. - С. 5-7.

20 Бояркин Н.Г. Управление органами внутренних дел по предупреждению и пресечению массовых беспорядков в условиях межнациональных и межэтнических конфликтов. Автореферат диссертации. – М., 1999. (С. 40-43).

21 Лапцкицкий Ю.А. О подготовке спецподразделении МВД к чрезвычайным ситуациям // Совершенствование системы экстренного реагирования органов внутренних дел и внутренних войск на чрезвычайные ситуации. Труды академии. – М.: Изд-во Акад. МВД России, 1996. - С. 150-156.

### Түйіндеме

Мақалада жаппай іс-шараларды өткізу кезіндегі жаппай тәртіпсіздікті алдың алу шараларын өндіру бойынша мәселелер қарастырылған. Олардың алдын алып, қоғамдық пікірлерге әсер ету үшін құқықтық жағынан реттелген заңнама, құқықтық жауапкершілік туралы түсініктер мемлекеттік ұйымдар тарапынан жүзеге асырылуы тиіс және жаппай тәртіпсіздік үлкен қоғамдық резонанс алған кезде қылмыс әшкере болады. Автордың пікірінше, қауіпсіздіктің алдын алу мақсатында субъекті мен қоғамның әрекеттестігі қоғамның тұрақтылығына, әлеуметтік қатынастардың ілгерілеуіне және мемлекеттің дамуына ықпал етеді.

**Тірек сөздер:** жаппай тәртіпсіздіктер, шаралар, қоғам, кәсіби дайындық, құқық, жауапкершілік, қоғамның тұрақтылығы

### Summary

The article deals with the problems of elaboration measures from preventing mass disorders during mass events. impact on public opinion of the population to denounce the unnecessary use of violence, widely covered in the media legal consequences of the riots provided by law, an explanation susche, stvuyuschih law concerning otvet stvennosti for organizing and participating in the riots, to bring information about the crimes that have received much public resonance, cause vivid examples of international events. Since well-functioning interaction of subjects of security contributes to the stability of society, social relations and the progress of development of the state.

**Keywords:** mass disturbances, mass events, subjects participating in preparation and realization of mass events, threat of public and personal safety, decision of law-enforcement tasks, professional preparation

## ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТОПОНИМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕРІ МЕН ҰҒЫМДАРЫН ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Л.Ж. Утеленова – Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты

Автор мақалада тарихи-географиялық топонимиканың негізгі терминдері мен ұғымдарын оқу орындарында оқытудағы инновациялық мүмкіндіктерді қолданудағы тиімділіктерді негізге алып қарастырады. Сонымен қатар оқу орындарында оқытуда инновациялық мүмкіндіктерді қолдану барысында оның тиімділігін жан-жақты дәйектейді. Осы әдістерді қолдана отырып, тарихи-географиялық топонимиканың негізгі терминдері мен ұғымдарын инновациялық мүмкіндіктерді игеру процесін ұйымдастыру кезінде көрнекі құралдар басты рөл атқаратындығына автор баса назар аударады.

**Тірек сөздер:** мультимедиа, мультимедиялық технология, презентация

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, дарындылығын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны енгізуді міндеттейді [1].

Бүгінгі күні жоғары оқу орындарының басты міндеті – білікті мамандарды дайындау екендігі даусыз. Заман талабы өзгерген сайын жоғары оқу орындарына қоғам тараптарынан қойылатын талап та өзгерді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың мемлекеттің болашақ дамуына арналған «Қазақстан-2030» бағдарламасында жоғары білімнің сапалылығы, адамсүйгіштігі және жаһандануы арқылы мәдениет жасаушылық, интеграциялық рөліне ерекше мән берген болатын. Осыған байланысты елімізде жоғары білім беру саласы соңғы жылдары өзгерістерге ұшырап, жаңа бағыт ідеу жолында.

Қазіргі жаһандану кезеңінде студенттерге тарихи-географиялық білім беруді ұйымдастырудың жаңа принциптері мен ғылыми әдіс-тәсілдерінің белсенді түрін пайдалану, оқыту технологияларының инновациялық түрлерін оқу-тәрбие процесіне енгізу мәселелерін өзекті ете түсуде.

Инновациялық процестер білімді беруді сапаландырудың тасымалдаушы құрылымы ретінде педагогикалық саналық пен белсенділікті қалыптастырып, кәсіби шеберлігін шығармашылықпен үйлестіру арқылы талаптар деңгейінде еңбек еткізуге жеткізеді.

Жалпы алғанда, инновациялық процестер – бүкіл әлемнің білім беру жүйесі дамуының негізгі және қажетті тенденцияларының бірі болып табылады.

Ал енді, ЖОО-да студенттерге тарихи-географиялық білім берудегі инновация, инновациялық технологияларға келер болсақ, оқыту процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін инновациялық технологиялар мен олардың кейбір элементтерінің келесідей түрлерін атап көрсетуге борлады:

- бағдарламалы оқыту;
- дамыта оқыту;
- проблемалық оқыту;
- ақпаратты технологиялар (компьютерлі, мультимедиялық) оқыту;
- интерактивті, активті оқыту әдістері.

**Тарихи-географиялық топонимиканың негізгі терминдері мен ұғымдарын оқу орындарында оқытудағы инновациялық мүмкіндіктерін игеру процесін ұйымдастыру кезінде көрнекі құралдар басты рөл атқарады. Бұл ақпараттық көрнекілік құралдары арқылы топонимиканың негізгі терминдері мен ұғымдар жүйесін айтарлықтай кеңейтуге және тереңдетуге, оны жүйелеуге, қажетті мәліметтерді таңдауға, болып жатқан процестер, нысандар және құбылыс-**

**тардың даму қарқынын көруге мүмкіндік беретін көрнекіліктің заманауи, ыңғайлы және мобильді құралы болып табылады.**

Компьютерлік және мультимедиялық технологияларын оқу процесінің тиімділігін арттырудың бір құралы болып табылады. Бұл құрал студенттерге білімді өздігінен алуға, студенттің таным процесінің дамуына, оқу ақпараттарын және қолданылатын оқу тапсырмаларының кешенін кеңейтуге, студенттің іс-әрекетін бақылау сапасын өзгертуге мүмкіндік береді. Интерактивті компьютерлік бағдарламалар адам іс-әрекетінің барлық түрлерін белсендіруге бағытталған, материалды игеру процесін жылдамдататын ойлау, сөйлеу, физикалық іс-әрекеттерін белсенді етеді.

Компьютердің көмегімен оқыту процесіне қажетті бағдарламалар мен көріністерді құруға, тарихи-географиялық білім беру мазмұнының компоненттерін талдау мен біріктіруде шығармашылықты қолдануға мүмкіндік береді. Студенттің білім алуға деген қызығушылығын мультимедиялық презентацияларды құру арқылы арттыруға болады. ЖОО-ға студенттерге тарихи-географиялық топонимиканың негізгі терминдері мен ұғымдарын білім беру барысында мультимедиялық презентациялар өзге де инновациялық технологияларға қарағанда көп қолданылады.

Мультимедиялық презентация – аудио және видеоүзінділерді, суреттерді және интерактивтіліктің элементтерін (қабылдаушының іс-әрекетіне әсер етуші) қамтитын электронды диафильмдер болып, оқыту процесіндегі демонстрациялық материалдарды көрсетудің ең кең тараған түрі [2].

### **1-кесте. Білім алу барысында мультимедиялық технологияны қолдану**

Білім алуда мультимедиялық технологияны енгізу	
Мультимедиялық оқыту құралдары (педагогикалық құрал)	Мультимедиялық оқыту бағдарламалары
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Компьютер</li> <li>• Интерактивті тақта</li> <li>• Мультимедиялық проектор</li> <li>• Видео және аудиоманитофон</li> <li>• Ғаламторға шығу мүмкіндігі</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Электрондық оқыту бағдарламалары</li> <li>• Электрондық әдебиеттер, анықтамалар</li> <li>• Жаттықтыруға арналған бағдарламалар</li> </ul>

Мультимедиялық презентация қамтиды:

- компьютерлік анимациялар;
- иллюстрациялық қатар;
- дыбыстық қатар;
- видеофрагменттер;
- гипермәтінпен гиперсілтемелер.

Ақпаратты қабылдауға ыңғайлы болу үшін мультимедиялық презентацияға тән сюжет, сценарий және ұйымдастырылған құрылымы болады

Топоним туралы деректер тарихи құжаттарда, карталарда, жазбаларда, жылнамаларда берілуі мүмкін. Белгілі бір аумақтың топонимиясын ол өлкенің тарихын білмей, түсіну мүмкін емес. Сондықтан топонимика пәні әр кезеңдерді қамтитын тарихтың, географияның жеке салаларымен, соның ішінде Қазақстанның тарихымен тығыз байланысты болып келеді.

- кез келген тарихи-географиялық атау кеңістікте орны бар объектіге беріледі, яғни тарихи-географиялық номенклатураның карталармен тікелей байланысы бар.

- жекелеген аймақтардың топонимиясы сол аумақтардың табиғат ерекшеліктерімен, ресурстарымен, халқының ұлттық құрамымен, өзіндік тарихымен, қоныстану сипатымен, шаруашылық түрлерімен тығыз байланысты.

Жоғарыда аталғандар тарих пен географияның жеке салаларының зерттеу объектілері болып табылады. Керісінше, топонимикалық деректер арқылы байырғы ландшафт сипатын жаңғыртып, жойылып кеткен су көздері, ормандар, өсімдік жамылғысы, жануарлар туралы құнды мәліметтерді мультимедиялық презентациялар мен компьютерлік технологиялар арқылы көрсетіп, құнды мәлімет алуға болады [3].

Тарихи географиялық топонимиканың негізгі терминдері мен ұғымдарын оқып үйрену нәтижесінде:

- білім алушылар топонимикалық зерттеудің негізгі әдістерін игеріп, іс жүзінде қолдануды;
- жекелеген аумақтардың топонимиялық жүйелерін сипаттауды;
- жергілікті жерде топонимдерді жинақтап, тізбесін құрастыруды және қысқаша сипаттама бере білуді;

➤ географиялық, картографиялық, тарихи, тіл білімі және басқа ақпарат көздерінен алған деректерді топонимдерді талдауда қолдана білуді;

Қорыта келгенде, қазіргі таңда инновациялық мүмкіндіктерді топонимиканың терминдері мен ұғымдарын түсіндіруде маңызы зор. Тек мультимедиялық және компьютерлік технологиялармен ғана шектеліп қалмай, сонымен қатар теория мен практикада оқытушының оқыту іс-әрекетінен студенттің инновациялық іс-әрекетіне назар аударылып, студенттердің оқу жұмысын белсендіру, олардың оқып-үйренуге деген талпынысы, өзін-өзі кәсіби белсенділік қағидасын іске асыру талаптары туындайды. Білім беру жүйесінің белсенді оқыту тәжірибесі көрсеткендей, оның формалары, әдістері мен құралдары көмегімен дәстүрлі оқыту жүйесінде қол жеткізілуі қиын болған бірқатар міндеттерді нәтижелі түрде шешуге болады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Біздің міндетіміз - бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу» - деген ойын басшылыққа ала отырып жаңа заман форматындағы құзіретті тұлғаны тәрбиелеу ұстаз міндеті деп есептеймін.

*1 Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы, утвержденная Указом Президента РК Назарбаева Н.А. №1118 от 07.12.2010.*

*2 Рыбакова В.И. Инновационная деятельность в образовании. Проблемы управления. - Ярославль, 1996.*

*3 Каймулдинова К.Д. Топонимика. – А.: Дәуір, 2011 – 266 б.*

### **Резюме**

В статье рассматриваются основные особенности использования новых технологий и методов в учебном процессе. Одна из наиболее эффективных форм представления учебного материала мультимедийная технология, дающая возможность преподавателю проявить творчество, индивидуальность и позволяет использовать преподавателю новые обучающие методики, новые инструменты и новые ресурсы.

**Ключевые слова:** мультимедиа, мультимедийная технология, презентация.

### **Summary**

In article the main features of use innovative technologies in educational process are considered. One of the most effective forms of representation of a training material the multimedia technology giving the chance to the teacher to show creativity, identity and allows to use to the teacher the new training techniques, new tools and new resources.

**The key words:** Multimedia, multimedia technology, presentation.

## СЫН-ПІКІР РЕЦЕНЗИИ

### ХАНГЕЛДІ ӘБЖАНОВ. ҚАЗАҚСТАН: ҰЛТТЫҚ ТАРИХ, ИДЕЯ, МЕТОДОЛОГИЯ Алматы: «Елтаным баспасы», 2014

Ә.Н. Құдайбергенов – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры, т.ғ.д.*

Мақалада автор Хангелді Әбжановтың «Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология» еңбегіне пікір білдіре отырып, еңбектегі автордың Қазақстан тарихына қатысты пікірлеріне тоқталған. Атап айтқанда автордың еңбегінде соңғы кездерде жарық көрген зерттеулерде қазақ мемлекеттігін Ақ Ордадан, Орыс ханнан бастауды дәйектеген пікірлердің теориялық-методологиялық жағынан ақиқатқа апаратын ұмтылыс емес екенін нақты дәлелдермен негіз-дегендігін алға тарқан. Сонымен қатар еңбектің Қазақстан тарихындағы орны зор екеніне баса назар аударған.

**Тірек сөздер:** мемлекет, саясат, тарих, тұлға, тарихнама, методология, мұра, Жолдау, стратегия, міндет, идея, қоғам, дәуір, өркениет, Мәңгілік Ел, парламент, руханият, тәуелсіздік, элита, интеллигенция, зерттеу, өнер, сапа, ғылым, ғылым, мақсат, халық

2013 жылы маусым айының басында Астанада Мемлекеттік хатшы Марат Тажинның төрағалығымен өткен ведомстволарлық жұмыс тобының кеңейтілген отырысында Қазақстан Республикасының ұлттық тарихын зерделеудің өзекті мәселелері талқыланғаны белгілі. Бұл жиын мемлекетіміздің тарих ғылымына ерекше ықылас танытатындығын тағы бір мәрте дәлелдеді. Ұлттық рухани оянуына мемлекет тікелей өзі мұрындық болғанын көрсетті. Осы отырыста Мемлекеттік хатшының баяндамасында тұжырымдамалық идеялар тарихшылар арасында үлкен серпіліс туғызды. Әсіресе, «Тарих толқынындағы халық» деген атпен тарихи зерттеулердің арнаулы бағдарламасы жасалатыны отандық тарих ғылымын жаңа сатыға көтерілетініне сенім ұялатты.

Жалпы ұлттық тарихты зерделеуге қатысты жиында тарихшылар тарапынан бұл салада шешімін табатын проблемалар баса айтылды. Бүгінде ұлттық тарихты ұлықтауда, методологиялық бағыт-бағдар беруде Елбасының еңбектері мен сөйлеген сөздерін басшылыққа алудың маңызы айрықша болып отыр. Мәселен, мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында сөйлеген сөзінде... «Қазақтардың ұлттық тарихы, олардың этногенезі мыңдаған жылдарға созылған бірегей ажырамайтын үдеріс ретінде қарастырылуға тиіс. Осы тұрғыда қазіргі заманғы Қазақстан Ұлы дала өркениетінің ежелден келе жатқан шешуші мұрагерлерінің бірі ретінде заңды түрде көрініс табу керек» - деп нықтап айтуы қазақстандық тарихшылардың қызм етуі негіз болатын міндет болды.

Астанада өткен алқалы жиыннан бергі бір жылдан аса уақытта баспа сөз беттерінде, арнаулы конференциялар, семинар-тренингтерде Отан тарихы проблемалары қызу талқыланды, ұсыныс-пікірлер айтылды, кітаптар жазыла бастады.

2014 жылы «Елтаным» баспасында жарық көрген тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚҰҒА-ның корреспондент-мүшесі Хангелді Махмұтұлы Әбжановтың: «Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология» атты кітабы жарық көрді. Тарихи сана мен жадыны қалыптастыратын, нақты деректерге негізделген, шынайы тұжырымдар жасалған бұл еңбегінде Қазақстан тарихының өзекті проблемалары қарастырылған. Еңбектің қысқаша мазмұнына тоқтайтын болсақ.

Автор зерттеу нысаны мен пәнін дәл тануға негіз болып қаланатын әрі қолданылатын ғылыми ережені, бастапқы қағидалары «ұстамдық» ұғымына сыйғызып, Қазақстан тарихын зерттегенде халық пен тұлғаның орнын анықтау, мемлекеттік биліктің түрі мен құрылымын, әлеуметтік негізі мен қызметін, мәні мен ерекшелігін әр кезеңге қарай зерттеу, кез келген дамудың мазмұны мен нәтижесі сабақтастықта болатын қағидаларды қаперден шығармау керектігіне назар аударады.

Ұлт тарихын ғылыми негізде дәуірлеудің айрықша маңызды екенін, өткен күннің қорытындысы мен сабағынан оң тағылым жол ашатындығын Елбасы Н.Назарбаевтың «Тарих толқынында» еске салғаны, біздің аумақтағы руханияттың алты мың жылғы дамуын он екі кезеңге талдағаны белгілі.

Кітапта халқының, тіпті адамзаттың тарихын қат-қабат оқиғалардың тізбегі ретінде ғана ұғынбай, оған тән заңдылықтарды, белестерді мәнді сипаттарды ашуға талпыну арғы қазақтар ортасында ертеден орын тапқан дәстүр екенін Күлтегін ескерткішінің мәтінінде қағанаттың тарихы төрт дәуірге бөлінгендігі айтылады.

Мемлекеттік тәуелсіздіктің жариялануымен Отан тарихын дәуірлеу мәселесін академик М.Қозыбаев көтеріп, тоғыз дәуірді қарастырғаны тарихшыларға белгілі.

Автор қазақ мемлекеттілігінің тарихын ғылыми таным биігінен дәуірлегенде басты методологиялық ұстанымдарға мемлекеттік тәуелсіздік, аумақтық орналасуы, қоғам мүшелерінің еркіндігі, биліктің тармақталуы, заңның әділдігі мен қолданылуы, жеке тұлғаның тарихтағы рөлі, елдің ішкі-сыртқы бәсекеге қабылеттілігі мәселерін жатқызады.

Автор еңбегінде соңғы кездерде жарық көрген зерттеулерде қазақ мемлекеттігін Ақ Ордадан, Орыс ханнан бастауды дәйектеген пікірлердің теориялық-методологиялық жағынан ақиқатқа апаратын ұмтылыс емес екенін нақты дәлелдермен негіздеген.

Профессор Х.М. Әбжанов қазақ мемлекеттігін қазақ хандығының өмірге келуімен байланыстырып, бес дәуірге : 1465-1466 жылдар - қазақ хандығының құрылуы, 1718-1747 жылдар - сындарлы дәуір, 1747-1920 жылдар - мемлекетсіз әкімшілік дәуір, 1920-1991 жылдар - номиналды дәуір, 1991 ж, 16 желтоқсан - тәуелсіз мемлекет - бөліп қарастырған.

Автордың келтірілген материалдардан ұлттық мемлекеттің даму процестеріне байланысты ой-тұжырымдары - әр дәуірдің өзіне лайық іштей жетілуі, жаңа құбылыстардың тереңдей түсуі, құрылымдық, өңірлік ерекшеліктерінің нәтижесі екенін көреміз.

Кітапта «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы туралы ой-пікірлер кеңінен орын алған. Мұнда ұлттық идея мәселесінің мәні, қазақстандағы ұлттық идеяның тарихы, дәуірлері, әр дәуірде ұлттық идеяның іске асу-аспау көріністері, оған қойылатын талаптар баяндалған.

Ұлттық идеяға байланысты автордың жасаған басты қорытындысы – мың өліп, мың тірілумен азаттыққа жеткен қазақтың тағдыранықтағыш ұлттық идеясы Қазақстанда ғана өз жемісін беретіндігі және қазақтарға, Қазақстанға ұлттық идеяны ұстану бұлжымас заңдылық деп пайымдайды, Көлдей жайылып келе жатқан жаһанданудың табаныныда жаншылып қалмау үшін де ұлттық идеяның өзектілігімен қажеттілігі күн сайын артып келетіндігі.

«Мәңгілік ел - кемел келешек идеясы» бөлімінде автор Президентіміздің «Қазақстан-2050 стратегиясы аясындағы басты мақсаттың, түп мүдденің, армандай болашақтың берер жемісінің сыны мен сырын ашып бергеніне, Елбасы Н.Назарбаевтың: «Біз үшін блашағымызға бағдар ететін ұлтты ұйыстрып ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол «Мәңгілік ел» идеясы деген пікірінің маңызына тоқталған.

Автор ұлттық идея туралы ізденістің тоқтамағаны, олардың қоғамдық санаға игі әсер еткенін көрсете келе, мемлекеттік биліктің қолдауымен ұлттық идея тамырына қан жүгіргеніне Президентіміздің халыққа «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ Жолдауындағы: «Мәңгілік Ел», – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы» - дегені анық дәлелі еді. Президенттің бұл тұжырымдамасының ішкі сырын автор былай ашады. Мұндағы «ұлттық ұғым түсінігі барша Қазақстан халқын қамтыған мағнаны білдірсе, Мәңгілік Ел идеясы мемлекет құрушы халықтың сан ғасырлық құндылығын ұлықтаудың, көпұлтты, көпдінді ақуалымызды, бірде-бір этносқа қандай ғана болмасын басымдық берілмейтінін меңзейді. Сөйтіп, жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның бағыт-бағдарын, межесі мен мәресін айқындайтын ірге тасқа төл тарихымыздың қойнауында қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа аманатталған, бәсеке мен сынақтардан шыңдалумен бүгінге жеткен бабалар арманы қаланды» - деп қорытынды жасалған.

«Алаш және ұлттық идея» төңірегінде автор: «ұлттық мақсат-мұратқа, яғни ұлттық идеяға адалдық, жанкештік, интеллектуалдық биік өремен ағымдағы, кезек күттірмейтін қазіргі және болашақтағы міндеттерді айқындай білу – бүгінгі алаш тағылымының ең құндылары» - деген қорытындыға келеді.

«Қазақ зиялысы, Ұлттық элита» туралы автор қазақ зиялысы қашан пайда болып, қалай қалыптасты? Ол дәстүрлі қоғам перзенті ме, жоқ әлде отарлаумен туған құбылыс па? деген сұрақтарға жауапты қазақ этногенезінің қойнауынан іздеу керек екендігін көрсетеді. Ұлт зиялылары тарихы мен тағдыры кезеңдеріне шолу жасап, «интеллигенция», «зиялылар», «мамандар» деген ұғым-терминдердің мән-мағнасына қатысты методологиялық тұғырнамасын ұсынады.

Ұлттық саяси элитаға кім жатады? Қай кезде пайда болады? деген сұраққа автор: мемлекеттің пайда болуы мен ұлттық саяси элитаның бір мезгілде жүретініне айғақ дәлелдер келтіреді. Сонымен бірге болашақ ұлттық элитаның қатарында қазақ мұратына қалтқысыз берілген басқа ұлттың өкілдері де жүргені құттайтынын көреміз. Әрине, бұл ұсынысты автордың өз пікірі деп түсіну керек.

«Халық қасіреті мен тарих ақиқаты» тарауында ашаршылық. Желтоқсан – тәуелсіздік қарлығышы, мәдениет және «Мәдени мұра» туралы автордың ой-пікірлері, тұжырымдары келтірілген. Әсіресе, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық зардаптарының себептері көрсетілген. Автор 1931-1933 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық – адамзатқа қарсы жасалған қылмыс, ғаламдық қасірет деп бағалап, бұған кінәлі – шексіз билікті иеленген Сталин және оның айналасындағылар, осылар жүргізген аграрлық, кадрлық, ұлттық, ішкі және халықаралық саясат, Қазақстандағы ашаршылықтың архитекторы – Кремльдің қолшоқпары Ф.И.Голощёкин екендігі көптеген фактолармен дәлелденген. Ол Қазақстанда тоталитарлық тәртіптің барлық мәнді белгілерін, ең бастысы - адамды биліктен, құқықтан, қарапайым еркіндіктен айырып, қорғансыздық тың күнін орнатты деген.

Қазақ жастарының кәтерілісінің себептері мен маңызына тоқталған автор 1991 жылғы 12 жел-



тоқсанда «Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсанның 17-18-індегі оқиғаларға қатысқаны үшін жауаптылыққа тартылған азаматтарды ақтау туралы» Қазақстан республикасының Президенті Н.Назарбаев қол қойған Жарлықтың күні бүгінге дейін өзектілігін жоймаған, қағидаттары мол құжат екенін көрсеткен. Желтоқсан көтерілісіне түбегейлі оң көзқарас пен бетбұрыстың саяси-құқықтық негізін қалаған басты құжат деп баға берген.

Бұл тақырыпқа байланысты айта кететін мәселе – ол қазақ жастарының 1986 жылғы бас көтеруін сипаты жағынан қалай атауға болады? Бұл көтеріліс пе, қозғалыс па деген сұрақ автор назарынан тыс қалғаны белгісіз.

«Мәдениет – ұлт болмысы» бөлімінде мәдениет саласының білгірі, атақты мәдениеттанушы Х.Әбжановтың мәдениет туралы ой тұжырымдарына толық тоқтауға мүмкіндік болмағандықтан негізгі ұстанымдарын қарастырмақпыз. Мәдениет туралы анықтаманың көптігіне қарамастан, оқушыға автордың мәдениетке жан-жақты берген өз анықтамасы, мәдениеттің байлығы ұрпақтан ұрпаққа жалғасуы мен мәдени мұраға айналу жолдары, мәдени мұраның тегі, түрі, қазынасы туралы ой-пікірлері, методологиялық тұжырымдары терең және маңызды.

Автор Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырысымен 2004 жылы дүниеге келген «Мәдени мұра» бағдарламасының маңызына тоқтала келіп, оның жеті кереметіне тоқталған.

Автор «Мәдени мұра» бағдарламасын аға ұрпақ өкілдері кейінгі толқын жастар үшін жүзеге асырып отырғанын – осындай үлгі-өнегені Тәуелсіздік өрендері лайықты жалғастырса деп армандайды.

«Мәдени мұра» танымдық мәні мен тағылымы күннен-күнге ашылу үстінде, бірақ алар асулар әлі алда. «Біз, - деді Н.Назарбаев, - келер ұрпақтарымыз ұдайы жалғастыруға тиісті, ұлы істі бастап бердік. Алыс жол алғашқы адымнан. Ол тоқтамайды да».

«Тұлғатану методологиясы» тарауында тарих және тұлға мәселесі қарастырылады. Автордың пайымдауынша, тұлға дегеніміз - өзіне тәуелді емес объективті әлемдегі(ортадағы) қажеттілікті (экономикалық, ғылыми, саяси, өндірістік т.б.,с.с.! практикалық, қолданбалық, теориялық-шығармашылық жаңашылдықпен шешкен (жүзеге асырған) немесе шешу (жүзеге асыру) жолын дұрыс нұсқаған әлеуметтік субъект. Арғызақтар дәуірінен тартып Отан тарихында тұлғалар жалғастығы үзілмегені көрсетілген.

Шынында, тұлғатану саланы зерттеудің маңыздылығы ерекше. Мұнда халықтың даналығы, тарихтың сабағы, қоғамның болмыс-бітімі, уақыт пен кеңістіктегі мәңгі қозғалыстың ізі, идея мен нәтижедегі ілгерілеу тәжірибесі жатыр.

«Шоқан – тұлғатанушы» бөлімінде. Шоқан ғылым тарихындағы ұлы тұлға ғана емес, тарихтағы ұлы тұлғаны танудың үздік үлгісін көрсеткен жасампаз ойшыл екені дәлелденген.

Кітапта тұлға қатарына қосатын қасиеттер жайлы Шоканның ойларының құндылығы көрсетілген. Ғалымның ойынша, тұлға болу үшін ақыл да, қайрат та, тапқырлық та, ержүректік те, мінез де үйлесіп, ұштасып жатуы керек.

«Қаныш Сәтбаев құбылысы» бөлімінде автор академик Қ.Сәтпаевтың қазақ халқының өркениеттік-интеллектуалдық дамуындағы Шоқан Уалихановтан кейінгі ерекше құбылыс екенін мойындағанын көреміз. Ал Қ.Сәтбаев құбылысы деген не? деген сұрақты автор толық қамтыған, ол – ерекше дарынды, талантты тұлғаның ізденісімен, қайраткерлігімен дүниеге келген, мемлекет пен азаматтардың тағдырына айтулы әсер еткен, бәсекеге қабылеттілікті арттырған әрі ілгерілеуге септескен құндылық деп жауап береді және бұл құбылыстың сегіз қырына жан-жақты тоқталған.

Кітаптың «Тұғырлы тұлғалар» тарауында Абылай хан, Қазыбек би, Дінмұхамед Қонаев, Жұмабек Ташеновтер сияқты тұлғалардың тарихи сананы қалыптастыруға, қазақ елінің тұтастығын сақтаудағы мемлекетін нығайтудағы еңбектері баяндалады.

Абылай – ұлттық тарихымыздағы қатпарлы қалың күрделі құбылыс екенін ескере отырып, автор Абылайдың 70-жылдық өмірін 4 кезеңге бөле арнайы зерттеуді ұсынады. Әсіресе,соңғы үш кезеңінде мемлекет тарихы мен тағдырына ықпалы пәрменді болғанын көреміз. Сондықтан, Елбасының: «Мемлекет тарихын данқты бабалар жүріп өткен жолдың бұраланы мен бұлтарысын, қилы кезеңдері мен тағдырлы шешімдерін, ақтандақ беттері мен дара тұлғаларының қайраткерлік өнегесін біліп өткен ұрпақ қана өзіне тиесілі замана жүгін дйттеген мәжесіне абыроймен жеткізе алады» - деген пайымының методология танымдық бәсі мейлінше жоғары.

Автор ғасырлар тоғысында ақылы асқан Қазыбек Қазақ хандығының өміріне, ішкі-сыртқы саясатын анықтауда, қоғамның бейбіт те ырғақты дамуын қамтамасыз етуге зор ықпалы бар тұлғаға айналғанын жан-жақты көрсете білген. Қаз дауысты Қазыбек би кезінде А.Байтұрсынов көрсеткен сөз өнерінің бес түріне де өзіндік үлесін, қайталанбас қолтаңбасын қалтырған майталман шешен екендігі көптеген деректермен дәлелденген. Сондықтан да төл тарихымыз Қазбек бидің есімі мен ісін халық

жадынан өшірілмеді. Тәуелсіздік өмірдің жастары сөз өнерінің құдіретті күш екенін осындай тұлғалардан көруге, үйренуге тиіс.

Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевты тұғырлы тұлға ретінде көрсеткен. Оның мұрасына, тағылымына терең талдау жасалған. Сонымен қатар, автор Д.Құнаевты асыра сілтеуден аулақ объективті баға беруге тырысқан, Мұндай пікір «Егемен Қазақстан» газетінің биылғы жылғы 14 мамырдағы Президент көмекшісі Мұхтар Құл-Мұхамедтің «Дара тұлға» деген мақаласында да көрініс тапқан.

Қазақстанға, қазақ халқына сіңірген еңбегі лайық бағаланбаған XX ғасыр басындағы саяси үдерістердің нағыз серкелері сияқты таутұлғалардың қатарында Жұмабек Тәшенов тұр делінген кітапта. Шын мәнінде ол қандай тұлға? Ол туралы халық қаһарманы С.Нұрмағанбетов былайша толғаныпты: «XX ғасырдың 50-60 жылдар межесінде қазақ халқы үшін өлім мен өмір бетпе-бет келгендей күн туғаны тарихтан белгілі. Тың өлкесін құрап отырған солтүстіктегі бес облысты Ресей құрамына беру талқылауға түскенде, Жұмабек Ташенов: «Солтүстік облыстарды Ресейге қоса салу қазақты қорлау, намысын жер ету, қалыптасқан шаруашылық – экономикалық қарым-қатынастарды біржолата құрту деген сөз. Халықтың тағдырына балта шабумен бірдей», - дегенді ашық айтқан Ж.Ташенов екенін көреміз. Сондықтан, Жүмекеңнің өз елі, халқы үшін істеген орасан ісі халық есінде мәңгі сақталып, ұлттық тағдыр төрінен орын алып, тарихымыздың үздік азаматтарының қатарында өмір бақи жасайтынына С.Нұрмағанбетов кәміл сенім білдірген болатын.

Біздің пікіріміз, ұлы тұлға Ж.Ташенов жасаған қызметі, есімі мен ісін жастардың санасына құю үшін мектеп оқушыларына міндетті түрде енгізу қажет.

«Әйгілі тарихшылар» деп аталатын тарауда академиктер Серікбай Бейсенбаев, Манаш Қозыбаев, Рамазан Сүлейменовтер сияқты аға ұрпақ тарихшы ғалымдардың тағдыры мен ғылыми еңбектеріне сараптама жасалған.

Кітаптың соңғы тарауында автордың азаттық тарихының методологиясын, басты-басты ұстанымдарын қалыптастыруда Елбасымыз Н.Назарбаевтың үлесі зор екенін, оның Тәуелсіздік кезіндегі саяси-экономикалық шаралары, идеялары Отандық тарих ғылымының ізденістеріне де соны серпін бергенін ешкім бекерлей алмайды деген пікірге толық қосыламыз. «Тарих толқынында», «Сындарлы 10 жыл», «Қазақстан жолы» кітаптары заманауи үдерістің заңдылықтары мен қиыншылықтарына жаңа методологиямен бойлаудың тамаша үлгісі болғаны шындық.

Әлемдік және Отандық тәжірибесін зерделей отыра автор мәні мен көздеген мақсатына жеткен-жетпегеніне қарай азаттық дәуірінің үш кезеңінен тұратынын көрсеткен. Бірі – номиналды азаттық, екіншісі - сындарлы азаттық, үшіншісі – шынайы азаттық. Автордың пайымдауынша, біз әзірге дамыған, шынайы азат елдер қатарына қосылмасақта озат та өміршең құндылықтарды игеруге бейімделіп, болашақ даму бағытын таңдау негізінде анықталған сындарлы қазақстандық жол басында келеміз. Елбасының сөзімен айтсақ, «біз бұл кезеңде экономикамыздың дәстүрлі салаларының қарқынды өсімін қамтамасыз етіп, қуатты индустриялық өңдеуші сектор құрамыз».

Азаттық тарихын зерттеу методологиясына қойылатын биік талаптың мандайалдысы – тәуелсіз елімізге тән ерекшеліктерді артта қалған дәурлермен, бүгінгі елішілік, халыаралық ахуалмен сабақтастықта, сәйкестікте, айырымда дәлме-дәл тани алу. Бүгінде методология Отан тарихына тән ерекшеліктерді туындатқан адам факторын бірінші кезекте мемлекет құрушы ұлт факторын сандық-сапалық, салыстыру – шендестіру, кешенді-жүйелік тәрізді қарымы мол ұстанымдармен басты зерттеу пәні мен нысанасына айналдырғанда тарих ғылымының интеллектуалдық әлеуетін арттырары әрі сындарлы азаттықтың болашағына қызмет етері күмән туғызбайды» - деген пікірін толық қолдаймыз.

Методология және ұлттық мүдде, ұлт тарихы және әлемдік үдерістер төңірегіндегі автордың тұжырымдары жан-жақты. Солардың негізгілеріне тоқталсақ. Қазіргі Қазақстанда халықтың үштен екісін қазақтар құрып отырғандықтан ұлттық мүдде ұғым түсінігін мемлекеттік мүдде ретінде қабылдауға толық негіз бар. Екіншіден, қазақтар елдегі бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етіп отырғанын, мемлекеттік мәртебесі бар тілі барша қазақстандықтарды ұйыстырушы тіл болу керектігін азаттық тарихын зерттеу методологиясына айналдыру; жаһандану тұсындағы методология ұлттық таным шеңберінде қалумен іргелі нәтижелерге қол жеткізе бермейді. Жаңа әлемнің өзара әсері мен байланысы қанша артса, ғылыми танымның методологиясы да соншалықты ықпалдастықпен баюы керек.

Кітапта қазіргі кездегі негізгі міндеттері көрсетіліп, межелері анықталған. Тәуелсіздік пен мемлекеттіліктің бір де болса бірегей нышаны – төл тарихтың бары мен жоғын бұрмалаусыз, тек ақиқат биігінен зерделеу. Өткеннің тәжірибесі мен тағылымы қаншалықты әділ зерттелсе пәм насихатталса, тарихи санасы оң қалыптасқан халық бүгінгі үдерістің соншалықты белсенді әрі өскелен субъектісі бола алаты-

нын өмір көрсетіп отыр. Жаһандаудың, тәуелсіздіктің шығармашылық еркіндіктің артықшылықтары мен жасампаз әулетіне сүйенген ғалымдар қысқа мерзімде тоталитарлық ойлау және жазу дағдысы аясынан шығып қана қоймай, өткеннің тағылымы мен тәжірибесін ғылыми танудың әлемдік озық үлгіліріне сай еңбек етуге қабылетті екенін көреміз.

Автор зерттеушілердің қиялы мен қаламына қанат бітірген бірнеше ішкі және сыртқы факторларды атаған. Қазақстанның тарих ғылымына, халықтың тарихи ой-санасын сапалы жаңа белеске көтерген фактор елдің ішінде пісіп-жетілгенін, ілгерілеу мен ізденістің өрлеуіне Президенттік фактордың маңызды екенін көрсеткені құптарлық. Кітапта тарих ғылымы мен тәлімін замана талабына сай кәдеге жаратудың пәрменді үш тетігі көрсетілген: біріншісі – үдерісті заң күшімен, материалдық шешіммен мемлекеттік реттеу; екіншісі – ғалымдардың қарымымен кәсіби зерттеу; үшіншісі - білім, өнер, БАК жүйесімен еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін қамтып, санасына, жүрегіне сіңіру.

Тарихшы ғалымдар инновациялық дамуға бет түзеген Қазақстан халқының рухани-интеллектуалдық кемелденуі мен сұранысына жауап беретін биіктіктен көріну мақсатында 10 томнан тұратын «Отан тарихы» академиялық басылымы даярланатыны, оның бұрынғы басылымдардан бес түрлі ерекшеліктері айтылған. Оның ең негізгі ерекшелігі - тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел! етуді мұрат қылған жұлдызды сәтте жазылмақ. Жүк ауыр да жауапты.

Кітапта қазіргі кезеңде тарихшы-мамандарға қандай талаптарға сай болу керектігі көрсетілген. Заманауи тарихшы өз кәсібінің аясында томаға-тұйық оқшауланбай, барша қоғамдық-гуманитарлық, ретін тауып, жаратылыстану, техникалық ғылымдардың қолданбалы-практикалық, теориялық шығармашылық мүмкіндіктерін кәдеге жаратса толымд пікір айта алады. Бүгінгі тарихшы өз заманының ғылымы мен білімінің, техникасы мен технологияларының тетігін түсінбей дйттеген мақсатына жетпейді.

Елбасы еңбектеріне тән дәстүр, жанашылық, методология деңгейіне көтерілу – бүгінгі тарихшы-ғалымдар алдында тұрған міндеттердің өзек жардысы.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы үздік дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатын көздеген жағдайда тарихшылар да өз үлесінен құр қалмауы заңды. Ол үшін жаңалық ашуды, ақиқатты табуды орындаушы жасампаз күшке айналуы қажет.

Пікірімізді қорыта айтсақ, кітапта Отан тарихының өзекті проблемалары қамтылған. Олар – ұлттық тарихты зерттеу методологиялық ұстанымдар, ұлт тарихы мен ұлттық мемлекеттікті дәуірлеу, тарихи сана мен таным, ұлттық идея, Мәңгілік Ел, ұлттық элита, ашаршылық және желтоқсан қасреттері, тұлғатану методологиясы, тәуелсіз Қазақстан тарихының міндеттері мен межелері. Осы аталған мәселелердің төңірегінде автордың ой-пікірі мен ұстанымдары Қазақстан тарихын танымдық және тағылымдық тұрғыда жаңаша қарауға мүмкіндік береді, заманауи талаптарға сай жазылатын көптомдыққа септігін тигізетіні сөзсіз. Әрине, автордың кейбір тұжырымдары қатып-сеніп қалған аксиома деуден аулақпыз. Мысалы, Қазақ хандығының қай кезден бастау алуы, қазақ мемлекетінің кезеңдерінің атаулары, жазылатын 10 томдық тарихымыздың қалай аталуы, кейбір тарихи тұлғалар туралы ортақ пікір болмауы.

Профессор Х.Әбжановтың бұл еңбегінің құнды болуы автордың көп жылдық ғылыми ізденістері мен ұстаздық қызметтерінің нәтижесі екені сөзсіз. Бұл еңбекті студенттерге, магистранттарға оқулық құрал ретінде ұсынуға болады. Мұнда көптеген тарихи-философиялық терминдердің анықтамасы берілген.

Ғылыми еңбек болса да, кітап оқуға жеңіл, тілі жатық, Автор қазақ тілінің сөз байлығын кең менгере білген, мақал-мәтелдер, афоризмдер тарихи уақиғаларға байланысты орынды қолданылған, Біздің пікірімізше, мұндай еңбек орыс, ағылшын тілдеріне аударылса, қазақтың тарихына қызығушылықпен қарайтын басқа ұлт өкілдеріне мүмкіндік туар еді.

#### **Резюме**

Дана рецензия на книгу профессора Х.Абжанова «Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология», которая посвящена актуальным проблемам истории Казахстана, методологии её изучения. Также автор подчеркивает, что исследователь в своей книге затрагивает такие вопросы национальной истории, как национальная идея, национальная элита. Рекомендуются перевод книги на русский и английский языки.

**Ключевые слова:** государство, политика, история, личность, историография, әдістеме, наследие, Послание, стратегия, задача, идея, общество, эпоха, цивилизация, парламент, независимость, элита, интеллигенция, исследование, искусство, качество, наука, цель, народ

#### **Summary**

Is given a review of the book by Professor H.Abzhanov "Kazakhstan: national history, idea, methodology," which is devoted to topical problems of the history of Kazakhstan and the methodology of its study.

It is recommended translating the book to Russian and English languages.

**Keywords:** the state, politics, history, identity, historiography, distime, heritage, Message, strategy, task, idea, company, age, civilization, Parliament, independence, elites, intellectuals, research, science, objective